

Сәкен  
СЕЙФУЛЛИН

---

---

Бірінші том

Өлеңдер мен дастандар

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат жөнө қоғамдық кеңістім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылым отыр.*

**Сейфуллин С**

**С 32 Көп томдық шыгармалар жинағы.— Т. 1: Өлеңдер мен дастандар. Алматы: Жазушы, 2002. 192-бет**

Қазак поэзиясының классигі Сәкен Сейфуллиннің бүгін кітабына «Көкшетау», «Аккудын айырылуы», «Қызыл ат» дастандары мен таңдауды өлеңдері еніп отыр.

ISBN 5-605-01137-5 (общ).  
ISBN 5-605-01774-8 (1 том).

С 4702252525-037  
402(05)-02 құлактандырусыз —2002

**ББК 84 Қаз 7-5**

ISBN 5-605-01137-5 (общ).  
ISBN 5-605-01774-8 (1 том).

© «Жазушы» баспасы, 2002

# I

## КӨКШЕТАУ\*

(Дастан)

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.  
Жан-жактан ертелі-кеш бүлгітар келіп,  
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,  
Әркайсы алтын кесе аясында,  
Ауасы дертке дауа, жұпар иісін  
Көкірек қанша жұтса, тоясын ба?

Үрғалған көкке бойлап қарағайы,  
Касында көк желекті әппак қайын,  
Жібектей желмен шарпып төніректі.  
Балқытып мас қылады иіс майы.

Карағай биік шынды қиялаған,  
Еш адам оны барып кия алмаған,  
Шанқылдап тау жанғыртып, шынға конып,  
Жалғыз-ак көк каршыға ұялаған.

Кекпенкөк шың басынан мұнар кетпес,  
Басына атсан дағы оғын жетпес.  
Бір жұтсан Көкшетаудың жұпарынан,  
Әлгенше көкірегіннен күмар кетпес.

—  
КЕЛІМДЕСІНШІ беріліп отыр.

Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші,  
Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп,  
Суретті шежіресі өткен күннің,  
Сілекей ағызады ертегісі.

Талай сыр ертегіні ел айтады,  
Ызында таудан сокқан жел айтады.  
Сырласып сыйырласкан жапырактар  
Күндіз-тұн күнціренген көл айтады.

Толғанып тәмен қарап шал айтады,  
Тамсанып-таңырқанып бала айтады.  
Тау-тасты тұнжыраған күә қылып,  
От басы катын-қалаш – бәрі айтады.

Ертегі болмаса да хатта қалған,  
Аузында шежіренің – картта қалған.  
Карттардың баян қылған өнгімесін  
Есіткен кейінгілер жаттап алған.

### Жеке батыр

Болыпты баяғыда Жеке батыр ...  
Тау бағып жатады еken тігіп шатыр.  
Бір күні қарауылда қалғып кетіл,  
Сол батыр<sup>1</sup> бүгінгеше үйықтап жатыр.

Сол батыр осы күні бір үлкен тау,  
Кез жұмған көкке қарап сирі үлкен тау.  
«Үйктаған батыр» дейді таудың атын,  
Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.

Батырдың қырыққа таяу келген жасы,  
Денесі биік жота, таудай басы,  
Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,  
Киюлі баста жатыр дулығасы.

### Бурабай

Тағы бір акбас бура – емес атан,  
Жүріпті Көкшетауды қылып Отан.  
Мұны да «көзі көрген» карт айтады,  
Тыңдаған әлеуметке алка-котан.

<sup>1</sup> Үйктаған батыр (Спящий рыцарь) деген тас бар

Тағы екен жанға ұстаптай жүрген кашып,  
Құркіреп тұрады екен көбік шашып,  
Бір көлді мекен қылып құнде келіп,  
Су ішіп кетеді екен алшан басып.

Дүниеде әрбір бөлек жердің аты.  
Себеппен қойған бәрі елдің аты;  
Бурабай атаныпты содан бері  
Ақ бура мекен қылған көлдің аты.

Мөп-мөлдір Бурабайдың сұы күміс,  
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.  
Мінбелеп қоршалаған шымылдыктай  
Карағай, кайын менен қалын жыныс.

Ақ көбік көпіреді күміс судан,  
Сан сұлу сол көбікпен бетін жуған;  
Көл басы бірде күнкіл, бірде у-шу,  
Әнгіме, сансыз сырлы ертек туған.

Ақ бура көп жыл тауды қылған мекен  
«Бір үлкен іс боларда сезеді екен».  
Ол істі елге айтканда манайдағы,  
Бақсыдай тауды азынап кезеді екен...

Шабысып бірін-бірі ел қуар болса.  
Не өлмек, не бір батыр туар болса,  
Немесе бір апатка ел ұшырап,  
Кәрі-жас бетін жаспен жуар болса,

Бақсыдай бура азынап жүреді екен,  
Мал шулап, иттер ұлып үреді екен.  
Калың ел манайдығы құрбан шалып,  
Құлакты алдағы іске түреді екен.

Қара бұлт тауды төніп басады екен,  
Құркіреп жерге зәрін шашады екен.  
Аспаннан қып-қызыл от жерге шашып,  
Таудағы аң пана таппай сасады екен.

Білген сон бураның бұл қасиетін,  
Үлкеннің кіші тыңдал өситетін,

Тұнеріп долы бұлттай қүрілдеген  
Бураға болмапты енді жұрт тиетін.

Баласы Абылайдың Қасым төре,  
Жасынан сотқарлығы басым төре,  
Бір күні тау ішінде келе жатты,  
Өзіндей бір топ жігіт қасында ере.

Бәрінің асынғаны қару-жарак,  
Соктықкан өнкей сотқар жалақ-жалақ.  
Найзамен неше түрлі ат үстінде  
Ойын ғып келе жатқан көлді жанап.

Тастарды, ағаштарды қылып қарак,  
Ысқыртып келе жатқан өткір садак.  
Бураны Қасым төре сөз қылыпты,  
Кез келсе, атпак болып төстен қадап.

Қасым хан туғаннан-ақ қанға құмар,  
Дірілдеп өлім күткен жанға құмар.  
Анадан қан уыстап туған мұндар  
Қан ұрттап жүрсе ғана қөnlі тынар.

Сол кезде шыға кепті ақбас бура,  
Жап-жалбыр төсін басқан әппак шуда.  
Қасым хан тұра қалып, ақ бураны  
Шіреніп атып сапты нектап турға.

Өкіріп ақбас бура көбік шашып,  
Шиқылдап тісін кайрап, аузын ашып,  
Қасымды бір айналып алқа-котан.  
Қан ағып кеткен тулап таудан асып.

Баксыдай сарнап бура тауды кезген,  
Күніреніп мекенінен енді безген.  
Ел естіп хан ұлының бүл жұмысын,  
Зор іске ұшырарын бәрі сезген.

Жоқ болып ақ бас бура көп күн өткен,  
(Қасымның қан қолынан қаза жеткен).  
Бір күні таудай болып шөгіп жатқан  
Бураны «көреді» жұрт өткен, кеткен.

Құбылаға басын беріп шөгіп жатқан,  
Көк мұнар қалың ойға шомып батқан,  
Ақ бура қабактарын қарс жауып,  
Қозғалмай мәңгі жатып тас бол қатқан.

«Ақ бура таудың тағы түйесі, – деп, –  
О дағы касиетті бір иесі, – деп, –  
Тұқымы соткар ханның онбағаны, –  
Жұрт айтады, – сол түйенің киесі», – деп.

Бұл іске Бурабайдың көлі куә,  
Касымның қалған жұрты, көні куә,  
Бураша шөгіп жатқан мұнар тау мен  
Ызындал таудың соқкан желі куә...

### Оқжетпес

Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан,  
Бастары көкке бойлап бұлттан аскан.  
Бір шың бар етегінде тіп-тік наїза  
Адамзат жасағандай қүйған тастан.

Сүп-сүйір бейне наїза шың, құз, биік,  
Төбесі кейде тұрар бұлтқа тиіп.  
Қарасан етегінен шың басына,  
Тақияң жерге түсер тұрған киіп.

Тіп-тік шың көкке қарай кеткен бойлап,  
Тұрғандай таусылмайтын бір ой ойладап.  
Жалғыз-ақ шың басында нокаттай бол,  
Құйқылжып қалықтайды бүркіті ойнап.

Басына атсан дағы оғын жетпес,  
Иіліп ешбір тауға тәжім етпес,  
Сол шынға жан шықпаған ұя салып,  
Шаңқылдал каршыға мен бүркіт кетпес.

Осы шың Бурабайдың жағасында,  
Күнбатыс тауға кірген сағасында,  
Орта жүз хан Абылай заманында  
Айтарлық бір іс бопты тағы осында ...

Ертегі толып жатыр өткен-кеткен;  
Әтірік-шынды әңгіме бізге жеткен.

Әйтеуір ырасы сол: Көкшетауды  
Ел шапқыш хан Абылай мекен еткен.

Біреулер батыр мен би, ханды мактап,  
Бұрынғы надан, шірік занды мактап,  
Сарнайды, жыр қылады сөзін сырлап,  
Баксыдай жын шақырган сандырактап.

Тартынбай кан төккенді «батыр» деген,  
«Бір өзі жүз кісіге татыр» деген.  
Зиянсыз момындарды шаруа бақкан  
«Колынан түк келмейтін катын» деген.

«Хан» деген жерге тамған канға құмар,  
Дірілдеп өлім күткен жанға құмар;  
Жазықсыз бейпіл жаткан елді шауып,  
Типил ғып жер күніренткен данға құмар.

«Би» деген сөз күғандар арамтамак,  
Бәсеке бір-бірінен алған сабак;  
Ел жайын терен ойлап пішे алмаған,  
Сөз біткен кимылымен қас пен кабак.

Көп тындалап, көп тексердім осындайды,  
Мактарлық қылық, міnez табылмайды.  
Окушы оқып өзі баға берер,  
Өленге қостым мен де Абылайды.

Абылай орда қылған Көкше тауын,  
«Аударған қонысынан талай жауын»,  
Бір жылды, жаздығұні, қалмақ елін  
Шаппақ боп кол жиыпты айтып сауын.

Қазак пен қалмак көрші заман болған,  
Жылы жоқ шабысадан аман болған;  
Қара күш сотқарлықпен ел бастаған,  
Екі ел де аң тәрізді надан болған.

Жөнелді ханның қолы жынша шұбай;  
Егей төс, мінгендері ығай, сыйай.  
Тыныш елге батырсынып шеру тартты,  
Лек-лек боп қосындастып ыңғай сыйай.

Сайланып шыққан ірік өнкей кегей;  
Сайласып мінгендері ылғи егей.  
Асынып жарактарын құнтизысып,  
Аттарын тұқыртады, шіреп шегей.

Шұбырып ханының қолы жүріп кетті,  
Жылыдай кан ұрттауға бұрып бетті.  
Жол жүріп бірнеше күн шеру тартып,  
Қалмакқа бейбіт жаткан келіп жетті.

Атының құйрығы мен жалын түйіп,  
Бәрі де көйлектерін сырттан киіп,  
Қалмақтың ордасына үрпек басты  
Көк найза, дабыл қағып, калды тиіп.

Ат койды қалын өскер андағайладап,  
Дүрсілі жер козғалтып «Абылайладап».  
Тыныш жаткан қалмақ елі қас қаққанша  
Ү-шу боп шаң астында қалды ойбайладап.

Біреулер ысқыртады садакты атып,  
Біреулер қанды қанжар жалақтатып.  
Біреулер найзаменен жас баланы  
Іліп ап көтереді салақтатып...

Таптады атпен басып қалмак елін,  
Қан көбік сорғалатып аттың терін,  
Олжалақ қыз, катынын атка өңгеріп,  
Бауыздап алдарында еркектерін.

Қасқырдай ырылдайды күшін біліп,  
Жарады жүкті әйелді ішін тіліп,  
Баласын қанжарменен тілерсектен  
Бір сұғып керегеге кетеді іліп.

Тағы да қанды қанжар жалақтатып,  
Көздерін жын сокқандай алактатып,  
Кез келсе кек сактар ер басын кесіп,  
Байлайды қанжығаға салактатып...

Әйелдің сұлуы мен жасын сайладап,  
Қосақтап бір біріне шашын байладап,

«Олжалап» қойشا қағып, қан-қан болып,  
«Батырлар» шыкты қайта топтап айдал...

Жас бала, кемпір-шалды бордай басып,  
Аттарын ентелете борбайласып,  
Айдалған мал-мұлік пен жас өйелдер,  
«Бауырым» -дап... шуласады ойбайласып,

Хан қайтты қанға батып, елді шауып,  
Шұбыртып ел күнірентіп, «олжа тауып».  
«Осылай шаба берсем, – дейді Абылай, –  
Кетерсің, бәлем қалмак, өзің де ауып».

Абылай бір жерге кеп аттан қонды,  
Сол тұста жиып алды қалың колды.  
Ерулеп, желпісініп қалың өскер,  
Гүілдеп мoshады бір үлкен жонды.

Абылай батырларын алды жиып,  
Үлеске олжаларын салды жиып,  
Сол жерде бір сұлуға талас болды,  
Бере алмай біреуіне бірі киып.

Қамалап сол сұлуға қарасыпты,  
Бәрі де «мен алам» деп таласыпты.  
Жолына тұтас байлап мал мен мұлкін,  
Сұлуды бір-бірінен каласыпты.

Сұлуды өз көзіммен көрмеген соң,  
Көркіне көріп баға бермеген соң,  
Сұлу деп жұрт айтады, мен білмеймін.  
Қасына Абылайдын ермеген соң.

Қалмакты шауып-шаншып қайтушылар,  
Болмасын бұл сұлуға қайтып құмар?  
Сол қыздын көркемдігін айта алмайды  
Бұл істі дәмдендіріп айтушылар.

Сол қыздың он жетіге келген жасы,  
Оралған аш беліне қолан шашы.  
Қап-қара қарлығаштың канатындей  
Иілген ақ мандайда екі қасы.

Аш белі көк шыбықтай солқылдайды,  
Колан шаш бейне жібек толқындайды.  
Батырлар сол сұлуға салыстырған  
Жалғыз-ақ аспандағы Күн мен Айды.

Қызыкан бұрын талай сый сияқты  
Сұлуды бір біріне қыыспапты.  
Жауласып бір қыз үшін қалын әскер,  
Дауласып, кен далаға сиыспапты.

Сұнқардың баласындаі торға түскен.  
Құланын құлынындаі орға түскен.  
Тұтқын қыз жауларына жаутаңдайды  
Киіктің лағындаі қолға түскен.

Сөзбенен бірін-бірі жеңісे алмай,  
Жолдасып ынтымакқа келісеп алмай;  
Аттанды қалын әскер гүжілдесіп,  
Сұлуды бір-біріне берісеп алмай.

Жеткенше соныменен Көкшетауға,  
Ала алмай бір-бірінен сұрап сауға,  
Калын қол Бурабайдың сағасына  
Кеп қонды, бітім қылмақ талас-дауға.

Тұбектей айнала тау – берік корған,  
Қаптаған тау мен тасты кап-кара орман,  
Бурабай жағасында оқ жетпес шын;  
Жағалай сол жерге кеп әскер қонған.

Тілдесіп тау мен аспан сүйіседі,  
Сәлем қып бұлттар басын иіседі.  
Киырдан келген қанғып түрлі бұлттар  
Бас қосып тау төсінде түйіседі.

Қалың қол шомылысып күміс суға,  
Өздерін, аттарын да шомып жуған.  
Тігісіп шатырларын тынықкан сон,  
Таласты айналдырды ұлкен шуға.

Жаутаңдап тұтқын қыздар жауларына,  
Елендеп құлак салып дауларына,

Бәнде боп қасіретпен карасады  
Матаған қол-аяқта бауларына.

Желбіреп алқа-қотан шатырлары,  
Айтысып сұлу үшін жатыр бәрі.  
Абылай көк шалғынға кілем тәсеп,  
Әмірмен жинап алды батырларын.

— Батырлар, бәрінізде олжа толық.  
Әмісе он болғай да біздін жорық.  
Жүрмендер жамандасып өкпе сактап,  
Себебі олжадағы бір қыз болып.

Бұл талас түсті менін карауыма,  
Қайтсем де көнесіндер балауыма.  
Бәрінді көріп өзі тандау қылсын,  
Бүйірдым «тұтқын қыздың қалауына».

Батырлар түрегелді «алдиярлап»,  
Тізіліп тұтқын қызға болды бармақ.  
Тұтқын қыз кімді таңдал қалау қылса,  
Сұлуды катын қылып сол болды алмақ.

Жіберді қызға Абылай «барып кел» деп,  
«Немесе өз алдыма алып кел» деп.  
«Біреуін батырлардың тандау қылар,  
Ұқтырып құлағына салып кел» деп.

Батырлар талас сөзді койып енді,  
Тұрысты тәуекелге буып белді.  
Жіберген Абылайдың жігіттері  
Ортаға тұтқын қызды алып келді.

Ашаң жұз ақ шапақтап атқан таңдай,  
Аш белі көк шыбықша майыскандай.  
Үзілген қызғалдактай өні солғын,  
Кабырғаң көрсөң аяп қайыскандай.

Секілді колға түскен бала киік,  
Мергеннің әлсіреткен оғы тиіп.  
Күйік пен қасіретін жасыра алмай,  
Кеп тұрды хан алдында басын иіп.

Томсарып сұлу тұрды басын иіп.  
Женіл ме жас басына келген қүйік.  
Қалмақтың алақандап қанын ішкен  
Калайша қатын болсын жауын сүйіп?

Абылай тұтқын қызға салды көзін,  
Сейледі әмір-білік айтқан сөзін:  
«Жаркыным, өнкей батыр мына тұрған,  
Кара да, біріне ти тандап өзің».

Батырлар тұрған боймен қалды қатып,  
Қадалып тұтқын қызға көзбен атып.  
Тулайды жүректері дәйек қылмай,  
Тандар деп сұлу, шіркін, кімді ұнатып!

Бәрінің жүректері аттай тулап,  
Жұздері құбылады өні қурап,  
Қалын кол тым-тырыс боп тұрды қарап,  
Құледі көл мен ғана орман шулап.

Кыз айтты: «Құлдық, тақсыр, төренізге,  
Тағдырдың салған ісін көреміз де,  
Адамды жете байқап сынамасак,  
Бір көріп, тұра баға береміз бе?

Я, тақсыр, менен тандау сұратсаныз,  
Бұл істі осылайша ұнатсаныз,  
Тандайын төренізге құлдық айтып,  
Өнерін батырлардың сынатсаныз.

Тиейін садағы ұшқыр мергеніне,  
Көзіммен асқандығын көргеніме.  
Байланған мына шыңының қақ басына  
Жаулықты атып жығып бергеніне»...

Абылай көнді қыздың тілегіне,  
Серт болды батырлардың білегіне.  
Етектен шың басына көз жіберіп,  
Зор күдік кірді әркімнің жүрегіне.

Кыз шешті орамалын беліндегі –  
Бір адам серт қып берген еліндегі ...

Сағымдай көз алдынан ағып өті  
Жас өмір туып-өскен жеріндегі.

Жібекпен шайы орамал кестелеген,  
Айнала жазуы бар «есте» деген.  
«Егер де айткан серттен таяр болсан,  
Мейлін жырт, мейлін өрте, шеш те» деген.

Жұмбакты жазуларға қарап алып,  
Тастады хан алдына орамалын.  
Батырлар козғалысып шапырласты,  
Ентелеп хан мен қызды орап алып.

Абылай түрегелді даусын кернеп,  
Сөйледі құлжадай боп колын сермелі:  
«Батырлар, бір қызық сын келді, міне,  
Мініндер аттарына жылдам ерлеп!

Ыңғайлы бір он жігіт сайлансын тез!  
Орамал шың басына байлансын тез!  
Садақ пен құлаш сынар кезі келді.  
Серіппе садак оғы қайралсын тез!...»

Он жігіт белге байлап арқан жіпті,  
Мысықша өрмелесіп шынға шықты.  
Байланған серт орамал найза ағашты  
Үрғалтып шың басына әрен тікті.

Батырлар даярланып баптанысты,  
Белсеніп онтайланып аттанысты.  
Шіреніп үзенгісін сықырлатып,  
Айтулы жерге шығып саптанысты.

Қалын қол гуілдейді анталаскан,  
Бәсеке бір қыз үшін тайталаскан.  
Бір тасқа топ жанында қыз да шықты –  
Тартыстың себепкери жан таласкан.

Кей батыр ойқастайды оғын сайлап,  
Кей батыр безейді оғын өткір қайрап.  
Шындағы орамалды оклен ілу –  
Әркімнің тілегені «я, құдайлап».

Орамал желбірейді койған байлап...  
Абылай: «Атындар», – деп шықты айғайлап.  
Батырлар шіренісіп тізбектеліп,  
Тартысты садактарын «Абылайлап».

Дүрілдеп садақ оғы ыскырады,  
Ойқастап аттары ойнап пыскырады.  
Ышқынып жолбарыстай күшін өлшеп,  
Батырлар садаққа оғын қыстырады.

Әуені ыскырады атқан садақ,  
Қыз да тұр тас басында көзін кадап,  
Етектен шынға қарай көкті жарып,  
Әндептіл тасқа тиген оқты санап.

Карасып қалын әскер тұрды анталап,  
Әркімнің шынға ыскырткан оғын санап.  
Қызыққан жас сұлуға дәмеліден  
Қалмады оқ атпаған бір нанталап.

Атқан оқ тасқа тиіп жарқылдайды,  
Шында ойнап бала бүркіт шанқылдайды.  
Октарын орамалға жеткізе алмай,  
Батырлар біраздан соң «қарқындейдыш».

Шіреніп садактарын шынға кезеп,  
Сығалап орамалға оғын безеп,  
Дағдарды оғын ешкім жеткізе алмай,  
Ыскыртып садақтарын кезек-кезек.

Ешқайсы сыннан сөйтіп өтпеген соң,  
Қыз қайтсін «өзін тандау ет» деген соң.  
«Оқжетпес» деген атақ алыпты шын,  
Атқан оқ нақ басына жетпеген соң.

### Бой жазу<sup>1</sup>

Күй шіркін кейде серпіп қыландаиды,  
Кейде пәс, кейде сейдін, сыландаиды.

<sup>1</sup> Ағыс ертерек жазылып, аяптын жазғашта арасына үш жыл  
тән. Сәкен соны ескертеді.

Кейде жай кібіртікте, ақсай жылжып,  
Кейде ырғып, ақ тұлкіше бұландаиды.

Сұлуша кейде өсемдеп бұрандаиды,  
Мәстекше кейде мешел тырандаиды.  
Кермеге байласан да жері тарпып,  
Тұлпарша кейде шапшып тұра алмайды.

Күй шіркін өуел құлаш салған еді,  
Шалыктап өрттей жүйткіп жанған еді.  
Дестелеп Кокшетаудың ертегісін,  
Тізбектеп біраз жыр ғып алған еді.

Әйткенмен шіркін жүйрік талған еді,  
Каркыннан біраздан соң танған еді.  
«Оқжетпес» ертегісін бітіргенде,  
Үзіліп жыр тізбегі қалған еді.

Бас жағы бұл ертектін жазылғалы,  
Әнгіме белуардан қазылғалы,  
Екі-үш жыл болса дағы, кейінгісін  
Жазуға қалам алдын қазір ғана ...

## Қалмақ қызы

### Жұмбактас

Батырлар апырактап, зорланысып,  
Қамалды қалың әскер қорланысып.  
Өрлігін кербез шыңың енді байқап,  
Үндемей хан да тұрды зор намыс қып.

Тұрды да тас басында қалмақ қызы,  
Таласып қалың әскер алмақ қызы:  
«Я, таксыр, үшке шейін бәйгі қылам,  
Өзініз ерік берген соң таңдатқызып.

Бірінші сыннан адам өтпей тұр ғой,  
Ешкімнің оғы шыңға жетпей тұр ғой,  
Мінеки, көріп тұрсыз, оқ атуға  
Еш батыр енді талап етпей тұр ғой.

Енді екі бәйгі тігіп қарайын да,  
Көрейін не жазу бар талайымда.  
Үш сынның екеуінен озған ерді  
Сыныма толған ер деп қалайын да ...»

Ойқастап қызға Абылай жақын келді,  
Ұнатып қыздың сөзін мақұл көрді:  
«Жаркыным, енді бәйгің колдан келмес  
Іс болып жүрмесін». — деп ақыл берді.

Қалың қол түрдү қоршап анталасып,  
Лепірген қарқындарын біраз басып,  
Қамалға шауып қайтып кеп түрғандай,  
Жауменен жағаласып, жанталасып.

Күлімдеп алтын күн мен биік аспан,  
Қарасып айна көлге жымындастан.  
Құледі айнала тау, қалың орман,  
Тек кана үн шыкпайды түйік тастан.

Қаз бенен акку көлде қаңқылдайды,  
Шарықтап, бала бүркіт шаңқылдайды.  
Құбылған құстардың ән, күйлерімен  
Жанғырып тау мен орман санқылдайды.

Қалықтап қара бүркіт қоқті шарлап,  
Шарықтап айналады тауды барлап.  
Шанқылдап құздан құлап қек каршыға,  
Түйілер атқан оқтай төмен зарлап.

Батырлар айнала түр тас қасында,  
Алғандай бір-бір сұлу бас-басына.  
Бәйігіге бірі қалмай түспек тағы,  
Абылай бәсекенің бас-қасында.

Жауының елін шапқан ортасында  
Тапжылмай сұлу да түр тас басында.  
Үшсын ба ... қайтын енді тұтқын бенде,  
Кез болған бәлесі аз ба жас басында?..

Анталап, камалаған көп жыртқышка  
Жемтікше онай өзін тастасын ба!

Зарлаған сөз өтпейтін нойыстарға  
Жалынып жылап ылғи қақсасын ба?..

Кыз айтты Абылайдың сөзін тыңдал:  
«Я, таксыр, біздікі тек мойын сұнбак.  
Екінші бәйгі оп-онай: күш сынасу,  
Онан сон үшіншісі: женіл жұмбак.

Өлшенсін осы тасқа мың қадам жер,  
Жарыссын сол арадан дәмелілер,  
Төрт адам жүгі болсын жарысканда,  
Болмасын бекер еркек босқа арам тер.

Таппадым жеңіл бәйгі бұдан басқа,  
Сол ғана озған болад бұл таласта,  
Көтеріп төрт кісіні жүгіріп кеп,  
Кім бұрын алып шықса мына тасқа».

Абылай батырларға: «Серпіл!..» – деді,  
«Жаяу тұс, бас дәмелің желпін», – деді.  
«Бәйгілік жер мөлшерле..», – дегеннен сон.  
Жүгіріп, даяршилар елпілдеді.

Батырлар дабырласып аттан тұсті,  
Қалың кол тамаша етті «қызық істі».  
Армансыз тоқайласқан жаумен емес,  
Сынаспак болды өзара қара күшті.

Абылай ат үстінде күпілдейді,  
Ойқастап, коразданып дікілдейді.  
Лепірген апырактап батырлардың  
Күпті боп жүректері лұпілдейді.

Абылай асыктырып дігерледі...  
Батырлар аттарын тез шідерледі.  
Күшіне бекем сенген дәмелілер  
Алшандап білектерін жігерледі.

Бой тартып кейбіреулер енді бұқты,  
Алшандап кейбіреулер алға шыкты.  
Балтыр мен білектерін жалаңаштап,  
Шайқалып іріктелді қырық-ақ мықты.

Көк құрыш бүлшық балтыр-білектері ...  
Тұлайды дұрсіл қағып жүректері.  
Майданда сыннан озып сұлуды алу —  
Казіргі әрқайсының тілектері.

Көркем қыз даурыктырды қалың қолды,  
Бәйгіден келер екен қандай жолды?  
Жамырап, реттеніп самбырласып,  
Жарыспак дәмелілер дайын болды.

Айнала коршаған тау, орта дан-дұн,  
Өлшеді «қыз тасынан» мың қадамды.  
Жөнелді балуандар алшаң басып,  
Әркайсы ертіп алып төрт адамды.

Қырық батыр аяндады тайталаса,  
Желіккен өскер ду-ду, анталаса.  
Қасында шатырлардың матаудағы  
Банадан тұтқын күндер «тан-тамаша»...

Тұрған жүрт көруге асық істің артын,  
Бәрі де тамашалап қыздың шартын.  
Тізіліп балуандар лап жүгірді,  
Әркайсы төрт кісіні үстіне артып...

Жүгіріп кейбіреулер майысады,  
Солқылдақ көк темірдей қайысады.  
Тайрандап кейбіреулер бос тайлакша,  
Құшағын қызға қарап жайысады.

\* \* \*

Карақшы — қыз тұрған тас бүл бәйгіге,  
Серт қылып, жүгіріскең сын бәйгіге.  
Белгілі болмақ жері серт асықтың  
Тұскені кімге бүгеге, кімге шіге.

Шуласып, өскер күліп, сақылдасты,  
Батырлар жанталасып тақымдасты.  
Өзгеден сегіз батыр озып шығып,  
Ілеңде каракшыға жақындасты.

Бәрі де ырсылдайды, жүгірісіп,  
Майданда құштеріне жүтінісіп.  
Сегізі озып келіп, қыз тасына  
Таласып, бірдей шықты бүгілісіп.

Бәйгіге сегізі де таласады,  
Қыз бенен Абылайға карасады.  
«Шыктым» деп қыз тасына «бұрынырак»  
Әркайсы өзін-өзі санасады.

Абылай ат үстінде каркылдады,  
Дауысы тау жаңғыртып санқылдады.  
«Сегізін тен түстіндер, – деді Абылай, –  
Күштерін бір-біріннен артылмады...»

Эрине, әміршіге мойынсұнбақ,  
Сөзіне оның айтқан әркім тынбақ.  
Шын түгіл теріс билік қылса да ұлық,  
Иліп «алдияр» деп аузын жұмбақ ...

Сонда қыз толғанады даусын кернеп,  
Бір сөзді айтпақ болып, қозғап, тербелеп:  
«Бар еді бір әнгімем, тақсыр төре,  
Соны айт деп енірейді жүрек шерлеп.

Бәйгіні көріп тұрсыз көзіңізben,  
Құтемін әділ төре сөзінізден,  
Сізге сол әнгімемді баяндаймын.  
Сұрауға төрелігін өзінізден...»

Берген сон хан ұлықсат «аїтга бер!..» деп,  
Еліктей қыз майысып түсті жерге.  
«Бараиық көлдін, тақсыр, жағасына,  
Шөлдедік, ыстықтадық, қүйіп, терлеп...»

Бәрі де көлдін келді жағасына,  
Су ішті, көленкелеп ағашына,  
 Тағы да бір жартасты касына алып,  
 Көлдін сол мінбелеген сағасына.

«Қыз тасы» жұз-ақ таяқ көлге шейін,  
Оны да сізге тағы мәлімдейін.

Бәйгі тас: «Қыз тасы» деп атанипты,  
Ертерек атка ие бол содан кейін...

Ішкен сон құміс шарап көлдің суын,  
Қыз шыкты шараппенен бетін жуып,  
Калың қол қызыға тағы телмірісті,  
Тым-тырс коя койып даурық шуын.

Жартаска шыкты сұлу лактай ырғып,  
Батырлар тас жанына келді сырғып.  
Жартаска, көлге төнген шығып тұрып,  
Қыз айтпак әнгімесін енді жырғып.

Шын-құз, тау – бұлтты қапқан биік ерен,  
Тіп-тік шын, анғар жартас мылқау-керен,  
Сүниіп, мінбелесіп, катып қалған,  
Төнісіп көл түбіне түпсіз терен.

Жартаска шықкан сұлу ойнамайды...  
Білктен құлармын деп ойламайды.  
Құрғакқа құласа егер, тасқа ұрылмак,  
Құласа тұнғиыққа, бойламайды.

Жартастын бір шағы шын, бір шағы су...  
Тау іші қалын орман, жап-жасыл ну.  
Орман да, тау да, көл де ертелі-кеш  
Сыбырлап, сынқылдаған құнқіл ду-ду.  
Алтын құн құміс суға нұрын бүркіп,  
Сағыммен көкке ұшады торғындай бу,  
Сызылтып әдемі әнін сынқылдатып,  
Ертеді балапанын көлде екі акку.

Екі акку көлендейді катар жүзіп,  
Құмістен айна көлге шимай сыйып.  
Толғанып шашады екі бөбегіне,  
Көлдегі ак шашактын басын үзіп.

### Кептер кебі

Аккүдай ак қанатын алған комдал,  
Тал бойын құміс сымдай безеп, ондал,  
Жартастын суға төнген қак басында  
Калтырап бір күрсініп алды толғап.

Тағы да қыз толғанды, даусын кернеп,  
Бастады әңгімесін қозғап, тербел,  
Жүйріктей бұктеңіліп, бауырын жазып,  
Көлбендең, шиratылып, құлаш сермен.

Сарнады сұлу тұрып, даусын қырнап,  
Толғады әңгімені әнмен ырғап.  
Сынқылдап акку құстай әдемі үнмен,  
Нәп-нәзік, қалтыратып шертті жырлап:

«Арканың бір тауының саласында,  
Көк орай, қызырыз кен даласында  
Сыңсыған қалын тоғай, томарлы кел,  
Сол нудың құстары көп арасында.

Сол нуда бір құс көрдім кептер деген,  
Жыртқыш жок оның етін жеп көрметеген.  
Бәрінен жыртқыштардың қорғалайды,  
Коркады ең ақыры боктергілен.

Кептер құс бір терекке ұялапты,  
Еңбекке кептер байіғұс тиянакты.  
Ақ үрпек кездерінде төрт баласы  
Көріпті карақұстан кияннatty.

Жыр қылмак біреу бастан өткергенін,  
Жыр қылмак біреу азды-көп көргенін:  
Я, таксыр,

таза тыңдал,  
төрелік бер.  
Жырлайын бастан аяқ кептер кебін...»

### **Қаракұс пен кептер**

Тыныштықтан, ракаттан да бірдей жеріп.  
Бала үшін жердің ынғай құртын теріп,  
Тынымыз кептер сорлы жүреді екен,  
Жем тапса, төрт шакаға әкеп беріп.

Қанғырған бір қаракұс жемтік ізденеп,  
Баспалап ұрын кепті оны көріп.  
Кептер құс ұсына келген кезде,  
Әлгі сүм ұстай апты, андып тұрып...

Кептерді өнері асып алғансиды,  
Құнжындаپ, арам шіркін арлансиды.  
Корғансыз аңғал құсты бұғып ұстап,  
Мактанаң, қокиленып, мардамсиды.

Мұршасыз кептер сорлы бырылдаіды.  
Тыпырлап қаны шапшып қырылдаіды.  
Пәленін шенгелінде сорлы анасын  
Көре сап төрт балапан шырылдаіды.

Шырылдаап төрт балапан жыласады,  
Ес кетіп үясына құласады.  
„Бізді же, анамызды коя бер», — деп,  
Жалынып, карақұстан сұрасады.

Карақұс: «Талаіды азат қылдым, — дейді, —  
Осындай колға түскен құлдың, — дейді —  
Құлашы сұнкардың да жетпей жүрген  
Талаиды тыпырлатып жұлдым...», — дейді.

«Талаіға азаттыкты бердім, — дейді, —  
Ақ жүрек көкті кезген ермін, — дейді.  
Дәп келдің шабытыма, — деп күледі, —  
Тоймасам өздерінді жермін», — дейді.

Мықтымсып мүгедекті женгеніне,  
Мәз болар кептерге әлі келгеніне.  
Сорлыны босатар ма, топас мұндар,  
Капыда ілінген сон шенгеліне...

### **Карақұс, кептер, лашын**

Еніреп, төрт балапан шуылдаіды,  
Карақұс қокиленып, жымындаіды.  
Сол кезде аждаһадай көкте ыскырған  
Бірдеме жоғарыдан суылдаіды.

Ыскырып, көкті жарып, садактай бол,  
Лактырған жасыл темір қалактай бол,  
Көктен кеп, көз ашканша жарқ-жүрк етті.  
Карақұс жатты кепкен талактай бол.

Кептерді өнері асып алғансиды,  
Құнжындаپ, арам шіркін арлансиды.  
Корғансыз анғал құсты бұғып ұстап,  
Мактанаңп, қокиленып, мардамсиды.

Мұршасыз кептер сорлы бырылдайды.  
Тыптырап қаны шапшип қырылдайды.  
Пәленін шенгелінде сорлы анасын  
Көре сап төрт балапан шырылдайды.

Шырылдап төрт балапан жыласады,  
Ес кетіп ұсына құласады.  
«Бізді же, анамызды коя бер», – деп,  
Жалынып, қаракүстан сұрасады.

Қарақұс: «Талаіды азат қылдым, – дейді, –  
Осындай колға түскен құлдың, – дейді –  
Құлашы сұнқардың да жетпей жүрген  
Талаіды тыптырап жүлдым...», – дейді.

«Талаіға азаттықты бердім, – дейді, –  
Ақ жүрек көкті кезген ермін, – дейді.  
Дөп келдін шабытыма, – деп күледі, –  
Тоймасам өздерінді жермін», – дейді.

Мықтымсып мүгедекті женгеніне.  
Мәз болар кептерге әлі келгеніне.  
Сорлыны босатар ма, топас мұндар,  
Қапыда ілінген сон шенгеліне...

### **Қарақұс, кептер, лашын**

Еніреп, төрт балапан шуылдайды.  
Қарақұс қокиленып, жымындаиды.  
Сол кезде аждаһадай көкте ысқырған  
Бірдеме жоғарыдан сұылдайды.

Ысқырып, көкті жарып, садактай боп,  
Лактырған жасыл темір қалактай боп,  
Көктен кеп, көз ашканша жарқ-жүрк етті.  
Қарақұс жатты кепкен талақтай боп.

Далиып калды лезде шіркін пасық,  
Ағызып арам қанын аузын ашып.  
Кептерді коя беріп мыжырайды  
Әлгіде кодиланған арам сасық.

Көк канат лашын екен келген шүйіп.  
Сұылдаپ жарқ-жұрқ етіп өткен түйіп,  
Шулатып балаларын кептерді ұстап,  
Отырған каракұстың мойнын киып.

Шарықтап тоғай ішін бағады екен,  
Жылаған дауысты естіп ағады екен.  
Еніретіп төрт шақаны отырғанда  
Желкеден каракұсты кағады екен.

Кептер мен төрт баласы калды бұғып,  
Қорғалап, қалын шөпке басын тығып.  
Терекке конып лашын, сөз катқан сон,  
Қарасты бас бағысып шөптен шығып.

«Жаулассам, – деді лашын, – каскырдаймын,  
Бет алды көрінгенге қас қылмаймын,  
Қалтырап тығылмандар, сендерді мен  
Еніретіп, көздерінді жас қылмаймын.

Естілді шырылдаған жылауларын,  
Еніресіп көздін жасын бұлауларын,  
«Бізді же, анамызға тиме» деген,  
Пасыктан зарлап ракым сұрауларын.

Мінеки, жауларыңыз жатыр өліп,  
Өлгенін отырсындар көзбен көріп.  
Сендерге қас қылам ба, жауларыңын  
Желкесін алдарында екі бөліп?»

Отырды бір бұтакта батыр лашын...  
Кептер құс шүкірлік қып төкті жасын.  
Құтқарған бір ажалдан лашын ердін.  
Жылап кеп аяғына үрды басын.

«Я, батыр, жасыл құрыш тұяғыңыз,  
Жебелі алмас болат кияғыңыз.

Топайдай тұсіресіз белдескенді,  
Мүгедек біздей емес сияғыныз.

Ал тілім емес сізді тұрған мактап,  
Пәледен айырдыңыз бізді сақтап,  
Ажалдан күтқардыңыз ғайыптан кеп,  
Әтермін мұныңызды қалайша актап?..

Жәрдем қып, бүйтіп бізге келгеніне,  
Арман жок жауымызды женгеніне.  
Боламын төрт баламмен сенің құлын.  
Тек тұрып, батыр, сенің дегеніне...»

Төрт бала «ризамыз» деп бас ұрады.  
Сөзіне анасының косылады.  
Лашынға құлдық ұрып, шырылдастып,  
Ықыласын анасынан асырады.

Бес кептер құлдық ұрып қоймаған сон,  
Лашынның жауабына тоймаған сон,  
Шарт койды төрт балаға лашын тұрып,  
Би такта біраз ғана ойлаған сон:

Төртеуін бір анадан туған егіз  
Ер еken екі айтпайтын мынау дегіз.  
Үшкан сон төртеуіннін ен үлкенін.  
Балауыз нак төсіннен тоят жегіз.

Мінеки, менің кояр жалғыз шартым,  
Алсаныз ен үлкенін мойның артып,  
Әсдерін тілендіңдер құрбандыкка,  
Алтаймын уәдені күшпен тартып...»

Тұрғандай лашын шартын ойынсынып,  
Бірі де ризаланды бойын сұнып,  
Үлкені балапанның «ризамын» деп,  
Ант қылды иіліп кеп мойын сұнып.

Лашын құс: «Күтем, – деді, – үшканыңды,  
Аңдымын, үшканыңша дүшпаныңды, –  
Деді де кош айтысып жөнелді ұшып,  
Әттыстан күтемін, – деп, – құштарымды...»

## **Бала кептер**

Мерзімді соныменен күндер өтті ... .  
Сөз байлаң балапан мен лашың кетті.  
Құс болды канат өсіп тәрт балапан,  
Лашынмен сертті орындар мезгіл жетті.

Судырап жібек жұні гүл-гүл жайнап,  
Үшеуі балапанның кеткенде ойнап. .  
Үлкені отырады жеке калып,  
Тезірек келсе екен деп лашынды ойлаپ.  
Ал қызыл жұпар ісі гүл майымен  
Судырак жібек жұнін сылап, майлап,  
Сыланып, әсемденіп бала кептер,  
Отырды лашың ерге сөзін сайлап.  
Сактанып бөтен бастақ арам көзден,  
Үәде-сертін күтті басын байлаپ.  
Жарқырап көкті кезіп келер-ау деп,  
Жыракқа карап кояр боїлап-бойлаپ.

Жан-жакка бала кептер каранады,  
Комданып жал-құйрығын таранады.  
Пәледен кептер сұлу аманында  
Лашынды іздеуге енді жаранады.

## **Бала кептер мен сұнқар**

Іздеуге жол-жобасын құрғанынша,  
Безеніп көкке құлаш ұрғанынша.  
Аспаннан бір ак сұнқар ағып келіп,  
Сап етті кептер мойнын бүрғанынша.

Шарықтап кезген сұнқар көкті шарлап,  
Орманды жүреді екен о да барлап,  
Кептерді жібек жұнді көргеннен сон,  
Құмартып ағады екен октай зарлап.

Сұнқарға кептер байғұс: «Арыз, – деді. –  
Бар еді мойнымда зор карыз... – деді. –  
Үәде берген едім бір лашынға,  
Санаушы ем уәдемді парыз», – деді.

Сөйлейді жастан жәбір көргендігін,  
Қан ішкіш қаракұстың келгендейтін,  
Корғауға жыртқыштардан өзін-өзі  
Қараусыз жаратылған зор кемдігін,  
Анасын жемек болған кара сүмның  
Лашынның соққысынан өлгендейтін,  
Жылаған шақаларға жаңы ашып кеп,  
Лашын ер сүмның мойнын бөлгендейтін,  
Сұнкарға бастан-аяқ баяндайтын  
Лашынға қалай уәде бергендейтін.  
Сөйледі ер көңілді лашын құстарын  
Қалтықсыз уәдеге сенгендейтін.

Я, батыр, ғибрат алып оїласын жұрт,  
Сенудің нышанастын жоймасын жұрт.  
Мұрсат бер, уәдемді орындайын,  
Нануды бір-біріне қоймасын жұрт ...

Үлкен сын болып еді жас басыма,  
Серт қып ем өтірікке баспасыма.  
Қолыңа берілеін қайтып келіп,  
Ант етем сізден енді қашпасыма...

Кептердің сұнқар зарына исінеді,  
Лашынның ерлігіне сүйсінеді.  
Кептерге тілегінше ерік беріп,  
Ең өділ дүниеде бисінеді...

### Тұнде ұшқан кептер

Мүгедек кептер сорлы, әлсіз зағып,  
Болған сон ақ сұнкарға мұнын шағып,  
Талак қып өтірікпен жас сактауды,  
Жөнелді лашынды іздеп канат қағып.

Қарамай жолдың алыс, жырағына,  
Жыныстың қыын соқпай бұрағына,  
Жас кептер тұн жамылдып зыркырады  
Лашынның қырындағы тұрағына.

Тұнде ұшып, өзін-өзі ұрламаса,  
Көрінбей сүм көздерге, зырламаса.

Кептерді күндіз жалғыз жүргізе ме,  
Сұнкар да босатпас ед, жырламаса.

Тоғайды кезді заулап, канат сермеп,  
Лашынға ару төстен тоят бермек,  
Сонан сон қайтып келіп ак сұнқарға,  
Болашақ салған ісін тағы көрмек.

Айдын көл, судыр камыс, орман жыныс,  
Тұнеріп маужырайды тұн тым-тырыс.  
Ала бұлт аспанда тек ай зырлайды,  
Зырлайды кептер, тұнімен алмай тыныс.

### **Кептер мен жапалактар**

Үйкінын мұнарына шомып батып,  
Қара жер тұн жамылып, қалған катып...  
Жалғыз-ак қара тұнде жем аулайды  
Кейбірі макұлыктардың, күндіз жатып.

Біреуі сондаілардың жапалактар,  
Жем андып, тұнделетіп қапалактар.  
Бір жerde тұяғына жем ілінсе,  
Куанып қанаттарын шапалактар.

Бір, екі-үш боз жапалак жол андыған,  
Жем үшін тілек тілеп каранғыдан  
Кептерді бір тоғайда ұстап алды,  
Баспа ғып бұтакты бір торанғыдан.

Куанып жапалактар алакайлап,  
Кептерді жұлмақ болды талапайлап,  
Шұбырып сілекейі үшеуінін.  
Кептерді аймалады «балакайлап».

Секіріп жынша күліп сақылдасты,  
Сандарын шапалактап лақылдасты.  
Таласып жас кептерге тұн ішінде,  
Кан толып көздеріне бақылдасты.

Әркайсы елтіп, санын шапактайды,  
Икемдеп жас кептерді жаһаттайды.

Кептер күс өлердегі сөзін айтып,  
Жалынып әркайсына жапақтайды.

Сөйлейді кептер зарлап кемшілігін,  
Мүгедек бозторғаймен теңшілігін.  
Лашын мен ак сұнкардың ерлік қылып.  
Істеген қандай бұған кеншілігін.

Кептер күс зар. мұнының бәрін айтты.  
Жалынып сауға сұрап зарын айтты.  
Сұнкар мен лашын ерге серт қылғанын,  
Қалдырмаі бастан-аяқ бәрін айтты.  
Сұнкардан мұрсат алып тұнделетіп.  
Лашынға келе жаткан халін айтты.  
«Сертімді орындаїын, тимендер», – деп.  
Үш «доска» кептер жылап жалына айтты.

Шыдамай аш беріше алактаған,  
Тілдері сілекей боп салактаған,  
Мәз болып сақылдаған үш жапалак  
Түстерін өзгерту енді жалактаған.

Лашын мен ак сұнкардың істеріне  
Тұр кірді, сүйсінгендей түстеріне.  
Егілген кептердің көз жасын көріп,  
Аяныш кірді елжіреп іштеріне.

Өзара жапалактар құрды кенес,  
Сөйлесіп, тез келісті, қылмады егес.  
«Мұны егер жәбірлесек, – деді үшеуі, –  
Ешбір жан бізде намыс, ар бар демес.

Зор қылмыс – жәбірленсе кешілмейтін,  
Өмірі қорлық таңба өшілмейтін.  
Лағанат камытындаі болар еді  
Мойнынан өле-өлгенше шешілмейтін.

Нәпсіге берілмелік сабыр қылмай,  
Бұл ерді босаталық жәбір қылмай,  
Лашынның мекеніне жеткізелік,  
Каранғы тоғай ішін дабыр қылмай.

Кептердің бұл жолында былаіт таман,  
Корқыныш талай жер бар бұдан жаман.  
Серттерін орындасын жомарт ерлер.  
Шығарып сап қайталық есен-аман...».

Солайша үш жапалақ ақылдасты,  
Әлгідей әділдікті макұлдасты.  
Өзгертіп күлкітартын «ғапу ет» деп,  
Кептерге жылы жүзбен жақындасты.

«Қауіпті тұнде жұру қара орманда,  
Жиналған сан жорықшы бар орманда,  
Тіл алсан осы арадан соныра жүр,  
Тұн ауып жол тосқандар таралғанда.

Егерде енді жалғыз корқам десен,  
Боламыз біз жолбасшы саған көсем.  
Орманда тұн ішінде жол білмесен,  
Мерт болмай өту қын аман-есен.

Жиналған ойдан-қырдан қалың жауға  
Сені біз тырысайық алдырмауға,  
Белгілі бір жерлермен алып жүріп,  
Жол тоскан жау көзіне шалдырмауға.

Орманнан аман-есен өткізелік,  
Жөніннен адаспастай дөп түзелік,  
Немесе, ерінбелік, сертіне жет,  
Лашынның мекеніне жеткізелік...»

Жүргуге үш жапалақ жоба құрды,  
Істеуге сүйтіп ерлік бетті бұрды,  
Дағдылы каранғы тұн қырандары  
Кептерді тұнделетіп алып жүрді.

Қанды көз тұн ерлері – үш жапалақ,  
Дағды алған тұн катуды қанды балак.  
Тырс еткен сыйырлары білінбейді,  
Өте сак: каранады жан-жакқа алақ.

Аландал әр дыбысқа токтап, тындал,  
Мылқауша ишаратпен шапшан ымдал,

Орманның қара дүләй арасымен  
Кептерді алып жүрді етеп, жымдал.

Біреуі ылғи жымдал кептерді алып,  
Екеуі кежеуілдеп, жолды шалып,  
Кептермен аман-есен қош айттысты,  
Лашынның мекеніне әкеп салып.

«Құте алмай ренжітсек біз, ғапу ет», – деп.  
Кептермен қош айттысты, «сертке жет» деп.  
Көрсетіп лашын құстың ұя ағашын,  
Жөнелді үш жапалак кайта беттеп.

### **Кептер мен лашын**

Сөйткенше талауранып таң көрінді,  
Рауандап аткан әппак сам көрінді.  
Серпіліп қара түннің көленкесі,  
Бозарып ала тәбе, маң көрінді.

Лашынның кептер келді мекеніне,  
Қуанды лашын орнында екеніне.  
Кептердің корықлай бұлай келуінін  
Лашын ер түсінбеді не екеніне.

Лашынмен аман-есен кездескен сон,  
Жолығып онашада көздескен сон,  
Лашынның сонда ғана түсті есіне,  
Кептер құс бастан-аяқ сөзді ескен сон.

Сөз кебін шертті кептер бастан-аяқ,  
Жатырқап, лашын құстан жасқанбай-ак.  
Сұнкар мен үш жапалак уакиғасын  
Баян ғыл, бір мұлтілін тастамай-аж:

Сөйледі кептер барлық сыр зарлығын,  
Сұнкардың жомарттығын, мырзалығын,  
Кез болып, қара орманда достық қылған,  
Үш ерге жан-тәнімен ырзалығын,

Лашынға уәде-серт бергендігін,  
Тұн катып сол серт үшін келгендігін.

«Сертімді бұзғанымша, – деді кептер, –  
Одан да артық менің өлгендігім...»

«Сол сертті енді, міне, орынданыз,  
Жаныма батса дағы корынбаныз.  
Сол үшін іздел сізді келдім, – деді. –  
Әйтеуір, сертінізді толымдаңыз...»

Кептердің келгеніне азаптанып,  
Сұнкардан, жапалактан азаттанып,  
Бәрінің жомарттығын салыстырып,  
Өтырды лашын қайран, ғажаптанып.

Бәрінің ерлігіне сүйсінеді,  
Лашын да, риза болып пісінеді.  
«Бәрі де менен артық жомарт-ау», – деп,  
Өзіне күмәнданып, түйсінеді.

Кептерге айтты: «Саған тиे алмаймын,  
Сені енді жем қылуға кия алмаймын.  
Баскалар жомарт болған бір тоятка  
Қалайша қызығуға үялмаймын?..

Сен келдін, уәдене со да татыр,  
Тиүге саған қалай бармак батыл?..  
Мен риза, қайт», – деді де берді рұқсат,  
Тимеді кептерге енді лашын батыр.

### **Кептер мен бүркіт**

Кептер құс риза болды көnlі тасып,  
Лашынмен кош айттысты төсін басып.  
Лашын ер парызынан құткарған сон,  
Жәнелді зулап ұшып белден асып.

Ұшады кептер талмай сермеп күшін,  
Тезірек ак сұнкарды көрмек үшін,  
Жомарттың билгіне енді мұлде  
Апарып өзін-өзі бермек үшін...

Таң аткан үрпек бас шақ, алан-елең,  
Көрінді орман, көлдер, ой, қыр, белен.

Оянып үйқысынан бозша торғай,  
Үрпіп қаранады етіп елең.

Бір бұркіт таудан үшқан тоят аулап  
Орманға кеп тиетін дайым жаулаң.  
Орманды мұлгіп тұрған у-шу қылды.  
Тиіп кап бір бүйірден окша заулаң.

Бұл бұркіт ку жем үшін оїды кезген.  
Көркем шың, кербез биік таудан беҙген.  
Тоғайдың бейбіт жатқан жәндіктерін  
Әдеті талғамастан бәрін езген.

Тамақсау әңгі бұркіт үшқан қанғып.  
Жәндіктің бейғам жатқан кезін андып,  
Жас шака балапандар кездессе де.  
Ұстайтын, оларды да «ұлкен ан» ғып.  
Бықбырт қып сан уак құс балаларын,  
Зарлаткан орман ішін у-шу, шан ғып.  
Қыратын, кобінесе, әлсіз анды.  
Тыныш жатқан кара орманды сонша лаң ғып,  
Кимайтын тау бұркітін мұндаі іске  
Сыртқы елді кететүғын тіпті таң ғып,  
Орманды бұркіт сөйтіп бұлдіретін.  
Кан қылып жүрген жерін былғап, саңғып.

Тұрлі құс орманды үйқтап жатқан жынын.  
Шошынып ояна сап қорғады үйін.  
У-шу бол жандарынан тұнілісті,  
Бұркіттің аш карында көріп күйін.  
Іледзе азан-казан бақпырт қылып,  
Орманның даңғой бұркіт берді «сыйын».  
Ордалы ұяларын талкан қылып,  
Сан құстың жүрегіне салды түйін.

Бұркітке ерген тағы топты құзғын,  
Жем үшін жаннан безген қалын ызғын.  
Кәніккен қан ішкіштер кімді ондырысын...  
Кан тырнак көрмеген сон ешбір тізгін.

Іледі бұркіт сөйтіп талай құсты,  
Әлеумет, есіттің бе, мұндаі істі?

Бұға алмай сол орманда өлгі кептер,  
Бүркіттің шенгеліне тағы түсті...

Жібермей кептер құстың жылауына,  
Зарланып көздің жасын бұлауына,  
Тау бүркіт жөнелді алып мекеніне,  
Кептердің назар салмай сұрауына.

Әлеумет, бұл кепті енді доғаралық,  
Бұл істің Сарыарқада болғаны анық.  
Білмеймін ендігісін, не қылғанын,  
Кептерді кетті бүркіт жоғары алып.

Мойнында тау бүркіттің мың сан жаза,  
Тартылмақ мың жазаға бір-ак саза.  
Алдырыған балаларын қүйіктіден  
Таппай ма ісі асқынған бір күн каза.

Қилюлап айта алмадым сөздің кебін,  
Сырлы ғып сөз айтуға жок еді ебім.  
Төрелік сұрайын деп: кай құс әділ,  
Әдейі баяндадым кептер кебін.

Жыр қылмак біреу бастан өткергенін,  
Жыр қылмак біреу азды-көп көргенін.  
Кай құстың ерлігі артық, шешініздер,  
Әдейі баяндадым кептер кебін.

Бұл жырым түсінбегенде жұмбак сынды,  
Жыр қылдым түсінгенге болған шынды.  
«Бұл жұмбак» дегендеге шешкіз, таксыр,  
Сөзімді жұмбак болса, қылмай мінді...»

Бұл сөзді төрелікке жыр ғып тартып,  
Сын тілеп, бәрінізге тұрмын артып.  
Тау бүркіт, сұнкар, лашын, үш жапалак –  
Айтыңыз, кайсысының ерлігі артық?..»

### Қыз бен өскер

Қыз тұрды айтып болып кептер жырын,  
Күрсінді аршығандай қоңіл кірін.  
Тұнерген тұңғылыққа құзда тұрып,  
Ағытты қүйікті қыз біраз сырын.

Домалап көзден тамған жасын сұртті,  
Ашқандай мөлдір жаспен көздің нұрын.  
Қалың қол қалша қарап, қалды катып,  
Жоғалтып әнгі адырлық, сес пен қырын.  
Жауынгер батырсынған қалың қолға  
Болмады жырдың арты онша шырын.  
Тым-тырыс, қалшиған қол бір аздан сон  
Козғалып сөз катысты бірін-бірін.

Тұтқын қызы – өскер ессіз болған құмар,  
Сымбаты – көк өрімдегі шыбық шынар,  
Беліне дөрекі қол тисе нойыс,  
Дер едін гүл сабактан онай сынар.

Тұксиіп Абылай да тұрды түйік,  
Манадан сесі кеміп түскен пык.  
Тұнеріп, төмен қарап үндемейді,  
Басқандай тұншықтырып тұн тұнғиык.

Қол тағы жамырасты, гүжілдесіп,  
Ілеңде гулеген үн тағы да өсіп.  
Әркім де «бұл жыр-жұмбак» десе дағы,  
Шықлады қызы жұмбағын ешкім шешіп.

### Көкшетау қүйі

Абылай біраз тұрып көпті байқап,  
Гүжілдеп қозғалды енді басын шайқап.  
Сұлуға таста тұрған қарап қойып:  
«Шешуші кайда...» деді, колын жайқап.

Абылай: «Шешуші кім?» – деді айқайлап,  
Қалың қол тына қалды тілін байлагап.  
Төнірек тым-тырыс бол қалды катып,  
Дағдарып, ой түбіне терен бойлагап.

Жер мен көк бір-біріне жарасқандай,  
Олар да бәсекемен таласқандай.  
Айнала қоршаған тау, қалың орман,  
Жер мен көк қызға төніп қарасқандай.

Нулы орман, биік шындар анталаса,  
Коршаған бейне мылкау, тан-тамаша.  
Тым-тырыс тұнерісіп үндемейді –  
Өткерген алдарынан сан тамаша...

«Оқжетпес» – көкке өрлеген мұсін сұнғак,  
Айтылды етегінде әлгі жұмбак.  
Созылған көкке караій сұлу шынның  
Үні жок тұрса дағы сөзді тыңдал.

Тек кана орман ептеп сыбырлайды,  
Жасырып, тапқызбастай сыр үрлайды.  
Ұры жел көзге ілінбей зыр жүгіріп,  
Қол беті, گүл, жапырак жыбырлайды.

Қолдегі жұбай акку сынқылдаиды,  
Еркелеп кос бөбегі қынқылдаиды.  
Қолдегі мың түрлі құс күйіге балқып,  
Мас болып жаз нісіне мыңқылдаиды.

Аспанда тау бүркіттер калыктайды,  
Санқылдап бнікте оїнап, шарыктайды.  
Жарқылдап, шыннан жерге, жерден көкке  
Қүйқылжып, топшылары талықпайды...

### Адақ

Әрине, «мыннан біреу шешен» деген,  
«Жол таппак, қамалғанда көсем» деген.  
Тым-тырыс тұрган қолдан шыкты біреу  
Жыр кылған қызы жұмбағын шешем деген.

Ежелден бәйгі десе әркім козбак,  
Дәмелі – қызыктыға колын созбак.  
Қызыкты затқа ұмтылса көп дәмелі,  
Әрине, ебін тапқан біреу озбак.  
Қүресте жеңеді алып, дауда – шешен.  
Ақыл мен болжау істе қырағы озбак,  
Жұмбактың көп қамалған кілтін тауып,  
Төреге колын созды бір ер боздақ.

Кара сұр, ұзын бойлы, емес талпак,  
Денесі көк құрыштай, өрдеш-шалқақ.

Қыр мұрын, қарагер көз, қара мұртты,  
Қакпактай кобы жауырын, топшы жалпак.

Солқылдап көк құрыштай, біткен тіп-тік,  
Жараған аш бөрдей белі жіптік.  
Үңгайлы, сұлу сида, сұңғақ дene  
Жараған бәйігі кердей ықшам, сыптык.

Біленген шиыр дene, бейнене шойын.  
Жұп-жұмыр сом боп біткен жігер мойын.  
Денесі бұлшық етті, шерткен күшті.  
Бәйігі атша шіратады тұла боїын.

Ұлы арғын Көкшетауды қылған мекен,  
Аз кезі көшпелі елдін жүрген жекен.  
Арғынның бір баласы Қуандықтын  
Сүр жігіт жұмбак шешкен баласы екен.

Жасынан кедейліктен кемдік көрген.  
Жігерлі талабы зор өзі мерген.  
Жылқысын бағып жүрген байын тастап,  
Төренін бір себеппен қасына ерген.

Сыпайы, тиянакты өзін баккан,  
Артықсып әңгіленіп, емес лаккан.  
Күші де, ерлігі де жолбарыстай,  
Әділдік, кішілікпен көпке жаккан.

Тағы әнші. керней дауыс, ерен ақын,  
Келтірген көркем сырлы сөздің накын.  
Сүркия өтіріктен аулақ қашып.  
Шындыққа ерлік пенен жүрген жақын.

Егесте көз ұшында қадакты атқан,  
Қүресте қалың колды адактаткан.  
Сондықтан Адак деген есім алған,  
Талайға сынасканда «табақ тарткан».

Жұмбакты шешемін деп кол созды Адак,  
Үстінде ықшам киім, белде садак.  
Қалың кол жалт қарасып, сенше толқып,  
Адакқа телмірісті көзін қадап.

Сөйледі Адак тұрып Абылайға:  
«Я, таксыр, өтілім бар, қабыл айла!  
Жұмбакты шешпей тұрып тілегім бар.  
Қабыл ғып тілегімді, сөзді байла!

Болар ед кешпес күнә – шешер болсан:  
Жақпаса қыздың басын кесер болсан.  
Жұмбакты сонда ғана шешіп көрем.  
Кыз сөзін шайпау болса, кешер болсан.

### **Бұркіт пен акку, мерген**

Абылай: «Кешірем!» – деп қарқылдаң.  
Жанғырып, аїнала шың санқылдады.  
Сол кезде көлде жүрген жұбай акку  
Ойбайлап суды сабап қанқылдады.

Тұрған қол кенелмекке өлеңді естіп,  
Толқыды көлге қарап елеңдесіп,  
Қараса, ойран болып жұбай акку,  
Заулап жүр көл үстінде көлендесіп.

Сабайды көлді ойран ғып, суды шашып.  
Қиқулап, аласұрып, аузын ашып.  
Шулатқан екі аккуды бұркіт екен,  
Жөнелді бір баласын ала қашып...

Көктен жай төбесінен туїгендей-ак,  
Немесе түнде бүйі тигендей-ак,  
Екі акку ойран болып бірге ұмтылды.  
Зар илеп ұясы өртке қүйгендей-ак.

Аккудың ак бебегін көлден іліп,  
Тау бұркіт қуанғандай көкте күліп.  
Зарлатып, ата-анасын сұнқылдатып,  
Жөнелді шарыкка өрлеп көкпар қылып.

Тырнакты тырнаксызға шапласын ба?..  
Андушы алу ебін таппасын ба?..  
Аккудың балапанын алып бұркіт,  
Шырқады «Окжетпестің» как басына.

Көлдегі бейбіт құстар үрікті шошып,  
Сұнгіді, қорғалады, қашты жосып.  
Әскер де қарап тұрған қайран қалды,  
Кос акку сыңқылдады даусын қосып.

Зарлаған туған әке, анасына  
Тау бүркіт көкпар қылған баласына  
Жаны ашып кейбіреулер жабыркасты,  
Аяныш кіргеннен соң санасына.

Әлсізді әлді жеген күші басым,  
Жылатқан әлсіз болса қарындасын.  
Тұтқын қыз осыны ойлап құз басында,  
Аккуға қарап тұрып төкті жасын.

Адақ та қарап тұрып бойын тежеп,  
Садағын қолына алып, шертіп, безеп,  
Көк сұнгі оғын іліп серіппеге,  
Бүркітке сығалады дәлдеп кезеп.

Бұлтиған бұлшық етті құрыш білек,  
Жиырылып ырғатылды күшін білеп.  
Атуға ыңғайланған жолбарысша  
Ышқынды екі бұтты кере тіреп.  
Садактын серіппесін ырғап тартып,  
Шалқиды пәрменінше күшін шіреп.  
Жеткенде «Оқжетпестін» басына құс.  
Садағын Адақ мерген сілтеді іреп.

Ысқырды садақ оғы көкті жарып,  
Зымырап жаркылдады жолын қарып.  
Торғай бол «Оқжетпеспен» катарласкан,  
Үш кырлы оқ тау бүркіттен өтті дарып.

Каруын сан қылмыстың татарына,  
Тап болды мерген дәлдеп атарына.  
Тау бүркіт төңкөрілді жеткен кезде  
«Оқжетпес» нак басының катарына.

Тау бүркіт қылышына жаза тапты,  
Азырақ момын андар маза тапты.

Лактырған терліктей боп көлге күмпіл,  
Кан-қан боп, қан құмар ер қаза тапты.

Бұркіттің көкпар алып қашуына,  
Болмады «Оқжетпестен» асуына.  
Көзінше қалын қолдың қаза тапты,  
Тура кеп шын мергенінің басуына.

Шарықтап, балапанды ап кетті деген,  
Ноқат боп «Оқжетпестен» өтті деген,  
Ешкімнің қиялыша кірмен еді,  
Бұркітке атқан садак жетті деген.

### Адақ мерген

Тан болып әскер толқып дуылдасты,  
Адақты қөтермелеп шуылдасты.  
Жанғыртты тау мен тасты қөтерген сөз:  
«Бәйгіден Адақ озды, Адақ асты...»

Алшитып көмшат бөркін тұрды Абылай,  
Тамағын қоразданып қырды Абылай.  
«Бағана, неге бұлай атпадын?..» – деп,  
Адақтың қасына кеп тұрды Абылай.

«Бағана, бәйгіде сен жарысып па ен?..  
Ортаға өнерінді салысып па ен?..  
Атқыштық, күштілікті сынасканда,  
Онда озбай өзгелермен қалысып па ен?..

Немесе бағана сен атпадын ба?..  
Атуға жүрексініп батпадын ба?..  
Әйтпесе сұлудан сен дәме қылмай,  
Егеске тұсуге әдеп сактадын ба?..»

Айтты Адақ: «Бәске, тақсыр, қатыспадым,  
Шындағы орамалды атыспадым.  
Сұлуды батырлардың бірі алсын деп,  
Бәйгіге бекер тұсіп шатыспадым.

Бої тежеп батырлармен сынаспадым,  
Әтуре боп, белді бекер қынаспадым.

Жанағы қыз жұмбағын естігенше,  
Әдейі, тақсыр төре, сыр ашпадым.

Жұмсайтын, бар өнерді керек іске,  
Әдейі салмап едім ерегіске,  
Бәрін де қыз сертінің орындаіын,  
Тақсыр хан, мен даярмын төрөнізге.

Ешбір ок орамалды шала алмады,  
Таянып шын басына бара алмады.  
Атып мен орамалды түсірейін,  
Болса да сұлуды ешкім ала алмады...»

Соны айтып Адак енді тұрмай тоқтап,  
Садағын онтайлады безеп оқтап.  
Кос акқу шыр айналды мұнлы үнмен,  
Баласын кезек ұшып, сыңып жоктап.

Сұлу мен ханға қарап Адак тұрды,  
Безеніп «Оқжетпеске» садак құрды.  
Сұнгиип суға төнген құз басында  
Сұлу да танырқап көз қадап тұрды.

Расы Адак бәске катыспаған,  
Шындағы орамалды атыспаған.  
Апырақ, албырт, әнгі батырлардан  
Бұл жігіт өзін аулақ, жат ұстаған.

Тұрғандай тұпсіз терен өйға батып,  
Қадалып, шын басына қалған қатып,  
«Оқжетпес» өрдеш шынмен арбаскандай  
Тұрған ед жолбарысша көзben атып.

Және де жарыска да енбеп еді,  
«Тұс» деген жігіттерге көнбеп еді.  
«Ауырып тұрмын» деген сылтауына  
Ренжіп қостастары сенбеп еді.

Өнері өзіне аян кем емесі,  
Күшіне мұнын ешкім тең емесі.  
Тұрған бұл жас құлжаша күші тертіп,  
Тұрса да қайнап, қызып делебесі.

Батырлар жүгіргенде аршындарып,  
Адақты күш билеп ед қылышылдатып.  
Тұлпардай кермедегі жер тарпыған,  
Тықырышып ауыздығын қаршылдатып...

Жаңартты тұтқын қызбен Адак шартты,  
Шіреніп, серіппен ырғап қатты.  
Сырыкта шың басындағы орамалға,  
Сығалап көздел тұрып садак тартты.

Әндетіп ок жөнелді көкке боздап,  
Әуенін дынылдатып сымын қозғап.  
Шаттанып шынға қарай асқан сайын,  
Елігіп, жар салғандай «шабандоздал».

Ұшқыр ок шың басына кетті сарнап,  
Жайқалған орамалға аткан арнап.  
Қалың кол тыныс тартып, телмірісіп,  
Жаңғырды айнала тау коса зарлап.

Кос тілді ок найзағайша көкті тіліп,  
Айырып орамалды кетті күліп.  
Орамал жырымданып қала берді:  
Болат ок шүберекті кетпеді іліп...

Садаққа қыстырды Адак үш қырлы оқты,  
Ыскырты шірей сілтеп аспан көкті.  
Атқан ок орамалдың қадасына  
Сак етіп, тас жаңғыртып, барып соқты.

Үш қырлы ок дал-дал қылған мана құсты,  
Шіреніп сілтеген соң қайрап тісті,  
Оталған курайдай көк шалғыменен,  
Када мен орамалды жұлып түсті.

Адақтың оғы өзгеден ұшқыр ұшты,  
Кос тілді, жасыл құрыш, үшкір ұшті.  
Басына «Окжетпестің» ок жеткізіп,  
Өзгеден үздік болды күш құрышты.  
Када ұшты орамалмен шыннан жерге,  
Тигендей ауыр құрыш үш бұрышты.

Оқпенен ілдіргендеге орамалды,  
Қанғандай болды әскердің іш құрышы.

Шуласты, Адақты қол мыңға балап,  
Қамалап қошемет кып жатыр талап.  
Кызулап төбесінен көтерісті,  
Күрметтеп, айқайласып, «көп жасалап».

Адақты қамап жатыр құттықтасып,  
Жапырлап, кезек-кезек ұтықтасып.  
Жай күліп Адақ түрдө бәйгіні ұтып,  
Әнгі емес секіретін асып-тасып.

Койқандап бәркін тастап шалқасынан,  
Кошкардай байдын мыңды маркасынан,  
Абылай Адаққа кеп алғыс айтып,  
Риза боп, қакты құліп арқасынан.

### Қыз жұмбағы

Енді қол жапырылды құзға қарап,  
Бұралып құзда түрған қызға қарап.  
Үлкендер «көп жасалап» құттықтасты,  
Әзіл кып біркелкі жас қызба-талап.

Қыз айтты Абылайға: «Даяр басым.  
Тақсыр хан, жұрт кішкене аялдасын.  
Болса да Адаққа мен тиер болдым,  
Жырымның шешуін де баяндасын...»

Абылай қыз тілегін «мақұл» деді.  
Адаққа: «Ортаға кел, жақын,— деді. —  
Кебіндей сұлу айтқан әнге салып,  
Сөзінді жыр қылып айт, ақын», — деді.

Шуласып: «Шешсін... шешсін!» — деді көп те,  
Шешуін қыз қебінің естімекке.  
Өзі де көпшіліктің құмар еді  
Адаққа жұмбақты енді шештірмекке...

## Адақ ақын

Адақ ер ыңғайланды даусын ондап,  
Лашындаи шарыктауға қанат комдап,  
Шиырылып бойындағы қүшін жиып,  
Жараған бәйгі кердей, бойын сомдап.  
Козғалды, даркан ақын бұрағандай,  
Құлағын домбыраның қүйлеп қолға ап!  
Боздатып қүй сарынын келтіргендей,  
Екпінін ірке шертіп, кеннен толғап.  
Бой жазып бәйгі кердей ойқастаған,  
Тұқырып, мойнын кезек оннан солға ап.  
Орғыды бір бүгіліп, бір жазылып,  
Құлашын карыштауға жолын болжап.

Әскер де камаласып түрдү жиын,  
Анталаپ, бір-біріне тіреп иін,  
Шешуі қыз кебінің не екен деп  
Көрінген өңгелерге сонша киын.  
Ақырып құйқылжытып шырқады Адақ  
Соккандай таудан үйткып долы құйын.

Кен тастап көкірегін қобдиланып,  
Серпілтті қекке өрлетіп құлак қүйін.  
«Әлеумет, сабыр етіп таза тында.  
Шешілсін қыз байлаған жұмбак түйін.  
Ұзатпай қыздың кебін баяндайын,  
Тында да, мейлін қүйін, мейлін сүйін.  
Адамның бір жолдағы намысы бір,  
Болса егер санаңы бар бір-ак үйым.  
Жайылып бірден-бірге бастан-аяқ,  
Жыр болмак бұл әңгіме елге дүйім.  
Ел менен ер намысын актай алмас,  
Ел шауып, олжа қылып алған бүйім.  
Хан да бар, кара да бар бұл арада  
Төрелік бересіндер, әділ биім...»

## Жұмбактың шешуі

Тұтқын қыз өз басының жырын айтты,  
Жүректен жарып шыққан шынын айтты.  
Кептерді мысал қылып өз басына,  
Не көрген бала күннен сырын айтты.

Зорлықтың жастан дәмін татқан екен,  
Ауылын бір күн жау кеп шапкан екен,  
Өлімнен ата-анасын жау қолынан  
Лашындаі бір ер кез бол қаккан екен.

Шапкан жау отырғанда саспай жайлап,  
Атасын бауыздауға пышақ кайрап,  
Зарлаған екен сонда бала сұлу,  
Жауынан ракым тілеп ағатайлап.  
Лашындаі кез болған ер ойда жокта  
Бүйірден тиғен екен жауға айқайлап.  
Ауылды бейбіт жаткан қырған жаудың  
Лезде қалған екен өзі жайрап.

Ер жігіт бейне лашын ала мойнак  
Бүйірден жауға тиіп салады ойнақ.  
Жұлады қарақұстай жаудың басын  
Боп келген бейбіт елді ала қоймақ.

Әлгі ерге қыз өкесі барын сайлап,  
Мал, басын түгелімен тартқан айдал.  
Көп сөздің ақырында лашын сынды ер  
Кетіпті қыз баламен бір сөз байлап.

Кім көрген уәденің мұндай түрін,  
Әнгімелем естілмеген бұдан бұрын.  
Лашын мен кептер кебін айтты сұлу,  
Мысал ғып әлгі ермен сертті сырын.

«Құнға», бойжеткен соң, батпай тұрып,  
Әйелдік тұрмыс дәмін татпай тұрып,  
Әлгі ерге бір түнекке кеп қайтпақ қыз,  
Койнына күйеуінін жатпай тұрып.

Әйел бол салмай тұрып басқа күндік,  
Болатын болса дағы мейлі кімдік,  
Байласқан серт бойынша өуелі қыз  
Әлгі ерге әйел болмақ бір-ак түндік.

Сөз байлап ер кетіпті сұлуменен,  
Қыз өскен азғана өмір суруменен...

Бір сабаз кызды келіп алмақ болған,  
Калап кеп, іздең құлак түруменен.

Күйеуін мысал қылды ақ сұнқарға,  
Әрине, сұнқар сипат ашық жарға.  
Сұнқар ғой сүйтөн жары сұлу қыздын,  
Болмай ма сүймегені нақ сүм карға...

Әрине, күйеу отау тіккен аулак,  
Онаша күйеу сонда жатпак аунап.  
Қасына алып келген қалындығын  
Үйіріп, сыр ашысып алмақ баурап.

Күйеуге қалындығын әкеп ауылы,  
Басына салмақ болған желек жаулық.  
Кыз сырын айтқан екен жұбайына,  
Екеуін қалдырғанда құсша баулып.

Онаша түнде отауда емін-еркін  
Сабаз қыз күйеуіне кебін шертіп,  
Сол түнгі кеңшілігін сұранады,  
Өтеуге баяғы ермен қылған сертін.

Сұлуға берген екен күйеуі ерік,  
Жомарттық ерлігіне болып серік:  
«Сертінді бар да орында, – депті жары, –  
Адамдық қылған сертке болмақ берік».

Күйеуі айтқан сонда өснетін,  
Шыншылдық – адамшылдық қасиетін.  
«Жалғаншы атанба, бар, сертінді өте,  
Шыншыл бол, әділ халық бас иетін...»

Белгіге берген күйеу орамалын,  
Сұлудан аямайды кора малын.  
Шеттерін кестелеген орамалды  
Кыз шықкан қыпша белге орап алып.

Рұқсат ап ақ сұнқардан қойнындағы,  
Білінбей өзге жұртқа бойын бағып,  
Жөнелген екен сұлу түнде жалғыз  
Өтеуге алған сертін мойнындағы.

Әр жерде ұрылардың ісі ұласқан,  
Бәрінен сол түнгі бір үш ұры асқан.  
Жүгірген түнделетіп жалғыз сұлу  
Бір жерден үш ұрыға ұшырасқан.

Ұрылар қуанысқан секірісіп,  
Зорлауға қызды ыңғайлап бекінісіп.  
Құтырып айуандық нәпсілері,  
Шұбырып сілекейі кекірісіп.

Жемді тек түнде аулайтын құсша қарап,  
Жол тосып кездескенді жүрген талап.  
Кептер құс ұшырасқан түнде орманда,  
Мысал ғой үш ұрыға үш жапалак.

Сұлуға үш қаракшы қызығады,  
Көздері қарауытып қызынады.  
Айуан нәпсілерін тойдыруға  
Естері алабұртып бұзылады.

Бұралған көк шыбықтай көркем ару,  
Нәзік қыз істей алмақ кімге кару?..  
Іліксе арсыздарға мұндай олжа,  
Болады тілектері итше сару.

Қыз жылап айткан еken барлық сырын,  
Себебін келе жатқан бүйтіп ұрын,  
Алдаушы болам ғой деп сенгіш ерге,  
Жойма деп жалынылты әбүйірін.

Сұлудың сырын айтып жылағаны,  
Жалынып көздің жасын бұлағаны,  
Оятқан үш ұрынын ар, намысын,  
Кеншілік олардан да сұрағаны...

Құтырып қозған нәпсі басылады,  
Кешірім сұрап қызға бас ұрады,  
Оянған адамшылық ар, ұяты  
Айуан нәпсі жынын қашырады.

Жаман ой, арам құлық бәрін тастап,  
Құрметтеп, енді үш ұры «карындастап»,

Сабаздың лашиң сынды мекеніне  
Қызды ертіп, тұн ішінде жүрген бастап.

Үш ұры тірі жанға білдірмesten,  
Жолшыбай жат көздерге ілдірмesten,  
Қыз іздең шыққан ердің мекеніне  
Жеткізіл сап қайтыпты кілдірмesten.

Тұн катып іздең шыққан жерін тауып.  
Қыз келіп жолығады ерін тауып.  
«Баяғы серт бойынша келдім, – дейді, –  
Мұрсат алып тұн ішінде ебін тауып».

Кебін қыз шерткен екен түгел бастан,  
Бір сөзін уакиғаның қалдырмastaн.  
Күйеу мен ұрылардың кеңшілігін  
Баяндап актарғандай бейне дастан.

Қалай ғып сұлу рұқсат алғандығы,  
Күйеуі жомарттық қып қалғандығы –  
Батырды бәрі қайран қылған екен,  
Үш ұры тимей әкеп салғандығы.

Сұлуға батыр енді дейді: «Шырак!  
Оншалық аулың сенің емес жырак.  
Ризамын қайт ізінше, сертің бітті,  
Кызықсам қала ма ардан бір жапырақ?..»

Ер арын, қайтсін, енді зорласын ба?..  
Өзін де, сұлуды да корласын ба?..  
Бұрын ер, енді қызып бір шашакка,  
Алданып бұ да жомарт болмасын ба?..

Қыз аман кейін қайтып жолға түскен,  
Кептердей бенде бопты торға түскен.  
Жеткенше сұңқарына қайта келіп,  
Сол елді шапкан жауға колға түскен.

Сол елді шапкан жауы бізбіз, міне...  
Осы еді қыз кебінін барлық шыны.  
Тайлақша бәйігі боп тұр, міне, ортада  
Біреудің маңдайдығы Ай мен Күні?

Орманға тиген барып тау бүркіті,  
Андарға ылғи момын жау бүркіті,  
Таксыр хан, сізге мысал айтылған сөз.  
«Жүрміз ғой, – десек тағы, – жауды үркітіп...»

Жазықсыз қалмакпенен жауласамыз.  
Аяnbай аңша қырып ауласамыз.  
Қалмак та ел өзіміздей деген болса.  
Тенгермей бойымызды дауласамыз.

Мысал ғып жырлады қыз сыр мен зарын,  
Елінің әділ, жомарт сабаздарын.  
Жыр қылды түнде өзімен ұшыраскан,  
Жол тосып үрлық қылған «бабы аздарын».

Бәрінің жомарттығы сүйсінерлік,  
Әр елге осындағы-ақ тисін ерлік.  
Жомарттық бізден мұндаі табылмаса,  
Мактанған құр өтірік, күйсін өрлік!..

«Өлтірер, – деген еді, – ерді намыс,  
Коянды өлтіреді, – деген, – қамыс».  
Қызды енді олжаласақ, елімізді  
Не демек естісе егер жат ер – калыс?

«Сабаз» деп бұл сұлуды мактар еді,  
«Момын» деп қалмак елін жактар еді.  
Бізден де бір қыз сөйтіп зарлап тұrsa,  
Киянат қылғандарды актар еді.

Сөзді енді бүркемелік, етіп құлте.  
Мұндаіда керек емес макта-білте.  
«Ханы да, карасы да арсыз» деген,  
Келмесін ел бетіне шіркеу-шілте.

Қыз жырын сізге арнады тәрелікке,  
Болмайық, таксыр, бекер өр-елікпе.  
Естіген халық жерге түкірмесін,  
Біз дағы әділ билік берелік те.

Әлеумет, мойнымызды бұл бір салмак,  
Қырылды қолымыздан талай қалмак...

Күн сайын лағнат айтып отыратын,  
Боламыз, қызды ұялмай, калай алмақ?..

Бұл сұлу бәйгіме енді маған тиді.  
Тақсыр хан, билігіңе басымда идім.  
Ұрықсат бердім қызға елін тапсын,  
Олжаны ұры қиған мен де кидым...

Тарқатсын нәзік тұтқын қасірет, шерін,  
Жарамады бір жүйрікпен тапсын елін.  
Еліне аман кайтып сұлу бикеш,  
Өлмесе, тауып алсын жомарт ерін...

### **Ерік алған қыз бен ханның колы**

Иілді Адақ ханға болып сөзін,  
Кіргендей болды көпке біраз сезім.  
Бұралып құзда тұрған сұлу пакыр  
Ырза боп, тұрды жылап сұртіп көзін.

Абылай төмен қарап тұрды түйік,  
Ішінде тұншыққандай мылқау қыык.  
Ешкім де бұза алмады біткен істі,  
Әскердің әлгі сөзге көбі-ак үйып.

Мінбелеп шындар көлге шұниеді,  
Айнала көктен төніп ұніледі.  
Көлбекен Бурабайдың айнасына  
Шындар мен көктен басын күн иеді.

Сұлудан дәмелілер үміт үзді.  
Анталарап, әскер шулап, қамап құзды.  
Ерік алып, көкірек керіп демін алған,  
Жамырап, құттықтады тұтқын қызды...

Қаранып сұлу енді оң мен солға,  
Сөйледі ханы менен қалың қолға:  
«Тақсыр хан, үлкен аға, замандастар!  
Кідірмей бет түзейін, шығып жолға.

Ойлап ем сырымды айтып жыламаққа,  
Жұмбақтап ханнан ерік сұрамаққа,

Әдейі күз басына шығып едім,  
Бермесе, тұңғиыққа құламаққа.

Теренге төнген құзды сайлап едім,  
Басына шығып кепті сайрап едім.  
Олжаға түсер болсам, құздан құлап  
Өлтүгे белді бекем байлап едім.

Рақмет құтты болсын дегендерге,  
Зарымды бүйтіп шешкен кеменгерге...  
Тағы да адамшылық еткейсіздер  
Олжа боп біздін елден келгендерге...»

Кідірмей бір жүйрікті алдыртады,  
Ерлетіп коржынды ондап салдыртады.  
Сусындал, тұтқын сұлу киінгенше,  
Суартып, жетектетіп, шалдыртады.

Тұрды қыз сымдай болып белін қынай,  
Қос бұрым, сұмбіл шашы беліне ұнай,  
Женген сон, сұлу енді құрмет көрді,  
Келгендей Абылайдың елін сынай.  
Сөйлесіп анталаған батырлармен,  
Жүретін жолдың бағыт жөнін сұрай...  
Қалмактың өзге тұтқын әйелдері  
Коштасты, зар еніреп жылай-жылай.

### Қыз бен Керкөжек

Шапшыды, тықыршып Кер бәйге сұрай,  
Аузымен құс тістеген бейне құмай.  
Жандыға шалдырмайтын жел аяқты,  
Куса да қос қанатты мейлі құдай!

Көжектей қамыс құлак, сымпыс құйрық,  
Бүгілген бадана көз, мінсіз сүйрік.  
Алмайды қанатсызды қапталына,  
Жүйткісе көз ілеспес сағым жүйрік.

Жетектеп әлекедей Көжек керді,  
Серке сан, бота тірсек өжет керді,

Шаужайлап аяңдатып бір жас жігіт,  
Тізгінін қатты қымтып, тежеп көрді.  
Секіріп, аузын ашып, көкке шашып,  
Көжек кер қобалжытты үстегі ерді.  
Желікті, дәйек қылмай, тез пыскырып,  
Шашпакқа бүркыратып ашы терді.  
Жұлқынып, ауыздығын қарш-карш шайнап,  
Тұқырып, құшырланып, тарлып жерді,  
Шиыршық атып, билеп шырқ айналды,  
Уытты епкінімен шарпып желді.  
Атыспай Абылайдын қолын женген  
Жөнелмек алып сұлу кеменгерді.  
Сұлуды кетпек алып құстай ұшып,  
Дегендей: «Таркатсын тез шемен, шерді».  
Ынғайлап, қызға әкеліп Көжекті үстап,  
Мөлшерлеп, коржынға сап корек берді.  
Жолшыбай су алуға керек десіп,  
Бұкtesіп, коржынға сап көнек берді.  
Пысықтап кайта-қайта: «Адаспа», – деп,  
Жадына жөнін мегзеп, шенеп берді.  
Мініп ап Керкөжекке, шіркін сұлу,  
Бұралып қош айтысып жөнеп берді.

Мінген сон Куандықтың құмайына,  
Жөнелді қыз елі мен жұбайына.  
Жолшыбай тірі жанға шалдырар ма,  
Керкөжек тигеннен соң сыйбайына?

Жөнелді аузын ашып керше таңлак,  
Ырғиды, құйын сокқан бейне қанбак,  
Не құмай, не бұлдырық, не қаңбак деп,  
Айтартсын, қарамасаң әбден андал.  
Сейгүлік Куандықтын арда кері,  
Жорыққа Барак батыр мінген таңдал.  
Бауыры анғал шыңының болды жым-жырт,  
Сағымдай бітті тозып, калған шандық.

Жас елік кетті босап тұтқан колдан,  
Жас құлан шыкты ойнактап тұсқен ордан.  
Тұтқын қыз, Керкөжекпен кептер құсша,  
Жытты енді босанған соң темір тордан...

...Тарихқа болмаса да онша дерек,  
Әркім-ақ оқып көрер қылса керек.  
Көреік толық білген жазсын жақсы,  
Еш ертек меншікті емес ешкімге ерек.

Талай сыр ертегіні ел айтады,  
Ызында таудан соккан жел айтады.  
Жасырын сыбырласқан жапырактар,  
Күндіз-түн күңкілдеген көл айтады.

Толғанып тәмен қарап шал айтады,  
Тамсанып таңырқанып бала айтады.  
Тау, тасты тұнжыраған күе қылып,  
От басы қатын-қалаш – бәрі айтады.

Ертегі болмаса да хатта қалған,  
Аузында шежіренің – қартта қалған.  
Карттардың баян қылған әңгімесін  
Есіткен кейінгілер жаттап алған...

Жыршы ақын домбырасын шертіп торде,  
Ертеклен таныстырап ашып перде.  
Тындаған алқа-қотан әлеуметтен  
Талапкер жат алады, болса зерде.  
Домбыра түптен қозғап жырын сарнап,  
Күрсініп толғанады коңыр перне.  
Коздатып көшкен елдей шұбыртады;  
Моншакша тізбектеліп айтқан терме...

Домбыра сарнайды үдеп күйін шертіп;  
Толғанып жырлайды ақын талмай тертіп.  
Ертегін Көкшетаудың баяндайды,  
Ұзакқа шапқан аттай шоқып, кертіп.  
Тындаған алқа-қотан әлеуметті  
Ертекші тамаша етіп алады ертіп.  
Тамсанып ертегіге ертедегі,  
Әлеумет тенселетін күймен елтіп...  
Ертекке енді әлеумет емес құмар...  
Ескілік енбекші елге болмас тұмар.  
Енбек пен өнер күйін естісе енді,  
Әлеумет ынталасып елтіп тынар...

1925-1928 жылдар.

## II

### АҚЫН

Ғибратты сөздер айтып болдың ақын.  
Мұсәнләғләр<sup>1</sup> сөзіне сөзің жакын.  
Үлгі қып кейінгіге жаздың нұска.  
Қыннан қыстырып сөздің нақын.

Сөзінің қарап тұрса мағынасы мол,  
Бастаушы адасканды болғандай жол.  
Өзге сөздің патшасы – сенің сөзің.  
Я бар бол бүл дүниеде, яки жок бол.

Өлсен де мың жыл бұрын сенің өзің,  
Тозбайтын алтын үлгі қалған сөзің.  
Сынар жақ, пікір қысық тоң мойынды  
Түзеуге үміт етіл құрған тезің.

Сөзінді үлгі қылды білген адам.  
Түсінбес оқыса да бітеу надан.  
Наданға құр қу ағаш құрған тезің,  
Көткеншек, алға қарай баспас қадам.

Сөзіннің жылдан-жылға қадыры асты,  
Окуға құмар қылды талай жасты.  
Құмар болған кеудесі – сәулелі ар,  
Айтпаймын ауылдағы шыбай масты.

Саналы көзі ашыққа сөзің алтын,  
Санасызыға – жел сөз, я соккан салкын,  
Ойында санасызының еш нәрсе жок  
Ілгері бассын деген қазақ халкын.

### МҰН

(Досым Нұрмакұлы Нығметке арнадым)

Қалғанда тар лахатта жалғыз өзім,  
Жан кетіп жұмылғанда екі көзім,

---

<sup>1</sup> Мұсәнләғләр – араб сөзі, замагы, тілеуі бір деген мағынада.

Айрылған тән мен жандай қаларсың сен,  
Жалындай жүрек жарған мұнлы сөзім!

Қайғылы – қысқа өмір күнім өтіп,  
Жан мен тән айырылысада уақыт жетіп,  
Не сырмен, кандай күймен айтқанымды  
Кім білер қалғанда сен, өзім кетіп?

Шаттансан, қасірет тартсан жүдеп, арып.  
Ерікесі шығушы едін қөкірек жарып.  
Табиғат өзгелерден өзгеше бол,  
Жат туған бұл дүниеге мен бір ғарып.

Біреудін мал мен басы, дәулеті көп,  
Біреудін тұрмысына көnlі ток.  
Ал менің іздегенім:  
                          мұн айтысад  
Жан жолдас, бұл уақытта ол менде жок.

Дүниенің әуресіне налыққанда,  
Шыбын жан қайғы-дертке жолыққанда.  
Жан жолдас болар ма еді ашыр жаны,  
Тәніннен қуат кетіп талыққанда?!

Жігіттін болмаса егер жан жолдасы,  
Емес пе мұнды ғаріп ғазіз басы?  
Қайғысы, қасіреті кімге батар,  
Сел болып акса дағы көзден жасы.

Ешкім жок шер тарқатып, көnlі ашар.  
Жүректін күйіп, жанған дертін басар.  
Мұнымды жұртқа айтпаған саған шактым,  
Жүрек – от, көnlі – дария, халім нашар!

1915 жыл, Омбы.

## ТҰЛПАРЫМ

(Тұтқын)

Темір торлы тас үйде  
Көкірегім толды шерменен.

Қанатты, тағы тұлпарым,  
Арқырап келші кермедин;

Тұмарлап баптап, айдарын,  
Күйрығын сүзіп ерлеген,  
Құтқаршы мені қамаудан  
Шынжырлап ерік бермеген;

Мініп ап «шу!» деп кетейін,  
Жарысып соққан жемденен,  
Көбігін шыксын құмістей  
Шомылып ақкан терменен;

Аймакты жарып дүбірін  
Жанғырсын таулар, жерменен,  
Сыпыра шауып қырымды,  
Амандастып көлменен;

Бұралған өзен, орманмен,  
Зенгір таумен, белменен;  
Өңкей сорлы езілген  
Көрсейін елменен.

1918 жыл.

## САҒЫНДЫМ

(*Қамауда*)

Тұғалы капас көрмеген,  
Көкіректе кектер кернеген.  
Талпынып құлаш сермеген  
Айтайын ішкі сырымды:

Қайырымды калың елі бар,  
Сарыарка сары белі бар,  
Өрісті шалқар көлі бар  
Сағындым мен қырымды.

Өзенді, көлді жайланаң,  
Кермеге тұлпар байлаған,  
Хабарсыз арам ойлардан  
Сағындым мен аулымды.

Жібектей шашы оралған,  
Қыпша белі қыналған,  
Еркесі қырдың бұралған  
Сағындым мен сәулемді.

Айналып-толғап өсірген,  
Ақ сүтін беріп кешірген,  
Тастамайтын есінен  
Сағындым ғаріп анамды.

Мал бағып, шауып ойнаған,  
Үйреткен асай бойлаған...  
Кек жасыл шебі жайнаған  
Сағындым еркін даламды.

Қымызы бал шараптай,  
Жігіті бағлан манаптай,  
Тұлпары тарпан қанатты  
Сағындым бейбіт елімді.

Таулары биік қиялы,  
Орманы шалғын миялы,  
Жылқы, кой, сиыр, түйелі  
Сағындым Арқа – жерімді.

1918.

## ҚАМАУДА

Тас үйдегі тұтқынды  
Аяған адам жоқ болды.  
Аяды бірақ табиғат,  
Көnlім соған ток болды.

Терезенің алдына  
Торғайлар кеп ән салды.  
Ызғарлы қамау тас үйге  
Күйлендіріп жан салды.

Даладан көгал жас исін,  
Жіберді маған желменен.  
Терезеде отырып,  
Сейлесті көnlім елменен.

Болса да алыс қызыл күн,  
Шұғыласын шашты алтындалап.  
Ғашығым менің – бостандық  
Келді алдыма жарқылдалап.

Терезеден өлшеусіз  
Көрсетті қыр, кендігін,  
Табиғатына дүниенің  
Патша мен тұтқын тендігін.

Демін салып маїда жел,  
Құшактап сүйіп тәнімді:  
Сүйгенімдей тербетіп  
Жұбатты менің жанымды.

Отырмын күзет – камауда  
Дүшпаннан тәнім женілді.  
Жене алмас бірақ еш пәнде  
Асай еркін көңілді.

*1918 жыл, июнь, Ақмола.*

## АДАСҚАНДАРҒА

*(Тұтқынның сөзі)*

Нашарларға болысып,  
Құзетшілер бетін қайыру,  
Тырнағынан олардың  
Езілгендерді айыру

Жолында жүрген бауырына  
Тас аттындар бәрің де,  
Мырзаларға қосылып  
Жастарың да, кәрің де,

Адамдықтың үшкыны –  
Сендерге егер ар болса,  
Бердім соның сотына,  
Халық – тәнір бар болса!

*1918 жыл, шіоль, Ақмола.*

## ШАЙИТ БОЛҒАН ДОСТАРЫМА

Дүниеде ер жігіттің өлгені арман,  
Қадірсіз айдалада көмгені арман.  
Михнатты, қайғы, қасірет, былғанышты –  
Бәрінен сүм дүниеге келгені арман.

Ер жігіт ақ өліммен өлгенінде,  
Сыз төсек қара жерге көмгенінде,  
Жалғыз-ак сорлы ананы аяймын мен  
Ойға алып жакындарым тергенімде.

Тыншығар біраз жылап сүйген жары,  
Ұмытар жакын деген достың бәрі.  
Дүниеде ұмытпаймын жалғыз-ак сол,  
Сорлы ана, көкірек жарған қайғы, зары!

Аяныш емес ердің қара басы,  
Аяныш емес және жан жолдасы,  
Дүниеде ең аяныш естен кетпес –  
Тамшылап сорлы ананың акқан жасы!

1919 жыл.

## АЗАП ВАГОНЫ – ДОЗАҚ

Тендігі үшін нашардың  
Жауызға көнбей туладық.  
Залымдардың жасаған  
Аранына уладық.

Қаранды, сұық зынданды.  
Жатақ қылды тәніміз.  
Қылыштың жүзі, мылтықтың  
Аузында болды жанымыз.

Шенгелінде жауыздың  
Кетіп адам сәніміз,  
Аystандай шынжырлы  
Өртеніп, қайнап қанымыз,

Бір шұнқыр су, түйір нан  
Үйреншікті ас болды.

Күл, көмір, қиқым, тоң – төсек  
Жастығымыз тас болды.

Тас көмірдің топырағы  
Денені басып қаралап,  
Тас көмірдің тұтіні  
Өкпені қауып аралап,

Қол-аякта көк шынжыр,  
Жыланша жалап, жаралап,  
Жауыздардың дозағын –  
Көрдік корлық азабын.

1919 жыл.

## ТҮРМЕДЕН ҚАШЫП ШЫҚҚАНДА

Шыдамадым капаста,  
Кеңшілікке каштым.  
Көндікпедім матауға,  
Асау атша бастым.

Уф! Шырқап, зымырап,  
Сұнкардай заулал ұшайын!  
Ұшайын!

Көкті, жерді қапсырып  
Әй, бір құшайын!  
Біріктіріп құшайын!

Қолға тускен бүркіттей  
Ішім қатты пысып ед.  
Енсемді басып ку қамау,  
Кеудемді қатты қысып ед.

Уа, кен дала, кен дала!  
Еркін байтак ен дала.  
Құшағынды аш, төсінді аш!  
Төсіне мені қысып бас.

Мен ер,  
ер,  
Мен бала,  
Жас.

Уф, шіркін-ай, бұл не шаттық?!

Мен күшті енді!

Мен...

Мен...

Мас...

Тағдырдың көз жете ме бермесіне?

Дәуренің неше айналып келмесіне?

Қамауға жігіт адам қоңсін неге,

Жігері жок болмаса зердесінде.

Міне аспан, міне халық, міне дала,

Әне орман, әне кең әм еркін дала.

Жұғірген, жұрген, шапқан ерсіл-қарсыл,

Міне үлкен, міне жастар, міне бала!

Уф, Жүрейін, жүреійін,

Осы жерден кетейін.

Бостандық, кендік, байтаққа

Күн-түн қатып жетейін.

Тіршілік, тұрмыс менікі!

Әуп!

Ауаны жұттайын!

Жұттайын!

Кеудемді керіп жұттайын,

Бар ауаны құртайын!

1919 жыл.

## БОРАНДА

Ызғарлы тұтек боран сокты қатты,

Жұз кадам жер көрінбей... кеш те батты ...

Екпіндең дүлей боран гулей соғып,

Еніретіп төніректі ызындаатты.

Бекітіп қораларын, малын қамап,

Масайрап үйлерінде ішіп тамак,

Малдылар отырғанда күліп-оїнал,

Боранда келе жатты сорлы шал-ак.

Сорлы шал бұл адасып келе жатқан,

Кү бейнет жарлылықтың дәмін татқан.

Қойын, қоныш, мойнына ызғар өтіп,  
Үлбіреп қарлар толып, еріп қатқан.

Іінінде дорбасы бар нәрсе салған,  
Жинаған ескі-құсқы жүрттан алған.  
Жаны ашып асыраған адам болмай,  
Қанғырып қайыр сұрап арып-талған.

Омбылап журе-журе өлі кетті.  
«У... ажал, тыңышқыр», – деп бүрды бетті.  
Қу кедей қыста қатқан, жазда кеуіп,  
Әмірде серік қылған қу бейнетті.

Ыскырды дүлей боран екпіндектен,  
Сорлыны қалтыратты ызғар өткен.  
«У, у, у!.. Алла... өлгенім-ау, ә-әй, адастым».  
Сорлыны жықты қарға өлі кеткен.

Сорлы шал жан таласып біраз жатты.  
Денесі өлі кетіп мұз боп қатты.  
Уу... гу-гу дүлей боран, ей!.. Ей... жан жок.  
Сорлыны қармен көміп бетін жапты.

Ракымсыз дүлей боран! Гуле, сок-сок!  
Барлық бай үйлерінде тамағы ток.  
Қанғырған сорлыларға өлің келсін,  
Аяйтын арттарында ешкімі жок.

1919 жыл.

## ҚАМЫҚҚАН КӨҢІЛГЕ

Көңілім-ау, жанған оттай шалқушы едін.  
Қырандай жоғары өрлеп қалқушы едін,  
Зұлматқа қаһар тігіп, лағнат айтып,  
Балша еріп махаббатқа балқушы едін.

Еркінді қу қайғыға берме, көнілім!  
Қүйленіп бұрынғыдай керне, көнілім!  
Қамығып жабырқадың неге мұнданай,  
Талпынып көкке құлаш серме, көнілім!

Бір уақыт біздің талай асканы рас.  
Көп дүшпан сырттан күнделеп, қастаны рас.

Жарқырап жерге тұсken қызыл күнді  
Бұл күнде кара зұлмат басканы рас.

Бұл күнде көп дүшпанның жеңгені рас.  
Қара тұн қапылыста келгені рас.  
Жүрекке жара салып тиген оқтай,  
Қайғы-дерт көкірек жарып енгені рас.

Бұл күнде жау жағадан алғаны рас.  
Көп дүшпан аяктан кеп шалғаны рас.  
Шала өлтеген қара жылан андаусызыда  
Өкпеден көк найзасын салғаны рас.

Кажыма, ер көнілім, бәрі де өтер.  
Сан азап бір күнгідей болмай кетер.  
Қара тұн басып тұрса алды-артынды,  
Жарқырап ататын таң өлі-ақ жетер.

1919 жыл, март.

## БАБАЛАРЫМА

(Шагын)

Қу заман баска салды мұндай шакты,  
Қайтейін, медеу қылым жалғыз хакты.  
«Ұрағың өсіп-өнген ұрулы ел бол», –  
Деуші еді бабам Тока аруақты.

Ескене, Байбек, Жәнібек – бергі атам.  
Қайырлы деуші еді ғой берген батан.  
Михнат, киыншылық басқа түсті,  
Жок еді істерімде ешбір катам.

Ор, Аба, Есен, Нұра жерім еді,  
Куандық – Қаратока елім еді.  
Қолдар деп қысылғанда бабаларым,  
Сендерге асау балаң сеніп еді.

Бар жазам күштілермен жарысканым,  
Жыртқаным сорлы жұрттың намыстарын.  
Тендікке нашар жұртты жеткізуге  
Көп жауыз ұлықтармен қарысканым.

Жазғаным елді біраз билегенім.  
Пандарды ұлықсыған илегенім.  
Әйел мен кедейлерге «тәнелдің» деп,  
Оларды өрге қарап сүйрекенім.

Ел жеген жауыздарға қарсы түрдым,  
Нашармен қол ұстасып бірге жүрдім.  
Би, болыс, бай, төренің малдарына  
Сатылмай әділшілік жолын құрдым.

Жат жерде жауыз заман жаяулатты.  
Бұрынғы ұмыттырды мінген атты.  
Бір күнде бай мен панды илеткізіп,  
Артынан басқа салды михнатты.

Күлдіреп табандары, баулаған,  
Қамығып ер көнілі қаяуланған.  
Ұрпағын жүйірік мінген, бабаларым,  
Жоқ шығар мендей балан жаяулаған.

Жаяулап дәмін таттым талай елдін.  
Аралап сүнін іштім талай жердін,  
Еш жерде ат-жөнімді, сырымды айтпай,  
Біреуі болып сорлы жұмыскердін.

Табиғат өзгеше боп туған едім,  
Белімді жастан бекем буған едім.  
Халықтың қорлық көрген туын ұстап,  
Әділдік жолын іздел қуған едім.

Болса да жолым кын михнатты,  
Сол жолда басшы қылдым жалғыз хакты.  
Дарияға қайық салған өр баланды  
Қолда енді, бабаларым, аруакты!

1919 жыл, май, «Баян ауыт».

## ШӨЛДЕ

### I

#### Домбырага

Көкіректе қайнаған кек ондыра ма?  
Көнілді бір орынға қондыра ма?

Тұнерген кара қабак жадырасын,  
Ән салып, қүй қүйләйін дөмбыраға.

Аршадан кертіп жонып тиек салдым,  
Ыңаны тарқатуға дөмбыра алдым.  
Күніреніп, көтеріліп, қанат сермен,  
Дөмбырам, айтшы бәрін біздін халдін!?

Дөмбыра-ай, қүйлер қоссын пернелерін!  
Тарқатшы қекіректегі кектің шерін.  
Қабакты қарсы жауып тұнжырады,  
Тұнеріп, түгі шығып қайратты ерін.

Дөмбыра күйлегенде шықкан сарын,  
Кекіректен ән салғанда шықкан жалын,  
Күйдіріп өм мұздатып жан мен тәнді,  
Әлемге біздін халдің айтшы бәрін!

## II

### Ақкуға

Келеді мұнды дауыс құлағыма,  
Ялырым-ай, бір сорлы әйел жылады ма?  
Сағынып әлде қымбат бір адамын,  
Көл кылып көздің жасын бұлады ма?

Уа, әне, санқылдаған ақку екен,  
Біреуге сәлем айтсам, айттар ма екен?  
Әй, ақку, әй, сәлем айт жолыққанда,  
Сарыарқа сынсыз сұлу біздің мекен.

Сол жақта естен кетпес бір адам бар,  
Сорлы ана – ол сағынып еңіреген зар.  
Кекірегі қарс айрылған «үһ» дегенде,  
Емес ол опасы жоқ сүм сүйген жар.

Уа, дүние-ай, қанат бітіп құс боп үшсам,  
Сағынған сол байғұсты барып күшсам.  
Шипа боп жаракатты жүргегіне,  
Құшактап кекірегіме басып қыссам!

### III

## Күрөн атка

Күрөн ат, күрсінесін, зорықтың ба?  
Аркадан күдер үзіп торықтың ба?  
Мендей-ақ тыныштық таппай елді тастап,  
Сен дағы сергелденге жолықтың ба?

Күрөн ат, жабыркайсың, қамықтың ба?  
Сағынып Сарыарқаны тарықтың ба?  
Тыныштыктан безіп жүрген бір адаммен  
Жолдас боп, арып-ашып талықтың ба?

Күрөн ат, жабыркана, арқаң босар.  
Үйірден бөлген тағдыр қайта косар.  
Ел-жүртқа есен қайтсақ, тілекестер  
Той-қылып, алдымыздан бізді тосар.

1919 жыл, октябрь, «Шол».

## ЖЕЛ ҚАЙЫҚТА

Тәуекел дарияға салсан қайық.  
Талмай дүз, тұтқан жолдан кетпей тайып.  
Дарияда бірде тыныш, бірде дауыл,  
Қаңбақша кезер кемен қанат жайып.

Айықта қалқыр кемен тыныш тауып,  
Сұрапыл дауыл соқса қатер-қауіп.  
Тілсіз жау – қара дауыл үні күрыр,  
Ескекті мықтап ұста кетпей ауып.

Тымықта құлаш керсөн әнге салып,  
Кулеп сал толқында да қаһарланып.  
Сыр берме жел қайықка мінгеннен сон,  
Рақатты, михнатты да мойынға алып.

Толқында, тымықта да өлеңдетіп,  
Дариядан қорықпай дүзіп аман өтіп,  
Ғадірлік, махабаттың патшалығын  
Көрерсің мақсұтыңа барып жетіп.

1920 жыл, октябрь, Орынбор.

## ДОМБЫРА

Алка-қотан әлеумет  
Отырды кең ордада.  
Өткен-кеткен әңгіме  
Сейленіп өтті ортада.

Домбырамды колға алып,  
Шертіп, толғап күйлеттім.  
Тұрлі сарын, тұрлі күй,  
Пернелерін сөйлеттім.

Біресе сөйлеп рухтанып,  
Домбырам менің зарлады.  
Біресе жылап күніреніп,  
Біресе тағы аңырады.

Біресе шалқып шаттанды,  
Сөйледі, құлді сыңқылдап.  
Біресе қызып күйінді,  
Күрсініп, уһлеп, ынқылдап.

Құмарланып біресе,  
Елжіреп мас боп былқылдап,  
Жалындај жанып, созылып,  
Үзіліп, толғап қынқылдап.

Домбыраға қосылып,  
Көкірегім де сарнады.  
Кернеді, толды, тасыды,  
Көзімнен жас парлады.

Біресе толып күш келіп,  
Құлаштап бипыл шалқыды.  
Біресе еріп балдай боп,  
Үлбіреп және балқыды.

Тындаушы үйде әлеумет  
Көнілденді, ойнады.  
Тұнжырасып біресе,  
Теренге сұнгіп ойлады.

Домбыраның күйлері:  
Жас жүректің сыры еді,  
Көнілдің зары, мұны еді,  
Көкірек сарын-ұн еді.

Кеулеген рухтың иманы,  
Шалқыған екпін күші еді.  
Ұлбірек, нәзік әм сезгіш,  
Қайнаған жанның ісі еді.

1922 жыл, Тауекент,  
Дұрман.

## КІМДЕ-КІМНІҢ ТАСҚЫН СУДАЙ ҚАЙРАТЫ

Кімде-кімнің тасқын судай қайраты.  
Күркіреген бұлтты аспандай айбаты.  
Екпін-күші асау тағы тұлпардай,  
Серпіндісі тас түлекті сұнкардай.

Бауырларым, екпін күшті кернейік,  
Ескілердің есебіне ермейік.  
Ескі жоба, ескі өлшеу тар қапас,  
Күшті жұмсап, ірікпей құлаш сермейік.

Қырысзыздың қырына жетейік,  
Өлшеуі жок көк мұхиттан өтейік.  
Аспандағы алыс қызыл жұлдызы  
Жерге өкеліп жердің көркі етейік.

Шешілмен ескі жұмбак шешейік,  
Жерді, аспанды тынбай сүзіп кешейік.  
Сансыз қын бөгеттерді жолдағы  
Киратайық, уатайық, кесейік.

Қара жерден аспан асып ұшайық,  
Жерді, аспанды біріктіріп құшайық.  
Аспан, жерді қуыршақтай қапсырып,  
Алып қолға ырғап, шайқап қысайық.

Асуы жок асулардан асайық,  
Ашылмаған тас қакпаны ашайық.

Болмағанды болдыраійк дүниеге,  
Жана тұрмыс қара жерге жасайык.

Кімде кімнің тасқын судай қайраты,  
Күркіреген бұлтты аспандай айбаты.  
Екпін-күші асау тағы тұлпардай.  
Серпіндісі тас түлекті сұңкардаі.

Бұл сөзіме түсер жалғыз осылар,  
Жар салысып, тізе косып қарсы алар.  
Дүбірімен дүниені жанғыртып,  
Ұран салып екпінді ерлер косылар.

*1922 жыл, 10 шуоль, Орынбор.*

### АСПАНҒА ҰШ

Мініп ап ұш аспанға аэроплан,  
Тау басынан қызықсын ұшқан қыран.  
Таба алмасын жауларың, жерде қалсын  
Жорғалаған сені аңдып қу-сүм жылан.

Орынбордан таңертен шықсан ұшып,  
Ақмолада дем алып түсте түсіп,  
Семей барып қонаға съездे бол,  
Ертеніне қайтарсың қымыз ішіп.

Тұнде ұшсан адасып кетпей лағып,  
Жұлдыздай ғып тұтатып фонарь жағып.  
Және шылым тұтатып я қызықсан,  
Жарқыратып коярсың төске тағып.

Керек болса бұлттарды койша бағып,  
Пұшпағынан жинарсын аркан тағып.  
Жауын керек жерлерге жаудырарсын  
Дүрсілдетіл сабаумен төмен қағып.

Ұшқың келсе мініп ап аэроплан,  
Жұртты шакыр алуға, салып ұран.  
Даласынан қазактың құс болып ұш.  
Құлашты жай, жас түлек батыр ұлан!

*1923 жыл, 30 шуоль, Орынбор.*

## АНАНЫҢ ХАТЫ

Байғұс ана хат жазыпты,  
Депті «балам сағындым».  
Ұмыттың ғой бізді тілті,  
Бір келмедің неғылдым?

Оку іздел кеткеніннен,  
Ауылға бір қайтпадын.  
Біз не көрдік жеткеніннен  
Елге кеп уәз айтпадын.

Балам едің емшек берген,  
Түн үйқымды төрт бөліп,  
Анан едім жапа көрген,  
Сені өсіру дерт болып.

Жас құнінде көп ойлаушы ем.  
Сені әлділеп тербетіп.  
«Арманым жок» деп ойлаушы ем,  
Калқам өссе ер жетіп.

Болмай шықты ойлағаным,  
Сен жігіт бол жеткен сон,  
Қалжырадым, ойла, жаным.  
Сен алыска кеткен сон.

Талай жылап жүруші едім  
Сенің бала кезінде.  
Неге екенін білуші едің,  
Қалқатаіым, өзін де.

Алданышым қалқам еді.  
Сонда менің қуатым.  
Сен тұнғышым – марқам едің,  
Бар қайғымды жуатын.

Көрмеп едім жар қызығын,  
Бір сен едің тілегім.  
Бір сен едің бар қызығым,  
Шыбын жаным, жүрегім!

Қарай-қарай көрінгенге,  
Екі көзім төрт болды.

Еш қайғым жок сенен өзге,  
Аш өзегім өрт болды.

Ойла, енді кім мені күтті,  
Картайдым, кем саулығым,  
Үсті-басым тозып бітті,  
Тозды баста жаулығым.

Кетсен «балам» өз алдына,  
Мен не болам, біл өзін.  
Елестейді көз алдыма,  
Балақұнгі мінезін.

Бала едің сен жыламайтын,  
Еркелікті білмеуші ен.  
Жоқты бер деп сұрамайтын,  
Және орынсыз құлмеуші ен.

Отырғанда от басында,  
Ертек айт деп қоймаушы ен.  
Тұрымтайдай боп қасымда,  
Тындауға бір тоймаушы ен.

Ертек айтсам нануышы едін,  
Құмарланып, құлымын.  
Көзінде от жанаушы еді,  
Салбырап қос тұлымын.

Қызық еді ойындарын  
Бәйге тігіп жарыскан,  
Ұзын шыбық сойылдарын,  
Жаумен ел боп алыскан.

Өнкей бала екіұдай боп,  
Намыс үшін дауласқан.  
Кек алға тегіс сай боп,  
Жасак құрып жауласқан.

Жауға жасақ сайлаушы едін.  
Үлкен болып саптанып.  
Сен түсіріп байлаушы едін,  
Келген жауды аттанып.

Сөйтіп кейде зорлық көрсөн,  
Жылап үйге қайтпауши ен.  
Іште сактап корлық көрсөн,  
Жанға шағып айтпауши ен.

Пәлен жерде сені сырттан,  
Ұлық болды деседі,  
Ағайының естіп жұрттан,  
Гүлеп желдей еседі.

Арманым зор, неғылайын,  
Елге келіп тұрмадын,  
Маған салып сары уайым,  
Артка мойын бұрмадын.

Сен де «халық би» болмас па ен,  
Болмас па едің комитет,  
Елге сен де сый болмас па ен?  
Тілімді алсаң нен кетед!

Сені дағы ел кадірлеп,  
Тұсер еді түрлі сый,  
Мал жинар ен, сен де түрлеп,  
Оюлы отая – тігіп үй.

Енді қалған өмірімді,  
Келінім боп күтер ед.  
Әлділесем немеремді,  
Бар арманым бітер ед.

Ойла, енді кім мені күтті,  
Қартайдым, кем саулығым.  
Үй іші де тозып бітті,  
Тозды баста жаулығым.

Қалжырадым, сағындым мен.  
Бір кеп көрін көзіме.  
Ұмытқандай неғылдым мен?  
Жауап қайыр сөзіме!

1925 жыл, 25 декабря.

## АНАҒА ЖАУАП

Амансын ба, байғұс апа?  
Денің сау ма, әп-еке!  
Кайтартдың ба, болып кала?  
Әжемдей бол Тәп-екен?

Қалжырадым, сағындым деп,  
Елге қайт деп жылайсың!  
Ұмыткандаң неғылдым деп,  
Тез хат сал деп сүрайсын.

Апа-ау, бұл не қайғың тағы?  
Неге сонша, қапасың!  
Балаң қайда жүрсе дағы,  
Неге ұмытсын апасын!

Әлі есімде мені талай,  
Аш бауырыңа басқаның.  
Ұмытылады, айтшы, қалай,  
Талай тамған жастарын.

Мені басып аш бауырыңа,  
Ыңғыранушы ең, ырғауушы ең.  
Домалаушы ед жас бауырыңа,  
Қасірет мұнын жырлаушы ең.

Жадымда әлі мені тербел,  
Талай айтқан жырларың,  
Жүргіме қатқан шер бол  
Қасіретіннің сырлары.

Сонда-ақ білгем талай сырды,  
Сол заманың жалғанын.  
Қасірет көріп жас өмірді,  
Көнілің сөніп қалғанын.

Сол уақытта-ақ әр сөзіне  
Имандай-ақ нанғанмын,  
Маған шаққан зар сөзіне  
Мен де күйіп, жанғанмын.

Шындалап сүйген жанның сыйын·  
Сенен ғана алғанмын.

Кемшіліктің зарлы қүйін  
Сенен естіп қанғанмын.

Шын суюді сенен көріп,  
Сенен ғана білгенмін.  
Күлсен, мен де саған еріп,  
Қуанғанинан құлгемін.

Ауыр еді бұрын қүйін,  
Бәрін айтып тергенде,  
Үрза болушы ең, әжем үйі  
Қымыран, шалап бергенде.

Кейде болмай қалып шалап  
Ұлken үйде, әжеде,  
Отыруши ең отқа қарап,  
Болмай бидай көже де.

Кемшілікке ызалаңып,  
Кейде отырып жылаушы ең.  
Жоқшылыққа назалаңып,  
Көктен жауап сұраушы ең.

Сен білетін біз емессің  
Көк пен жердің меніреуін!  
Жансыз мылқау қалай сезсің  
Сорлы жанның еніреуін!

Сенің жасын маған шер боп,  
Балдырымда-ак қүйгенмін.  
Тендік алсам, өсіп ер боп,  
Жүрекке ант қып түйгенмін.

Сол ой бұлт боп бастан кетпей,  
Ойдан тымақ кигенмін.  
Өзімді артық, ардақ етпей,  
Апа-ау, сені сүйгенмін.

Көктен күтпей сол жауапты,  
Жерден іздел кеткенмін.  
Әзірге оның жолын таптым,  
Өтіп ұлы өткелін!

Тапқан жолым қазіргі осы,  
Жат-ау саған тілдерім.  
Біздің үкім өзірge осы,  
Жалпы тендік ілгери.

Ұмыткандаи неғылдым деп,  
Ұмытты деп ойлайсын.  
Қалжырадым, сағындым деп,  
Елге кайт деп қоймайсын.

Ердін ерін сынайтұғын,  
Ұлы өткелден өткенмін,  
Апа-ау, не бар жылайтұғын,  
Жолдан қайтсам, неткенім?

Жалшы үкімі тапқан жолым,  
Ұлы өзгеріс өткелім.  
Өткел дәмін татқан болып,  
Жолдан қайтсам, бетке өлім!

Жок емессін бұрынғыдай,  
Отыратын дағдарып,  
Кәзір бопсын тәп-тәуір бай,  
Әже, айтпақшы, бақ дарып.

Сиырың бар аш қылмайтын,  
Жұқ артатын түйен бар.  
Шаруана қас қылмайтын,  
Көз боларлық жиен бар.

Қайт деп, апа, жылай берме,  
Жүремін ғой, жазып хат.  
Жазғытұрым барам елге,  
Партком берсе рұқсат!

1926 жыл, 6 январь.

## СЫР САНДЫҚ

(Досқа жазған хаттан)

Шырк айналар шіркін тауық,  
Жемің болса қолында,  
Кайдағысы сені тауып,  
Топырлайды жолында.

Досынмын деп ант береді  
Жем іздеген жанама.  
Жем таусылса, жалт береді,  
Сенерлік дос санама.

Нағыз достар – бір-ак қалып.  
Шындал берік сүйіскен.  
Бір-біріне сыр актарып,  
Сыр түйінін түйіскен.

Әр адамның ішкі сыры –  
Берік койма сақталған.  
Сол койманың бір түкпірін  
Достың досы-ак актарған.

Кейде ашуға сол түкпірді  
Іздейді жан жақынын.  
Шертеді жан сырлы жырды,  
Сырлас жанын шақырып.

Тыныс керек кейде жанға,  
Кейде жанға ән керек.  
Күй шертуге анда-санда  
Сырласарлық жан керек.

Ішкі сырды мысал етіп,  
Біраз ғана жырлайын.  
Суреттеуге тауға кетіп,  
Суретті елтеп сырлайын.

Сарыарқаның бір тауы бар,  
Бір тауы бар сымбатты.

Сол таудан сен сыр туып ал,  
Сыр тауып ал, қымбаттым.

Қалың зенгер, құзды шаттар,  
Құзды шаттар қалың ну,  
Сарқырайды мұз бұлактар,  
Мұз бұлактар у да шу.

Нуда бір шың тіп-тік сұнғак.  
Тіп-тік сұнғак бір биік.  
Шың суретті бейне жұмбак,  
Тұрғандай көп сыр жиып.

Шынды айналған құзды шаттар.  
Құзды шаттар аккан су,  
Сылдырайды мұз бұлактар,  
Мұз бұлактар у да шу.

Сөзім мысал, достым, тында,  
Тында, достым, ойлап ал.  
Түрлі сыр бар сол бір шында,  
Сол бір шында қойма бар.

Қойма шыңның нақ басында,  
Нақ басында қақпасы.  
Алтын жазу қақ басында,  
Қақпаның тас тактасы.

Сол қоймада қымбат жасау,  
Қымбат жасау сақталған.  
Текшелелеген сымдап жасап,  
Сымдап жасап қақталған.

Бір сандық бар емес түрде,  
Емес түрде көрнекті.  
Бір түкпірде беті перде,  
Беті перде өрнекті.

Бір сандық бар, ол сандыкта,  
Ол сандыкта бір сандық.  
Сырдық кілті колсандыкта,  
Колсандыкта сыр сандық.

Сандық іші қызыл-жасыл,  
Жасыл жібек перделі.  
Толған қымбат сактаулы асыл.  
Асыл сым бар пернелі.

Сұлу жанды сұлу сүйген,  
Сұлу сүйген сыршылым.  
Жібек талдап түйін түйген,  
Түйін түйген, тұршілім.

Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара жырласын!

Сұлу сымда перне өуені,  
Перне өуені жыр айтар.  
Көніл ашар тербеу әні,  
Тербеу әні сыр айтар.

Шықканбыз дос, шынға талай,  
Талай сырды ойланып,  
Ақтарарлық алтын сарай,  
Алтын сарай қойманы.

1926 жыл, 26 февраль.

### III

## ТУҒАН ЖЕРІМ – ӨЗ ЕЛІМ

(Шетте жүргенде)

Кайғы ойлаттың естен кетпей, туған жер.  
Каны қашты, әм сарғайтты ет пен тер.  
Сені ойласам ішім күйер қапа бол.  
Жүрекімде түйіншектеі қайғы-шер.

Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім.  
Тен күрбыммен қағысып, ойнап жүргенім.  
Жап-жалаңаш жайдак атпен жұздіртіп,  
Бесеке қып, жұмыртка алған ну көлім.

Олкелерге ауыл конған мезгілдер  
Бәйшешектер құлпырынған мезгілдер.  
Майысып бір, көк талдардың басында,  
Құстар сайрап, көніл бұрған мезгілдер.

Сені ойлап құні-тұні, туған жер,  
Каны қашты, әм сарғайды ет пен тер.  
Сені ойласам ішім күйер қапа бол,  
Жүрекімде түйіншектеі қайғы-шер.

Ұйықтасам да еш шықпайсың түсімнен,  
Тұрсаң дағы сен кетпейсің есімнен.  
Көзден таса қылсам деген жок едім,  
Шыға алмадым азалдағы кесімнен.

1914 жыл, («Айқап» журналы, 11-сан).

## НҰРА

Сағынып, Нұра, мен келдім,  
Бұрынғы иен – байғұсын.  
Айрылған сенен көп елдін  
Жатырсың көрмей қайғысын.

Мекен болдың бір уақыт  
Көшіп жүрген казакка.  
Айрылып сенен бейбақыт  
Сорлылар қалды мазакқа...

Қырғауылдары селкілдеп,  
Манырап көшіп жағалаї,  
Тұндіктері желкілдеп,  
Конған казақ сағалаї.

Жазғытуры болғанда  
Ұжмақтай гүлін жайнаған.  
Бұтана құстар конғанда  
Мын құбылтып сайраған.

Ұжмақ іісті сайларға  
Желілеп бие байласып,  
Кедейлер де, байлар да  
Рахатпен жайласып,

Мәп-мәлдір аққан сұына  
Шомылған қыз-келіншек,  
Олардың құлқі, шуына  
Тал панаlap келуші ек.

Әр түрлі өнге, қүйге сап  
Жатқанда құстар ұяда,  
Рахатқа батып ләzzат ап,  
Алысуши едік мияда...

Сырынды айтшы сен маған,  
Атамыздың жайлауы!  
Мың-мыннан жылқы жусаған  
Биелердің байлауы.

Айтпасаң да білем мен  
Ішіндеңі сырынды.  
Қайғыдасын бүгін сен,  
Айтпайсың бірақ шынынды.

Хош, Нұра, тағы көргенше  
Есендік берсін бір құдай.

Енді қайтып келгенше  
Ескі иен жүрер құр жылай.

Бұрынғыдан қайғылы  
Құстарын да сайдайды:  
Қолдан келер еш не жок,  
Жүрек от боп қайнайды.

1914.

## ЖАЙЛАУҒА КӨШУ

Ел көшкенде кең жайлауға таласып,  
Жұқ артысар аяқтарын тез басып.  
Таң белгісі білінгенде сарғайып,  
Ақырында дүниеге нұр шашып.  
Кәрі-жастар жүген алып жүгірер,  
Жылқы келіп, ат ұстаяға шуласып.  
Аттарын ертеп жұқ артканша ел арты,  
Алды кетер шұбатылып бел асып.  
Өз-өзімен өлек болар кей жастар,  
Көшке мінген асаулары туласып.  
Көш артында қыз-келіншек іркіліп,  
Бір жүруге біріне бірі карасып,  
Қатарласып жорғаларын салысар,  
Желектері, үкілері жарасып,  
Өзіне-өзі риза бола ыржандап,  
Кастарында жүрген жігіт жанасып.

Тайға мініп балалар жылқы айдасар,  
Ақсақалдар ілгері қоныс сайлласар.  
Өртенді өріс, суы тұнық көлге кеп,  
Ауыл конып, үй тігісіп жайлласар.  
Көлге жауып жылқыларды суарып,  
Желі қағып, шалғынға бие байлласар.  
Атпен барып тұнық жерден су әкеп,  
Самауырлар үй алдында қайнасар.  
Бұрынғы елден ерулік жеп сонғы ел,  
Сары қазы, бағлан етін шайнасар.

1914.

Түсімде жапан тұзде кезіп жүріп,  
Қорғансыз бір бақшаға келдім кіріп.  
Аяныш түсті ойыма сол арада,  
Куарған ағаштардың түрін көріп.

Семіпті сұры кетіп ағаштары,  
Көгерген жапырақ жоқ – бәрі сары.  
Жаздыгүні куралты сорлы бақша,  
Болмаса жаратушы хактың жары.

Жаіқалып көкпенкөк бол түрған толып,  
Көк шалғын сұлап жатыр қуқыл болып.  
Қызылды-жасылды бол желкілдеген  
Гүл шешек түрі кеткен қурап-солып.

Ағаштың көзім түсіп жастарына,  
Мен бардым жән сұрауға қастарына.  
Салбырап ой ойлап түр көк шыбықтар,  
Бір кайғы түскендей-ак бастарына.

Сұрап ем бір шыбықтан жөн-жобасын,  
Шыбық сорлы тұқыртып төмен басын,  
Сыбырлап, ақырын ғана жауап берді,  
Ағызып екі көзден ыстық жасын.

Шыбық айтты (шаққандай ғып ішкі сырын):  
«Белгілі бақша екенбіз бұдан бұрын,  
Әр түрлі ағаш, гүл, шешек – бәрі де өскен,  
Адамзат таң қалғандай көріп түрін.

Ынтымақсыз иеміз болғаннан соң,  
Жанжал қып, харап қыпты бірі-бірін.  
Түсіпті қаранғылық соңсоң бізге,  
Хак тәнірі аяғандай бізден нұрын...»

Оянып, түсті ойыма өткен уақыт  
(Елестеп көз алдымға жас бен бақыт)  
Шынымен қайран бақша өшкені ме,  
Жайнаған гүлдер өсіп кең «пайтахіт»?!

<sup>1</sup> Пайтахіт – нарыс сөзі, астана, патина сарайы деген мәғынада.

«Көк шыбықтар көбейісе тал боп жетіп,  
Көркейер сонда бақша, қайғы кетіп.  
Я, алла! Жеткіз сорлы жастарды!» – деп  
Тіледім, шыбықтардан үміт етіп.

1914.

## АЙТ КҮНІ

Тоқшылық бүгінгі күн берекелі,  
Көнілді, ойын-құлқи мерекелі.  
Әр адам өз әлінше айт қылып жүр.  
Дүниенін сезілгендей кен екені.

Талғамай жақсы-жаман, кәрі-жасын,  
Бай-кедей, бөтен-жақын, ауылдасын,  
Әр мұһмин құтетін күн келгендерді  
Құрметпен алдарына жайып асын.

Жігіттер катар түзеп, сәндік құрып,  
Айттайтын күн жиналып бірге жүріп,  
Аралап әр ауылдан көкпар алып,  
Аттары екіленіп аласұрып.

Аттарын секендетіп кейбір жастар,  
Жұлынып кейбір аттар алып қашар.  
Елендеп кейбір аттар сау аяңдал,  
Кей аттар алды-артынан аксап басар.

Болған соң айт асымен аузын ашып,  
Жиылып қызы-келіншек хабарласып,  
Олар да айттайтын күн әр ауылды  
Тізіліп, кайтқан каздай дуылдасып.

Бұлғактап үкілері бастарында,  
Сылдырлап шолпылары шаштарында,  
Судырлап шөпті сипал етектері,  
Шұбірлеп уак қыздар қастарында.

Жүгірер қуанысып балалар да,  
Ойнаған лак-қозыдай биік жарда,  
Асыр сап құлындары сүтке тоіған  
Тайлардай енелерін емген арда.

1914.

# МАЙ АЙЫНДА

## I

Май айында керемет,  
Бұлттанды аспан құркіреп,  
Рахман жанбыр құйып бір  
Басыла қалды сіркіреп.  
Жерге түсіп қызыл күн,  
Жайнады дүние рух кіріп.  
Жас балалар шуласып,  
Ойнады орғып дүркіреп.  
Сап ауадан дем алып,  
Керілді кең көкірек.  
Құс әніне ән косып,  
Шаттанды соғып жас жүрек.

## II

Май айында тамаша,  
Тау, тас, орман жанғырды.  
Қаһарлы қыста руһ кеткен  
Жер жүзіне жан кірді.  
Жапырак гүлге оранып,  
Ағашка көрік – сән кірді.  
Сансыз құс жырлап ерте-кеш,  
Орманға шаттық ән кірді.  
Жапырак, балау қызғалдак  
Құлпырды жұтып жанбырды.  
Көбелек, ара бал іздеп,  
Гүлден гүлге қаңғырды.

## III

Май айында ғажайып,  
Жаннattай дүние жайнады.  
Бәйшешек гүлдің исі анқып,  
Әншіл құстар сайрады.  
Жас жүректе алғашкы  
Махаббат лебі қайнады.  
Жолығуға бірінші  
Ғашықтар уағда байлады.

1916 жыл, май.

## НАУРЫЗ

Үйден шығып балалар:  
«Жаз болды, міне!» – десіл тұр.  
Сағындырған жаз желі  
Оңтүстікten есіл тұр.  
Жылы ескектің лебімен  
Дүние балқып иіп тұр.  
Сағындырған жаз желі  
Күшактап беттен сүйіп тұр.  
Жүгіріп су асығып,  
Қар еріп жатыр сылқылдап.  
Жазбен келген құстар жүр,  
Шаттанып, жырлап, сұнқылдап.  
Сумандап су сай-саідан,  
Ағып жатыр сылдырлап.  
Жас баладай алғашқы  
Сойлеғен күліп былдырлап.  
Адам да, мал да өзінше  
Жүр жадырап далада.  
Жана жылды қарсы ап тұр  
Кәрі де, жас та, бала да.  
Сағындырған сұлуым,  
Сүйгенім менің келдің, жаз.  
Күшағын жайып карсына,  
Жас жүрек, міне, болды мәз!

*1917 жыл март,  
С. А. ауты.*

## КҮЗ

Сұлудай толып бұралған,  
Жібекке жасыл оранған,  
Жас өрім талдың жапырағы  
Сарғайып түсті үзіліп.

Ұялшақ көркем келіндей,  
Сүюге тосқан еріндей,  
Албырап тұрған қызыл гүл  
Солды қурап бұзылып.

Таңмен бірге жырлаған,  
Шырқап ұшып зырлаған,  
Койылды қазір бұлбұлдың  
Құбылған әні сызылып.

Жылдың көркі кеткенін,  
Жастығы жылдың өткенін  
Білдіріп қайтты тырна да,  
Қоштасып шырқап тізіліп.

Көк пен жерден сүр кетті,  
Кемпір-шалдай түр кетті,  
Жастығы жылдың – жаз өтті,  
Қарасан да сүзіліп.

*1917 жыл, Ақмата.*

## ҚЫРДА

Күніреніп қырда отырып көкірек кернеп,  
Ән салдым домбыра алып ырғап, тербеп.  
Аузынан өлеңімді қағып алып,  
Ызындал кетті жаттап асау жел кеп.

Асау жел саулап жаттап кетті сарнап,  
Аралап Сарыарқаны кезіп – шарлап.  
Ән салдым қырда отырып көкірек кернеп,  
Кім білсе, желдін тілін соған арнап.

*1917 жыл.*

## АҚША ҚАР

Ақша қар үлпілдеген, калқып ұштың,  
Жер үшін шатты жайдан – көктен түстін.  
Қайғысыз мәнгі сәби періштелер,  
Мәнгілік жайын тастап жерді құштың.

Таstadtың сансыз сөule күн мен айды,  
Еркін кен, нұрлы, таза, шатлы жайды,  
Өкінбей қара жерге түскеніңе  
Жүзің шат, мың құбылып жалтылдайды.

Кияттай канатына ерік бердін:  
Қалықтап ала бұлттың сонына ердін.  
Нектегі сансыз сөуле жұлдыздардың  
Насылған өнін естіп, биін көрдін.  
Шыңданап сәні кеткен ағаштарға  
Ак күміс шашак болып көрік бердін.  
Құлпырып жұлдыздай боп құлімдейсін,  
Не көркін көрдін, айтышы, кара жердін?

Міхнатты, былғанышты түсіп жерге,  
Кіршікесіз аппақ таза болдың перде.  
Акша қар, уайымсыз жалғыз-ак сен,  
Менгілік шаттығынды жанға берме!

- жыл, 18 октябрь, Ақмала.

## ЖАЗҒЫТҰРЫ

Кеш. Ымырт. Таудың іші... жазғытұры,  
Құлпырды шыққа оранып ойы, қыры.  
Тәніне құлпырған ак перде жапкан  
Дұлдаі тау менен тас жердін түрі.  
Ак торғын, женіл мұнар тауды басқан  
Ал менен жұлдыздардың шашқан нұры.  
Баік шын, баік таулар айбат шегіп,  
Тұнеріп күзеткендей бірін-бірі.  
Жанғырып өр дыбысты қайта айтады.  
Керемет, тауда жан бар, тау, тас тірі.  
Бұталар, көленкеде тұрған шындар  
Тасада тұрған тәніп бейне ұры.  
Ағаштың жапырактары сыйырласқан,  
Жасырын майды ескектің айтқан сыры.  
Неген ғашықтарын бұлбұлдардың  
Естілген көкірек жарып айтқан жыры.  
Жан салып, тау ішіне көрік берген  
Келген жаз – маҳабаттың көркем пірі.

- 15 жыл.

## АҚҚУ ҚҰС

Акку құс ұшты,  
Желдей есіп құшті,  
Ән салып құлді айнала.  
Көлді кеп құшты...  
Керіліп құшты,  
Ак төсін төсеп айнаға.

Құлаштап желді,  
Акку құс келді...  
Көлендеп дүзіп сыланып,  
Көркейті белді,  
Көркейті көлді,  
Ак күміс суға бұланып.

Акку құс көркем!  
Ак төсін керген,  
Көленде, сәулем, сынқылда.  
Көлдегі еркем,  
Ғашығым, еркем,  
Сыланда, биле, былқылда.

Акку құс жұзді,  
Ак көбік тізді,  
Айнадай тұнық қол сұын  
Қак жарып сызды...  
Күміс жол сызды –  
Сұлуым, сәулем, аккуым!

Акку құс кербез!  
Биінді көргіз,  
Көрсет, сәулем, сәнінді.  
Таяншы тез... тез...  
Сұлуым, кел тез,  
Құбылтып салшы әнінді.

Акку құс сөйлеп,  
Сынқылдап күйлеп,  
Сыбырлап сүйіп жалынды.  
Айналып билеп...  
Ойнады билеп,  
Балқытты менің жанымды.

Акку құс, сәндім,  
Күйіп мен жандым,  
Тұғаннан саған ғашықпын.  
Көлде мен көрдім,  
Соңыннан ердім,  
Көруге тағы асықпын.

1921 жыл, 5 шоң. *Қокшетау.*

## СҰЛУ ТЕРЕК

Кербезсін, манызданған сұлу терек!  
Орандың желбіреген жасыл желек.  
Тұрасың ырғатылып тәкаббарсың,  
Басқа ағаш көрінбейді саған серік.

Сымбатты, октай тұзу бойың мінсіз,  
Бұл жакта сенде-ақ көрдім мұндаи көрік.  
Аспанға бой созасың, үндемейсін,  
Тәкаббар, жалғыз өскен дәтің берік!

Маңынан өтіп жатыр кедей, бай да,  
Жас, кәрі, зорсынған да, кішкентай да.  
Біріне иілмейсін, карамайсын,  
Аспанда-ау, сенін көnlін Күн мен Айда.

Сұлуым! Айтшы маған сен сырныңды,  
Тәкаббар болсан дағы сен бір мұғалы.  
Көкке бой қанша созсан жібермейді,  
Үстап тұр ку қара жер тамырыңды.

Сұлуым! Келші маған басыңды иіп,  
Енгізші құшағына беттен сүйіп.  
Оралып мойныма жалырактарың  
Желбіреп жібектей бол тұрсын тиіп.

Естіттім Сарыарқадан, сұлу терек,  
Әдемі жапырактарың жасыл жібек.  
Арқаның еркесіне иілмесен,  
Босқа өткен сұлұлығың неге керек?!

1922 жыл, 16 апрель. *Ташкент.*

## БҰЛШЫҚ ЕТ

Боянған түрлі шырайлы  
Сұлу емес, сырлы бет;  
Ширатылған түйіндей  
Шын сұлу — күшті бұлшық ет.

Тоқпактай түйін бұлшық ет,  
Әлемді күшке қараткан,  
Сан керемет машина  
Күшімен ол тараткан.

Тоқтатпай күш жиырылып,  
Қозғалса ойнап бұлтылдап,  
Ширатылып түйіндей  
Жазылып жылдам жылпылдап.

Балғын білек, балтыр да  
Ширатылған түйіндей,  
Бұлтылдаса бұлшық ет,  
Кім тұрады сүйінбей...

Көк темір құрыш болатпен  
Асусыз аскар тау кешкен,  
Тау қопарып, жер үнгіп,  
Шынырау казып, жер тескен.

Шыныраудан қазып қопарып,  
Шығарған болат көк темір.  
Мыс, күміс, алтын, корғасын,  
Жер майы, алмас, тас комір.

Аспанға ұшып, су кешіп,  
Дүние айналып қыдырған.  
Темірден құйып жол салып,  
Жер қыртысын сыйдырған.

Түйіні тоқпак бұлшық ет  
Аюды да үйреткен.  
Бұғалық салып сүйретіп,  
Омыртқасын қүйреткен.

Айғырдың токпак жалындаі,  
Бөкеннің серке санындаі,  
Қайыңның қырған безіндей,  
Шортанның жұмыр беліндей.

Ширатылып түйілген,  
Болаттан күшпен иілген  
Бұлшық етті білек пен  
Балтырдан күшті дене жок!

*1923 жыл, 8 апрайль.*

## АҚСАҚ КИІК

Арқаның Бетпақ деген даласы бар,  
Бетпақ – шөл, ойлы-қырлы панаы бар.  
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген  
Жәндіктің киік деген баласы бар...

Бетпакта қысы-жазы ел болмайды,  
Ел-жайлау, өзен яки көл болмайды.  
Бұтасы ку баялыш, кара жусан,  
Көк ала бетегелі бел болмайды.

Бетпактың қолденені сегіз көштік,  
Сайланнып қыс ішінде талай кештік.  
Азамат, ат пен айғыр, атан ғана  
Шыдар деп коста отырып, талай дестік.

Бетпакта елсіз-көлсіз өсіп-өнген,  
Жалғыз-ак құлан, киік шөлге көнген.  
Қазактың малдарындаі қыбырласып,  
Әр ойдан топ-топ болып жусап өрген.

Жалғыз-ак ел жылында қошіп өтер,  
Асығып кар суымен «несіп етер».  
Каптасып, көшкен елмен дамыл алмай,  
Мергендер ан ауласып кәсіп етер.

Мергендер дамыл алмай киікті атқан,  
Ауылды кан сасытып топырлаткан.  
Киікті ойлай ма екен таусылар деп,  
Азайып бірте-бірте келе жатқан?!

Сол шөпті  
Таңы – ап  
Тигендей

Киікті каз  
Бетпакты  
Бекенді ат  
Жазасыз ж

Бекеннен  
Өзге аңға  
Көздері мे  
Адамның

Кап-кара  
Әдемі екі т  
Елендеп ж  
Жел түртк

Азайды сс  
Мын-мын  
Бұл күнде  
Кез келеді

Кей казак  
Мүйізін п:  
Сандалған  
Бір жылы

Ал қызыл, өсіреке, солғын, жалқын, сары,  
Әр түстің айрықша бар ғой мәні.

Мысалы: кей тұс нышан кей бір затка,  
Қайғыға кара нышан, қызыл – шатка.  
Сондай-ак, ал түсті гүл нышан болған,  
Үлбірек нәзік жанды маҳаббатка.

Әсіре гүл құмарлыққа нышан болған,  
Қайнаған бейне ыстық қан бойға толған,  
Солғын гүл сағынғанның нышанасы,  
Мұнайып қасіретпен өні солған.

Сүймейтін сүм жүрекке емес жарқын,  
Өзгерген маҳаббатқа сеуіп салқын.  
Тәкаббар сұық, қатты көнілге де –  
Бәріне нышан қылған гүлді жалқын.

Тазалық нышан қылған ак шашакты,  
Шарт қылып күнәсіздік, кірсіз акты,  
Алпак гүл жұпар иісті үлбіреген,  
Зәредей көтермейді тиген дакты.

Жұпарлы гүлдің исі анкымай ма?  
Ол піске қош болып жан балқымай ма?  
Көзінді сұлу түрі сүйсіндіріп,  
Көнілің құлаш жайып шалқымай ма?

Әркім-ак гүлге көзін салады ғой...  
Әркім әр түрлі әсер алады ғой.  
Біреулер лас қолымен үзіп тастап,  
Біреулер сүйіп мәнгі қалады ғой.

Әркім-ак гүл бақшасын саялайды,  
Ласпыш деп гүлді пасық аямайды.  
Былғаса гүлді пасық лас аякты,  
Сұлу жан піскен гүлді аялайды.

Жалғыз-ак бүлбүл гүлге мәнгі құмар,  
Мас болып гүлді құшса көзін жұмар.  
Төсіне гүлді басып жыр жырлайды,  
Қылғандай гүл шашағын мәнгі тұмар.

Бұлбұл құс сұлу гүлге басын иед,  
Гүл үшін жырлар шертіп, жаңып, күйед.  
Өзгеден айрықша нәрін алар,  
Мың түсті гүлден таңдал соны сүйед,

Қызыл гүл кей бұлбұлға төтенше ұнар,  
Жырласа соны құшып көнлі тынар.  
Кей бұлбұл өмірінше ал гүл іздейд,  
Кей бұлбұл өсіре гүлге мәнгі күмар.

Бұлбұлша сұлу гүлді сүйеді акын,  
Жұпарлы гүлге жасын иеді акын,  
Көтеріп махабаттың қүйін көкке  
Жыр шерткен бұлбұл құска жаны жақын,

Ал шашак менің гүлім іздең тапқан,  
Қиялым іздең оны көкке шапқан,  
Суреттеп жер мен қөктің арасынан  
Бар көрік жинап әкеп соған жапкан.

Бұлбұл құс жұпар иісті гүлге күмар,  
Көк жібек жазғытұрғы тұнге күмар.  
Жыр шертем мен де майда бұлбұл құсша  
Жұпар гүл, сұлу күйлі үнгө күмар.

*Май, 1935 жыл.*

Тағдырға мойын сұнып, елденbezіп,  
Мен жүрмін ортасында бөтен-жаттын.

Сары казы, сары қымыз тамағы бол,  
Жүргенінде жастары біздің жактын.  
Өлшеулі ет, кара шайды тамак қылып,  
Өткізіп жүрмін уақытын жастық шактын.

Ас-тойда мендей жастар салтанатпен  
Кызығын көргенінде мінген аттын.  
Шан жұтып, көшө кезіп, таңдай кеуіп,  
Мұршасын алып жүрмін екі аяктын.

Бихам бол ата-ананың қастарында  
Талайы жүргенінде мендей заттын.  
Сағынып әке-шеше, құрбыларды,  
Мен жүрмін ортасында қасіреттін.

Қыз ойнак, жынын-тойда мендей жастар  
Жүргенде істеп дуасын қоңіл шаттын.  
Сағынып ойын-құлкі, мерекені,  
Бетінен мен отырымын қарап хактын.

Мені ешкім зорлаған жоқ шетте жүр деп,  
Не «хасірет» болса дағы өзім таптым.  
Шалқамнан жатар едім мен де үйде,  
Мен дағы үрпағы деп аруақтын.

«Өнер тап, жолдастығы жоқ»,—  
дейді ойым.  
«Атадан қалған артта мал мен бактын».  
Я, алла! Жеткізе көр мұрадыма,  
Ракаты бар деуші еді миҳнаттын.

1914.

## НАДАН БАЙ

Мың жылқы, мың қойым бар бір басымда,  
Кызықты көріп бактым бұл жасымда.  
Бір аяқ саумал үшін малай болған  
Караша үй қоңсым бар көп қасымда.

Орысша оқыр кей акымақ теріс жазып,  
Тымак кимей, қалпақ киіп жөннен азып,

Оқымаған адамдарды надан дейді,  
Орысша оқып, діннен азып, хакқа жазып.

Малайларға акы берем жылдан, айлап.  
Қотыр-катпа, арық-тұрақ, тайынша-тайлап  
Балаларым оқымай-ақ адам боп жүр.  
Мал шашпай-ақ оқу үшін молда сайлап.  
Мал бактырмай балаларын оқытканның  
Еш пайдасын таппадым ойлап-ойлап.

Кісі жақсы малын өзі бағатұғын,  
Ақсак-токсак, ауруларын қағатұғын.  
— Оқу оқып әм орысша киінеді,  
«Пиғылы» жоқ бір құдайға жағатұғын!

1914.

### ОҚЫМАҒАН ҚАЗАҚ

Сендерден кайыршы артық, надан байлар.  
Құландаі тұрағы жок біткен тайлар.  
Ұдайы екі-үш боран соқса егер,  
Жемтік боп сасып калар терен сайлар.

Ілім, өнер ойына кірмес сенін,  
Көрінер саған кисық сөзім менін.  
Орнына біткен малды жұмсамайсын,  
Білесін соқыр кеуде жайын ненін?

Өнерліге не керек – бәрі дайын.  
Білеміз надан байдын тұрмыс жайын:  
Жарлыларға, жетілгे караспайды,  
Үйқы көз, жуан карын надан байын.

Ешкімге жәрдем қылмас көп болса да.  
Басы бос, құр карыны ток болса да.  
Ол байдан өнер білген мың есе артық,  
Атаулы бір карасы жок болса да.

Жұтамас өлмей өзі оның малы,  
Наданнан мың есе артық киім сәні.

Жалынбас өлгенінше надан байға,  
Сәлемет тұрса егер шыбын жаны.

Жақсыны жаманменен біле алмайсын,  
Қисайып еш уақытта тіл алмайсын,  
Емшекте үйықтап, тойып, бұғып, жатып,  
Адамдық хисабына кіре алмайсын!

## ЖЕТИМГЕ

Жастай жетіс қалдың жалғыз,  
Коясын қайда басынды?  
Туғаныңнан айрылып,  
Ағыздың көзден жасынды.

Таяныш жок, медеуің  
Сиын хақтың өзіне,  
Ата-анадан айрылған соң,  
Жан көрінбес көзіне.

Жетім деп аяп жаны ашып,  
Көзінің қырын кім салар?  
Жас төгіп сен отырсын.  
Ойнап жүр өзге балалар.

Шешелері олардың  
Еркелетіп сүйгенде.  
Шеттен карап жылайсын,  
Жүргің от бол қүйгенде.

«Мені де сондай сүйсе, – деп, –  
Эке-шешем тірі болып», –  
Мәлдіреп ағар жасың көзден,  
Қайғы-қасірет ішке толып.

Балалар оқуға барғанда  
Қолдарына кітап ап,

Бұрісіп сорлы сен жұрсін,  
Оки алмай жетім қап.  
Сені де оқуға берер еді.  
Әке-шешен тірі болса.  
Дәл осындай болмас едін,  
Тым болмаса бірі болса.

Сен де оку оқыр едін,  
Балалармен бірге барып.  
Босағасында әркімнің  
Жүрмес едін жүдеп-арып.

Ата-ананың сен дағы  
Әлпештеген баласы ен.  
Ата-ананың көзінің  
Ағы менен қарасы ен.

Есіркеп сипар маңдайдан  
Мұсылман жоқ қайрылған,  
Жәрдемші жоқ ғаріпке  
Туғанынан айрылған...

1914.

## СӨЗ ЗАЙЫҒЫ НАДАНҒА

Тындаушын болса байымды  
Ұғар айткан сөзінді.  
Санасыз болса дайын-ды  
«Ақмақ!» деуге өзінді.

Ұқпас сөзді акпа надан,  
Су тоқтай ма елекке?  
Ұғар сөзді байымды адам:  
Тұрмай ма су шелекке?

1915 жыл, Омбы.

## КҮЗЕТШІ ИТТЕР

Біздін ауыл жиналды  
Қой сойып, ет жеп тоюға.  
Жиналған соң кенесті  
Қотанға қүзет қоюға.

Бірнеше ит өкеп қойысты  
Қотанды аман сактар деп:  
«Бөріден көрі игі ғой  
Тамағын жеген актар», – деп.

Тұнделетіп Айтжа-екен  
Қотанды жүрсе аралап,  
Күзетші иттер қойыпты  
Талай қойды жаралап!

Айқай салды Айтжа-екен  
Оятуға ауылды.  
Еркелейтін кешегі  
Арсылдап иттер жабылды.

«Кет!» – деп еді иттерге,  
Иттерге ие табылды.

Жиналған жұрт Айтжанға:  
«Алмашы дейді мазамды!»  
«Не қылдын, бәлем, – деп иттер, –  
Берерміз, – дейді, – сазанды!».

1917 жыл.

## КӨНІЛ

Тұлпар мініп жүйткіп,  
 Құйындаі ұшып ұйтқып,  
     Бір жерде көnlім тұrmайды.  
 Мұрадын іздел,  
 «Дүниені кез» деп,  
     Басқаға мойын бүрмайды.  
     — Іздейсің не? — деп сұрадым,  
     «Көп,— дейді,— тілек, мұрадым»..

Тауларды кезген,  
 Қонудан безген,  
     Тұлкі іздел қашқан бұрандай.  
 Шарыққа шыққан,  
 Желменен ыққан,  
     Шырқайды көnlім қырандай.  
     Аспандап серпіп қалкисын,  
     Көnlім-ау, босқа шалкисын!

Құйттеніп жарап,  
 Қырымға қарап,  
     Еш анға қыран тоймайды.  
 «Мұратқа жетсем,  
 Теп-тегіс етсем»—  
     Көnlім тілеп қоймайды.  
     Алысқа түлеп қарайсын,  
     Мұратқа жетсен жарайсын!

Бабына келген,  
 Лепіріп желген  
     Жүйріктей жүйткіп шабуға.  
 Ұшады көnlіл,  
 Ұшпадан женіл,  
     Мұрадын іздел табуға.  
     Еліктей жүйткіп еліктің;  
     Көnlім-ау, босқа желіктің!

Елестеп көзге,  
 Еш келмес сөзге,  
     Лапылдан көnlім сағымдай.

Бой бермей тасып,  
Кемерден асып,  
Жайқалған жазғы ағындаї.  
Келсейші, көңлім, ақылға,  
Лепіру босқа мақұл ма?

Теніздей толқып,  
Шайқалып бұлқып,  
Өмірі тыныштық етпейді.  
Тұнғиық терең,  
Өлшеусіз ерен;  
Шетіне көз жетпейді.  
Жоқты іздең, көңлім, жоқтайсын,  
Тыншығып қашан токтайсын?!  
\* \* \*

Жел, қүйын, ағын, бәйгі көк,  
Ұшқыр құс, құмай, атқан оқ—  
Бәрі де жүйрік өзінше,  
Көнілден бірақ жүйрік жок.

1915 жыл, 6 шіонь.

## ТОЛҚЫН

Сұрапыл соққан күніреніп,  
Көл толқыны басылар;  
Тітіреп дүмпіп жарылған  
Жер толқыны басылар;  
Күйініш, қайғы іс түскен  
Ел толқыны басылар;  
Ел-жұртынан айрылған  
Ер толқыны басылар;  
Махаббат, қасірет толқыны  
Басылмас ыстық жүректін.  
Басылмас қайғы толқыны  
Кернеген шерлі көкіректін.

1916 жыл, шіоль.  
Ереймен, Ақыты көл.

## АСЫГЫП ТЕЗ АТТАНДЫҚ

(Бостандықты қарсы алу)

Басып жатты тәтті үйкى  
Сарыарқаның даласын.  
Құлғып жатты кара күн  
Калың казақ баласын.

Таң таяуын сездік те,  
Оянық біз қыбырлап,  
Тіршілік қылдық оянып,  
Түннен коркып сыйырлап.

Еріктің таңы келерін  
Зұлматын жеңіп хактың біз,  
Қуаныстық сезініп,  
Өтерін құлдық шақтың біз.

Танды қарсы алмаққа  
Тұлпарларды таптық біз.  
Айдарына қызыл шоқ  
Үкілеп сүзіп тақтық біз.

Қызыл шашақ — оқа ұстап,  
Жібек жабу жаптық біз.  
Күміс ермен ерлесіп,  
Жаратып, байлап бактық біз.

Құншығысты қалтаған  
Бір зенгер тау бар еді.  
Сол зенгерге баратын  
Жол катерлі, тар еді.

Тәуекел қылып аттанып,  
Атқа камшы бастық біз.  
Неше қатер жерлерден  
Аман-есен астық біз.

Зенгер тауға кеп жетіл,  
Биігіне өрледік.  
Тұлпарларды орғытып,  
Көкке құлаш сермедік.

Шың басына кеп шықтық,  
Көк аспанмен тілдескен,  
Биіктікке таласып,  
Бұлттармен күндейсken.

Күтіп таңды атырдық,  
Күншығыска қарасып.  
Шапак шығып төменнен,  
Жайылды көкке бері асып.

Жер мен көкке нұр шашып,  
Көрінді тан жалтырап;  
Шаттық тасып лұпілдеп  
Сокты жүрек қалтырап.

Кешікпей-ак қызыл күн  
Шыға келді жарқырап,  
Тұлпарлар да шаттанып  
Тұра алмады арқырап.

Тұнерген зұлмат аспанда  
Бұлтты куды рахман күн.  
Сарыарқаға қарасак,  
Мұнартқан әлі түн.

Күнге жайып құшакты,  
Шакырып бері шаттандық.  
Куантуға ел-жұртты  
Асығып тез аттандық.

1917 жыл, 9 март.

## ДАЛАДА

Далада жазғытүрим тостым жеді,  
Кезгек жел саулап есіп жетіп келді.  
Гүл шешек, көгал шөптің басын сипап,  
Көркейткен киіндіріп қара жерді.

Есіп кеп, майда желдер таудан асып,  
Құшактап аймалады амандастып,  
Естіген, көрген-білген сырын маған  
Айтысты қуанысып – сыйырласып:

«Тендікке, бостандыққа көптен ғашық  
Нашарлар, ұран салып жолын ашып,  
Құлдықтан бақыттарын жеңіп алып,  
Ту тігіп шығыпты ерлер қол ұстасып...»

Күйленді көкірек сонда шаттық тасып.  
Қырандай төніп алға көзімді ашып,  
Айқайлап кен даланы құнірентіп,  
Бой жаздым аяғымды нығап басып.

Күлімдеп гүл шашактар басын иді.  
Құшактап майды ескек жел беттен сүйді.  
Қуаныш сырын айткан ғашығымдай  
Ескектін көкірегіме лебі тиді.

1917 жыл, Ақмола.

## КЕЛ, ЖІГІТТЕР

Көшкен елдей,  
Сокқан желдей,  
Жастық шағы өтер тез.  
Шіркін, жастық –  
Көшкен мастық  
Андаусызыда кетер тез.

Кел, жігіттер,  
Болындар ер,  
Жүйткіт, орғыт тұлпарды!  
Жаз қанатты,  
Сілте қатты,  
Ұйтқыт, өрлет сұнқарды!

Екпін үнді,  
Кызыл сымды  
Домбыраны алайық.  
Кезіп қырды,  
Қосып жырды,  
Құнірентіп ән салайық.

Залымдық пен  
Әділдіктін  
Алысқанын айтайық.

Жер жүзінде  
Бай мен кедей  
Шабысқаның айтайык.

Кедей сүйер,  
Байлар күйер,  
Ауыздан от шашайык.  
Салып ұран,  
«Кедей, құрал»  
Кедейден топ жасайык.

Кектер қайнап,  
Гу айқайлап,  
Көкіректі кернеген,  
Қанат сермеп,  
Күйлер кернеп,  
Шыксын әрбір пернеден.

1917 жыл.

## ЖАС ҚАЗАҚ МАРСЕЛЬЕЗАСЫ

Азамат, жұнжіме, жүрме бос,  
Қол ұстас, бірігіп тізе қос.  
Ту ұстап дүшпанға барайык,  
Тендіктің ұранын салайык.  
Тізесін батырған залымнан  
Құн туды – біз тендік алайык.

Азамат, сестеніп көзінді аш, жүрме бос.  
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос.  
Қызыл ту – шылауын, корғанын,  
Тізе қос, тізе қос, тізе қос.

Патшадан әділдік жок еді,  
Ұлықтар паракор ток еді.  
Бұқара халықты кем тұтқан,  
Жек көрген, итімен тең тұтқан.  
Коспаған санына адамдық,  
Айламен ұстаған надан ғып.

Азамат, сестеніп көзінді аш, жүрме бос.  
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос,  
Қызыл ту – шылауын, қорғаның  
Тізе қос, тізе қос, тізе қос!

Өзінен өнгеден кем халық,  
Алдауыш қуларға жем халық  
Қор едің көп әкім корыстан:  
Паракор би менен болыстан.  
Момын мен нашарға зорлық қып,  
Залым мен байларға болысқан.

Азамат, сестеніп көзінді аш, жүрме бос.  
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос,  
Қызыл ту – шылауын, қорғаның  
Тізе қос, тізе қос, тізе қос!

Қайырсыз байларың көп еді,  
Жауыздың мейірімі жоқ еді.  
Жауыздық тамырын қияйық,  
Қулардың аранын тияйық,  
Ақ ниет азамат ерлерді  
Бір тудың астына жияйық.

Азамат, сестеніп көзінді аш, жүрме бос.  
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос,  
Қызыл ту – шылауын, қорғаның  
Тізе қос, тізе қос, тізе қос!

Ескілік, надандық жоғалсын,  
Сорлы жұрт сестеніп оңалсын,  
Бакытқа жол ашық сезілсін,  
Әділдік, жаңа заң түзілсін.  
Патшалар, ұлықтар жасаған  
Бұрынғы ку тәртіп бұзылсын.

Азамат, сестеніп көзінді аш, жүрме бос.  
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос,  
Қызыл ту – шылауын, қорғаның  
Тізе қос, тізе қос, тізе қос!

Жойылсын құлшылық, кемшілік,  
Жасасын әділдік, теншілік.

Бұрынғы қу қыспақ жол қалсын,  
Өз еркін бұқара қолға алсын.  
Жер үстін шат қылышп көркейтіп,  
Қызыл ту желбіреп орналсын.

Азамат, сестеніп көзінді аш, журме бос,  
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос.  
Қызыл ту – шылауын, корғанын,  
Тізе қос, тізе қос, тізе қос!

*1918 жыл, апрель.*

## БІЗДІҢ ЖАҚТА

*(Сүргінде жүргенде шет елде айтылған өлең)*

Шалқыған біздің жақтың көлдері бар,  
Ағашты биік таулы жерлері бар.  
Өзен, су, көлдер жайлап, тау қыстайтын  
Меймандос, берекелі елдері бар.

Думанды шалқар көлдері-ай,  
Еркін дала белдер-ай.  
Қаздай катар мынғырып,  
Тізіліп көшкен елдер-ай.

А-ай, Сарыарка,  
Елің алыс,  
Калды шалыс,  
Жат жерде талай елмен болдық таныс.

Жеріне біздің жақтың лайық ері.  
Ер палуан, аңшы-мерген, әнші, сері.  
Жасынан жүйрік мініп өскен бұлан,  
Жау жүрек, ер көнілді жігіттері.

Сілтеуші ек құлаш тұлпардай,  
Жазушы ек қанат сұнкардай,  
Асауменен алсысып,  
Қашағанды құтқармай.

А-ай, Сарыарқа,  
Елің алыс,  
Қалды шалыс,  
Жат жерге талай елмен болдық таныс.

Қыздары біздің жактың қара қасты,  
Тісіне үқсатарсың меруерт тасты.  
Сымбатты, көркем бойлы тал шыбықтай,  
Мамық тәс, сұнғақ мойын, сүмбіл шашты.

Еркін бейбіт ауылым-ай.  
Жас өрім талдай сәулем-ай.  
Қырдың ерке сұлуы  
Сағындым сені, бауырым-ай.

А-ай, жан сәулем,  
Өрім талдай,  
Жазық мандай,  
Аузыңнан шыққан лебің шекер балдай.

Қыздары біздің жактың қара көзді,  
Сырнайдай дауыстары, тәтті сезді.  
Қызыл гүл албыраған еріндері,  
Шырайлы, ашық көніл, бал мінезді.

Еркін бейбіт ауым-ай,  
Жас өрім, талдай сәулем-ай.  
Қырдың ерке сұлуы  
Сағындым сені, бауырым-ай.

Әй-әй, жан сәулем,  
Өрім талдай,  
Жазық мандай,  
Аузыңнан шыққан лебің шекер, балдай.

1919 жыл, апрель.  
«Баян ауылы».

## ҚАШҚЫННЫҢ АУЫЛЫ

Каранғы түн. Түн сұық.  
Ыңғырық жел дауылы.  
Таудың іші түнерген,  
Қашқынның жалғыз ауылы.

Қашқынның ауылы үш-ак үй  
Бұккан таудың ішіне.  
Жаудың беті, ел шеті,  
Сенген ерлік күшіне.

Бір-ак үйде от жылт-жылт...  
Ауыл жым-жырт шоктай бол.  
Белдеуде тұр бір-бір ат,  
Жараған қатып оқтай бол.

Үйде сапы, карабин,  
Белдеуде наиза шашакты.  
Мен де қашқын. Дос таптым  
Қалың елден қашақты.

Қара тұнді жамылып  
Ықсырады сұық жел.  
Тұнереді елсіз тау,  
Айнала бетпақ сусыз шөл.

Еркектің көбі қайтқан жоқ  
Жолдан, кешу, жорықтан.  
Елден безген ер үшін  
Ауыл емес корықкан.

От жаққан үй ... қараша үй.  
Отырдым оттың басында.  
Әйел қотан күзеткен  
Отырды жалғыз қасымда.

Дамылсыз шығып қарайды  
Төніректі, қораны,  
Тындар, бұғып, ақырын  
Байқайды әрбір қараны.

Отқа жаққан отыны –  
Тырбиған тікен баялыш.  
«Көзіңнің шырымын алсайшы,  
Жантайып», – дейді, аяныш.

– Уу! Женгетай, үйктармын,  
Тұн ұзақ қой, тұн ұзак.  
Тұн қаранды, жау қалын,  
Мызығымын ертең күндіз-ак.

Елдің шеті, жау беті,  
Ішінде міз елсіз тау.  
Күзет болсын, женгетай,  
Өткен-кеткен көп қой жау.

Қантарулы ақ бесті ат  
Үй артында белдеуде  
Тықыршиды, байғұсты  
Керек еді жемдеуге.

Сенделіп, өксіп қиналды,  
Басқан жоқ шығар терін де.  
Шідерлеп, байлап, қантарып,  
Алмап едім ерін де.

Өзім де қатты жаурадым,  
Тонымнан сұық жел өтті.  
Атым қатты сабылды,  
Токымнан аңы тер өтті.

– Е-е-е, шырағым, бәрі де  
Ұмтылар, түк етпес.  
Ер жігіттің басына  
Нелер келіп, не кетпес!

Ат басына күн туса,  
Ауыздықпен су ішер.  
Ер басына күн туса,  
Етігімен су кешер.

Сергелден де, сейіл де  
Сейілдеген бұрынғы

Кемітпес сені, шырағым,  
Білген адам сырынды.

Тары жесе атына  
Беріп қазір көрейін.  
Өзің дағы ішсейіші,  
Істеп көже берейін!

— Рас қої, женгей, ештеңе  
Қылмаймын уайым, өз басым...  
Атымды жемдеп, жауып бер,  
Атым ғой серік жолдасым.

Өзім енді ас ішпеймін,  
Жүрекке ас бүгін батпайды.  
Келмек еді бір хабар...  
Не ғып тан өлі атпайды?..

— Қандай хабар, шырағым,  
Келмек еді, кай жақтан?..  
Большевиктер келетін  
Хабар ма өлде аржактан?

— Қандай хабар болса да  
Тан аткан сон аларсын.  
Тауға шығып таңертен  
Қарауылдан қарапсын...

Басылмай тұр тұннің де  
Қара дауыл бораны.  
Отырам мен күзетіп  
Тан атканша қораны.

— Шаршадың ғой, шырағым,  
Тынықсайышы қисайып.  
Текеметті астыңа  
Салайыншы мен жайып...

— Рахмет, женгей, білмеймін  
Бүгін менде үйкү жок,  
Алып ұшып көнілім,  
Лұпілдейді – жүрек топ...

Ыскырады, түн, дауыл.  
Түн караңғы. Түн ұзак.  
Күзет болсын қарап қой,  
Мызғырмыз ертең күндіз-ақ...

Қашқынның аулы үш-ақ үй  
Бұккан таудың ішіне.  
Жаудың беті – ел шеті,  
Сенген ерлік – күшіне.

Бір-ақ үйде от жылт-жылт...  
Аулым жым-жырт, шоктай боп,  
Белдеуде түр бір-бір ат  
Жараған қатып, оқтай боп.

Үйде сапы, карабин,  
Белдеуге наиза шашақты.  
Мен де қашқын. Дос таптым  
Калың елден қашақты.

Еркектің көбі қайтқан жок  
Жолдан, кешу, жорықтан.  
Елден безген ер үшін,  
Ауыл емес қорықкан.

1919 жыл, ноябрь, «Шол».

## ЖОЛДАСТАР

(A. Досовқа, M. Саматовқа)

Намысы бар нашардың балалары!  
Неше мын жыл құл болған бабаларын,  
Жолдастар!  
Сансыз нашар дүниеден салды ұран,  
Сол нашардың жалғыз біз паналары,  
Жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тулы майданда  
Бостандықты алып қал...

Қайраттанар кез келді – уақыттарын,  
Өз қолыңмен жасалар бакыттарын.

Жолдастар!

Неше мың жыл құлданған бай мен патша  
Талкан қылып жоялық тақыттарын,  
Жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тулы майданда  
Бостандыкты алып қал.

Тенденк бұрын нашарға келіп пе еді?  
Көздің жасын жауыздар көріп пе еді,  
Жолдастар!

Жалбарынып жарлылар, сұрағанда,  
Байын, патшан, тәнірін де беріп пе еді,  
Жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тулы майданда  
Бостандықты алып қал.

Дүшпаның бай құлданған сені нашар,  
Заман туды ту ұстап алға басар,  
Жолдастар!

Асты-ұстіне келтіріп сүм дүниені,  
Жаңа түрмис, бакытты қолмен жасар,  
Жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тулы майданда  
Бостандыкты алып қал.

Біз көргенбіз қорлықты, жылағанды,  
Көздің жасын көл қылып бұлағанды,  
Жолдастар!

Балғын білек күшімен аламыз біз  
Неше мың жыл құдайдан сұрағанды,  
Жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тұлы майданда  
Бостандықты алып қал.

Ту тігетін, мінекей, замандарын,  
Нық басатын темірдей табандарын,  
Жолдастар!  
Тендік, бақыт, әділдік орнаталық,  
Бұзып кіріп дүшпаниның қамалдарын,  
Жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тұлы майданда  
Бостандықты алып қал.

Үлкен сынды, бәйгілі бұл бір майдан.  
Нашар ұлы жігерлі, жатпа, сайлан,  
Жолдастар!  
Корғалайтын күн өтті, бауырларым!  
Арам құлқын, арам қан, патша, байдан,  
Жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тұлы майданда  
Бостандықты алып қал.

1920 жыл.

## ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ

(Нілді, Спасск, Караганды заводтарының жұмыскерлеріне арнадым).

Түсін сұық, тәнін шойын, жалаңаш.  
Өлшеген нан, қара суды қылып ас.  
Тұрмыс лажын жер астынан іздең,  
Күндіз-түні алысқанын көмір тас.

Өн жок, тұс жок, кепкен, солған, арыған,  
Тәндерінді жастаң темір қарыған.  
Жанды жанмен асыраған қаһарман,  
Қарның тойған күн болмаған — жарыған.

Ауыр балға, ауыр қайла, күрегін  
Күшті қолда; болат жұмыр білегін.  
Балшық басқан, қүйе басқан жалаңаш,  
Бауырларым, тенелуің — тілегім.

Михнатқа салып бактың тәнінді.  
Халық үшін тек бәйгі қып жанынды.  
Жер үнгіген жұмыскерлер, төгіп ең  
Михнattyң майданында канынды.

Жүректің де өлі-ак бітер жарасы,  
Орнар бақыт бітіп дүние аласы.  
Кажымаңдар, михнатта — рахат бар,  
Бауырларым, қалың нашар баласы.

1921 жыл, 25 шіоль,  
Караганды.

# VI

## КЕТПЕЙТИН ЕСТЕН ҒАШЫҚ ЖАР

Кетпейтін естен ғашық жар!  
Айта алмай жүрген сөзім бар,  
Талай жерде оқталып,  
Айтуға көріп ұят-ар.  
Көкірек жанып жүргенде  
Жанасуға болып зар,  
Жүректің сырын айтуға  
Реті келді бүгін дәл.  
Құр өлең деп ойлама,  
Ыңталы сөзге құлақ сал:  
Күйдім, жандым жалындай,  
Киын, қалқаш, біздің хал!

1914 жыл.

## КОШТАСКАН ЖЕР

Жан жолдас! Ұмытылмас қоштаскан жер.  
Сөздерің емес тіпті естен кетер,  
Көзіңе жас кеп толған сұрын қашып,  
Мен келіп, хош дегенде қолынды бер.

Әрен деп тұрдым сонда менің де өзім,  
Тұрғанда жасқа толып екі көзің,  
Қоштасып көп тұруға шыдай алмай,  
Қол ұстастым жоктай-ақ айттар сөзім.

Есен, сау бол, жаным деп ұстасып қол  
Дегенде: «Алла жазсын амандық жол», —  
Елжіреп жүрек-баурым, есім шығып,  
Сол жерде деймін: «Хош бол! Хош бол!»

Дегенде: «Мені ұмытпа, жан жолдасым», —  
Сызылып махаббатты қара қасын,  
Сүюге ерінге ерін тиген шакта  
Бетіме тамып аққан ыстық жасын.

Білмеймін сол уақытта тұрдым нағып,  
Толғанда жүрекке кан лұпіл қағып,  
«Есендік жасын алла», – дегенінде,  
Меруерттей екі көзден жасың ағып.

«Хош, қалқам», – деп құшақтап қайғырғаның,  
Мәлдіреп жасың төгіп айрылғаның,  
Өлгенше естен кетпес көзін сұртіп,  
Майысып, маған қарап қайрылғаның!

1914 жыл.

## САҒЫНУ

Сарғайдым сағынғаннан, қалкаш, сені,  
Қиял мен ойдың саған ауып дені.  
Кайғыда, касіретте мен жүргенде,  
Ойға алмай жүр ме екенсін әлде мені?

Сен де мені сағынып жүр ме екенсін?  
Я тіпті касіреттен құр ма екенсін?  
Сағынып мен тұнжырап отырғанда,  
Әлде ойнап біреуменен жүр ме екенсін?

Сенен жақын дүние маған жан жок.  
Жырақта жүрсем дағы көnlіме ток.  
Жүргім күйді, жанды, сені ойлай,  
Ішіме түскендей-ақ қып-қызыл шок.

Мәлімсіз тағдырымыз жалғыз хакта.  
Бөліндік ойда жокта жастық шакта.  
Өлгенше менің көnlім жалғыз сенде,  
Жүрсөн де сен ол жакта, мен бұл жакта.

1914 жыл.

## ФАЗАЛ

(...ге, Абай үлгісімен)

Сейлей көр, тіл мен жак,  
Сөзіннің бері хак.  
Парыздай міндетін –  
Калқаны мактамақ...

Мамық төс, ақ тамак,  
Бұран бел, құшсак нак.  
Үлбірек екі ерін,  
Бейне гүл қызғалдақ.

Қараймын қасына,  
Жібектей шашына.  
Тістерің ұқсайды  
Ақ меруерт тасына.

Кел, жаным, касыма,  
Нансаң бұл расыма;  
Бар дүние тен қелмес  
Жалғыз бір басына.

Бал тамған сөзіннен,  
От жанған жүзіннен.  
Мәлдіреп қараған  
Айналдым көзіннен.

Бал беріп сөзіннен,  
Өптірші жүзіннен.  
Ұжмақтай хор қызы  
Артылмас өзіннен.

Жүректің дертін бас,  
Кел, жаным, көңілімді аш!  
Ақырын жымып,  
Құліп бір нұрын шаш.

Ғашыктық болсын паш,  
Білсін де өзге жас.  
Жалындаі жандырып,  
Лебінмен қылшы мас!

Лебізің шекер бал,  
Сымбатың өрім тал.  
Шырайың саяда  
Алмадай қызыл ал.

Сен бір шоқ қызыл гүл.  
Қонған кеп мен бұлбұл.  
Тарқамас құмарым,  
Сені иіскеп бес мың жыл.

Сайра да біздің тіл,  
Жырла да мың құбыл.  
Бұлбұлдың ғашығы гүл,  
Сүйгенім, өзің біл!

*1915 жыл, шілдә.  
Біздің ауыл «Есен».*

## ТӘТТІ ДАУЫС

Жүргімнің сокқаны  
Тәтті дауыс – әнмен тен.  
Шыққан лебім қөкіректен  
Ұжмақта шарап, балмен тен.  
Жастықтан бақыт тілесен,  
Құшағыма кір менің.  
Дүниенің шаттық рахаты –  
Махаббатым бір менің.

Бауырыңа бас, құш мені,  
Тәніміз бірге жан қоссын.  
Төсімді қыс төсіне,  
Жүргіміз ән қоссын.  
Лебінді қос лебіме,  
Жанымыз балқып болсын мас.  
Бетінді қос бетіме,  
Айқассын бірге екі бас.

*1916 жыл, май.*

## ...FA

Құшақтап басып баурыңа  
Төсіме төсін тигенде;  
Ерніңен ыстық ернімді  
Айырмай ұзак сүйгенде;  
Жас махаббат отымен  
Жүргін жанып күйгенде;  
Былқылдан ең мас болып,  
Еріп тәнің игенде!

*1916 жыл, 12 июль, Нұра.*

## ҚҰМАРЫМ

Қанатты, тағы тұлпарды  
Күміс ермен ерлесем;  
Ғашығымды алып алдымы  
Далаға құлаш сермесем,  
Кең далаға көз жетпес  
Тұлпарымды ұшыртсам,  
Калқашыма мойнынан  
Айрылмастай құштыртсам.  
Еркін ұшып далада  
Көкіректі кернесем,  
Нәрестедей ғашығымды  
Ат үстінде тербесем.  
Салған әнің күніреніп  
Дүниенің кетсе шетіне,  
«Жаным, сен...» десе ғашығым  
Қабысып беті бетіме!  
Тынбай шапсам күндіз-түн,  
Тұлпарым менің талар ма?  
Тынбай сүйсем ғашығымды  
Құмарым менің қанар ма?

1916 жыл, июль, Ауыл.

## АРҚА СҰЛУЫНА

(Terme)

*Шайбай Айманұлына*

Уа, шіркін, сүйдің ұзақ сусын қанбай,  
Мойнынан ақ білекті қойдың алмай;  
Мас болып былқылдадың күйіп тәнін,  
Керіліп маужыраған ақ маралдай.  
Оралған шашың жібек, касын барқыт,  
Сымбатың шашак жарған өрім талдай.  
Көмірдей оты жанған екі көзің,  
Бұран бел, қырша мұрын, жазық мандай.  
Меруерттей тістерінді жарқыратып,  
Құлгенің нұрын шашып аткан тандай.  
Ерінің қызыл гүлдей албыраған,  
Аузыңнан шыққан лебің шекер-балдай.

Мамық төс, үлбір тамак, қызыл жүзін  
Алмадай, албыраған кіршік шалмай.  
Сұлуы Сарыарқаның ерке сәулем,  
Беліннен тал шыбыктай қыссам талмай?

1916 жыл. Ауыл, Есен.

## СӘУЛЕМ

Ауылда михнантан кетіп аулак,  
Отырсам жүрегімде жалын каулап.  
Ауырған жанымға кеп демін салып,  
Жалғыз-ақ сәулем келді көнілімді аулат.

Алдауыш көп достардан күдер үзіп,  
Отырсам төнірекке көзім сүзіп:  
Сұлуым, ерке сәулем қасыма кеп  
Жанымды жадыратты рух кіргізіп.

Дер едін еріген бал бар мінезі,  
Жылы жел ескен жазғы – тәтті сөзі.  
Қак жарып кара тұнді нұр жайнаған  
Жұлдыздай аспандағы екі көзі.

Екі бет саядағы қызыл шие.  
Дауысы сызылған күй гармоние.  
Кең мандай, екі қасы иген садак,  
Сөйлессең шығар естен сүм дуние.

Махаббат екі ернінде лебі жанған.  
Ұқсайды қабысқан гүл шешек жарған.  
Құйылған кара шашы екі иніне –  
Кара бұлт аспандағы жел аударған.

Ак төсі ақ көбіктей толқындағы,  
Ақкудың ақ мамығы – ақ тамағы.  
Арқада тағы өскен сұлу сәулем,  
Көнілімді жадыратшы келіп тағы!

1916 жыл, 17 декабрь,  
С.А. аулы.

## ТЕРГЕГЕН БОЛСАН АЙТАЙЫН

Маржандай тізген жырымды  
Айтайын болсан тергеген:  
Домбырадай күйленіп,  
Ән тасып көкірек кернеген;

Махаббат толып жалындай,  
Лұпілдеп жүрек тербеген;  
Шаттанып күйлер кауласып,  
Косылған әрбір пернеден;  
Дүниеге жайып құшакты,  
Күштерім құлаш сермеген;  
Шаттанған тасып өленді,  
Айтпауға ерік бермеген;  
Кеіде толып көкірекке  
Кектер толып кернеген;  
Жігер кайнап зұлматка,  
Дүниeden шындық көрмеген;  
Көз жасын көріп сорлының,  
Екпінді кызу өленді  
Көкірегім жылап еңіреген,  
Айтпауға ерік бермеген.

*1917 жыл, Ақмала.*

## ТАУ ІШІНДЕ

Мен келем тау ішінде тұнделетіп,  
Аймақты құнірентіп өлеңдетіп,  
Астымда ақ боз атым сылан қағып,  
Жалтақтап құлактарын елеңдетіп.

Ақ боз ат менің тұлпарым,  
Шалқыған көніл сұнкарым.  
Көкірек керіп жұттым мен  
Ауаның жазғы жұпарын.

Ә-әй, сүмбіл шаш,  
Тәтті сөзің,  
Қара көзің,  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.

Ән салдым есіп майда жаяулатып,  
Ырғалтып, шырқап, толғап, бағаулатып.  
Толқындай мың құбылған әнімді естіп,  
Тыңдарсың кірпік қақпай ояу жатып.

Ақ боз атым қояндай,  
Еркелеп басар аяңдай.  
Тербеді дауысым ауаны  
Дыңылдап қалқып баяулап.

Ә-әй, сүмбіл шаш,  
Тәтті сөзін,  
Қара көзін,  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзін.

Үйқыға әнімді естіп берілмессін,  
Маужырап төсегінде керілмессін.  
Ақырын үйден шығып уәделі  
Жеріне келуге сен ерінбессін.

Ақ боз ат қарар елеңдеп,  
Үйінен шығып көлеңдеп,  
Асығып келсөң мәлдіреп,  
Бұркенген шапан желендей.

Ә-әй, сүмбіл шаш,  
Тәтті сөзін,  
Қара көзін,  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзін.

Торғындаі перде болар тұнгі мұнар,  
Ернінен ішкен балға қанбас құмар.  
Құшақтап қанша сүйсен қелген сайын,  
Шалқыған шіркін көңіл емес тынар.

Ақ боз ат қарар елеңдеп,  
Үйінен шығып көлеңдеп.  
Асығып келсөң мәлдіреп,  
Бұркенген шапан желендей.

Ә-әй, сүмбіл шаш,  
Тәтті сөзін,  
Қара көзін,  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзін.

## ӨМІРСІЗ ҒАШЫҚ

(Айбасұлы Бірмұхамбетке арнадым)

Кұмар боп қоймай,  
Сүюге тоймай,  
Бал шарап десем сөзінде,  
Капаста тоты...  
Махабbat оты  
Жанады десем көзінде;  
Жайнаған көзі шоқ екен,  
Жүрекке аткан оқ екен.

Көрінді өзі,  
Лебізі, сөзі  
Ұжмақтың шарап суындаі.  
Сүйген соң тілдің  
Дәмін мен білдім:  
Жыланның зәһер уындаі.  
Ернінен маған сүйдірді,  
Уына бірақ күйдірді.

Ғашыққа наңдың,  
Әрт болып жандың,  
Сүм жүрек, енді қойсайшы!  
Сұнқар боп үштың,  
Ақкуды құштың,—  
Ку көніл, енді тойсайшы!  
Өмірсіз жарды сынарсың,  
Енді, бәлем, тынарсың.

1919 жыл, октябрь.  
«Арқа», «Сары су».

## АҚҚУДЫҢ АЙЫРЫЛУЫ

(Дастан)

Аркада бір жер бар еді,  
Жібек самал саясы:  
Саяда бір көл бар еді,  
Сырлы кесе аясы.

Маржан құмы, құміс суы  
Көл еді кең айнадай:  
Мұнарытқан торғын буы,  
Көк көстелі айнала.

Қалың топ-топ, алшық-сирек,  
Жасыл қамыс дестесі:  
Бейне қолмен салған үрек  
Көлдің жасыл кестесі.

Әдемі еді мәлдіреген  
Айна көлдің көрнегі;  
Су бетінде елбіреген  
Ақ шашақтар өрнегі.

Пай шымылдық, жасыл құрак  
Калың біткен ту құрак.  
Кейде аккулар жасырынад.  
Шымылдыққа судырып,

Айна көлді мекен еткен,  
Бір-екі акқу бар еді.  
Максұтына бірге жеткен,  
Екі ғашық жар еді.

Айна көлдің суы құміс,  
Жұбай аққу көркі еді,  
Көрсе көзің алар тыныс,  
Екі сәулем ерке еді.

Көлдің басы ертелі-кеш,  
Мың құбылған өн еді.  
Екі ғашық ертегідей,  
Көлдің көркі – сөні еді.

Жүргенімде елге келіп,  
Ешкімді ертпей қасыма,  
Кетуші едім көлге келіп,  
Біраз жатып басында.

Көз жіберіп айна көлге,  
Жағасында жатушы ем;

Төсімді ашып жібек желге,  
Рахатына батушы ем.

Келуші едім анда-санда  
Саясатсыз тұрмыска;  
Біраз тыныштық беріл жанға,  
Дем алуға – тыныска.

Бір күн ерте айна көлдін  
Күйін тыңдалап, жағалап  
Бір ғажайып және көрдім,  
Карап жатып жағада.

Кең айнадан өзін көріп,  
Құстар билеп, ойнайды:  
Су түбінен маржан теріп,  
Сұнгіп терең бойлайды.

Көлді қорып, байғұс қызығыш  
Қынқылдаиды жағалап:  
Канатымен жерді сызығыш,  
Төңкеріліп сабалап.

Таукүдірет қалықтайды.  
Қақсанап, жырлап, зарлайды;  
Сорлы жыршы жалықпайды,  
Көл сағасын барлайды.

Көктен көлге төңкеріліп,  
Шанқылдаиды шағала;  
Бірде жылап, бірде күліп,  
Жарқылдаиды жағалап,

Қоныр күйін қаз күйлейді;  
Сұксыр менен каскалдақ.  
Әнге салып, би билейді  
Кегер, үйрек, баспалдақ.

Міне осындай көлдің сәнін  
Олқысынды жүргегім;  
Іздедім мен акку әнін –  
Жүргімнің тілегін.

Көлдің бетін көзбен андып  
Жұбай акқу көрінбей;  
Сөулемді іздең жаттым қанғып  
Көл басында ерінбей.

Акку күйі бір мезгілде  
Сыңқылдады алыстан;  
Және бірі шыға келді  
Жақындағы қамыстан.

Жақындағы көк қамыстан  
Шыққан акқу жырлады.  
Акку салған өн алыстан  
Бері жүзіп зырлады.

Жалғыз акку жырактағы  
Әнге салды «келем» деп.  
Сынар акқу құрактағы  
Тұрды күтіп, көлендеп.

Сыңқылдатып, жарып көлді  
Жұпар майын жағынып;  
Жұбайына акқу келді  
Алыс жерден сағынып.

Бөлек еken екі ғашық,  
Жайқынға кеп түйісті;  
Сыпайы ойнап, сыңқылдасып,  
Төтті айқасып, сүйісті.

Күміс суды жұмсақ сзып,  
Екі сұлу сыланды;  
Сылдырлатып моншақ тізіп,  
Ақ көбікке бұланды.

Дөнгеленіп, сәнін түзеп,  
Айна көлге қаранды;  
Екі сұлу өнін түзеп,  
Жуынды да таранды.

Екі кербез қатар түзеп,  
Көлдің келді шетіне:

Көлдегі әппак шашакты үзіп,  
Ііскей басты бетіне.

Ііскеп нәзік исін жұтып,  
Көлбендейді айнала,  
Ақ шашакты талдаپ тұтіп.  
Шашты мөлдір айнаға.

Талдаپ тұтіп ақ шашакты,  
Алып әппак жұпарын;  
Ақ тәніне сылап жакты,  
Қандыруға құмарын.

Екі сұлу еркелесті,  
Бір-біріне жарасып;  
Тағы нәзік «не-не?» десті,  
Бір-біріне қарасып.

Бөліп әсем ойындарын,  
Екі ғашық сүйісті;  
Сүйісіп боп, мойындарын  
Мұнайысып иісті.

Екі манғаз ғашық жұбай,  
Шын сүйіскен жар еді;  
Мұнайысты неге бұлай,  
Не касірет бар еді?

Екі манғаз еркін өскен,  
Косылышкан жар еді;  
Ертегідей еркелескен,  
Тағы неге зар еді?

Екі сұлу мөлдіресіп,  
Неге бүгін мұнайды?  
Бірін-бірі елжіресіп,  
Неге ақырын сыйайды?

Дауыстары қалтырасып,  
Неге нәзік жылайды?  
Косылышкан екі ғашық,  
Тағы нені сұрайды?

Көл ортасы кең жайқыннан  
Келген акку бұрылып,  
Қасіреті іште тынған.  
Жөнеп берді сырлылып.

Қанқылдаған қалар ғашық  
Көздің жасын тия алмай.  
Көлбендерді о да жасып,  
Кетер ғашық кия алмай.

Кимаса да бірін-бірі.  
Қайта-қайта қайырылып;  
Екі ғашық әрен тірі,  
Тағы кетті айырылып.

Екі ашыктың міне сыры,  
Қанбаса да құмары.  
Көл шетінде қалды бірі,  
Тағы кетіп сынары.

Бір шоқ қамыс жиекте өскен  
Бір мезгілде қалт етті;  
Қалт етті де үні өшкір,  
Үндемеске ант етті!

Шоқ қамысты жыбыр еткен  
Акку кербез елер ме?  
Құрттан қорықса қыбыр еткен,  
Көл шетінегелер ме?

Кешікпеді шоқ қамыстан  
Жасыл үшкын жарқ етті:  
Ақ тұтінмен ок қамыстан  
Бұрқ атылды, шанқ етті!

Кім бүйтті екен көлді жарып?  
Суық жүрек шіркін-ай!  
Айна көлді окпен карып,  
Сокқандай ғып көктен жай!

«Ah!..»; – деді де көл селк етті,  
«Ah!.. – деді акку, – жаным-ай!»

Қыларын ок қылып кетті;  
Неге бүйттін, зәлім-ай?!

Дәл көздеді сұрша мерген  
Шын сұлудың нақ төсін;  
Селк етті акқу, мұрша келмей,  
Басып қалды ак төсін.

Төсін басып бір ұмтылды,  
Жатты жайып құшағын;  
Шоқ қамыстан тұра ұмтылды  
Мерген алып пышағын.

Ойда жокта бұлан өтіп  
Тағдыр-минут кеп жетті.  
Уыздай ақ төстен өтіп,  
Көлді сызып ок кетті.

Күніренді көл карғыс шашып,  
Шулады көл гүрілдеп.  
Акку жатты төсін басып,  
Ағып қаны, дірілдеп.

Айна көлге жылап акты  
Әппак төстен қызыл қан;  
«Хош, жаным!» – деп қанат қакты,  
Үзілді тез шыбын жан.

Суды сабап, шапшаш мерген  
Ақ қанатты қайырды:  
Еш күнөсіз шашақ терген  
Екі ашыкты айырды!

Көздегенін атып жығып,  
Сұрша мерген кенелді;  
Ұры шіркін келген бұғып,  
Енді алшандап жөңеңді.

Сол мезгілде акқу ұшты  
Жалғыз қалған жыракта;  
Суды сабап келіп түсті  
Тұтін шықкан құракқа.

Акку көрді ойда жоқта  
Бір пәленің келгенін;  
Ғашығының ұшып оқка,  
Жау колында өлгенін!

Акку тағы зарлап ұшып,  
Жалғыз қалған жарына;  
Жығылды кеп суды құшып,  
Сүр мергеннің жанына.

Қалған ғашық болмай ие  
Моншактаған жасына;  
Шыкты даусы іші қүйе,  
Мергеннің кеп қасына.

Сыңсып акку суды шашып,  
Шырқ айналды зәлімді,  
Сүр мергенге төсін ашып:  
«Мені де ат!» – деп жалынды.

Қып-қызыл қып колын кандай  
Ақ сұлудын қанына;  
Мерген кетті шыдай алмай,  
Күйіктінің зарына.

Акку бетін жаспен жуды,  
Көкке шыкты қүйініп:  
Сүр мергенді қоймай қуды  
Көктен жерге түйіліп.

Сүр мергеннің алдына кеп.  
Тағы келіп құлады:  
«Атшы жылдам мені де!» – деп,  
Баурын басып жылады.

Мұны дағы батыр мерген  
Енді атуға батпады;  
«Мені де ат!» – деп жылап келген  
Сорлы жарды атпады.

Сүр мергенді шырқ айналып,  
Жылап акку қалмады;

Өзегі өрттей қүйіп-жанып,  
Каккан канат талмады.

Мерген кетіп бара жатыр,  
Алды-артына қарамай;  
Аккұды аңдып атқан батыр  
Тағы да атуға жарамай.

Біресе акку шырқап биік.  
Көкке жылап зарлады;  
Біресе кеп жерге тиіп,  
Көзден жасы парлады.

Біресе кеп жерді сабап,  
Жер бауырлап ынқылдал;  
Біресе ұшып желді сабап,  
Назаланды сұнқылдал.

Шіркін ғашық жан жолдасын  
Тастауға енді кимады;  
Мәлдіреген көздін жасын  
Моншактатты, тыймады.

Жылама енді, қүйікті жар!  
Неге керек еніреу?  
Кімге мұнша қыласын зар?  
Жер менен көк меніреу!

Талаі сорлы жер мен көкке  
Сен төрізді жылаған;  
Көздін жасын төгіп текке,  
«Мені де ал!» – деп сұраған.

Акку білді батыр мерген  
Енді мұны атпасын;  
Қанға бояп төсін керген  
Жұбайымен жатпасын.

Жер мен көкке зар еніреп,  
Шыдамады қүйікке;  
«Жұбайымнан қалмаймын», – деп,  
Шыкты шырқап биікке.

Сорлы ғашық бел байлады  
Жұбайынан қалмасқа;  
Серт қылғандай, айқайлады  
Көлге қайтып бармасқа.

Көкке қарай қанат қағып,  
Аққу кетті бұлдырап;  
Бір мезгілде төмен ағып,  
Төңкерілді судырап.

Төмен ағып қадалды да  
Найзадай боп шаншылып,  
Сүр мергеннің қак алдына  
Жығылды акку жаншылып.

Күйікті жар құлап өлді,  
Ақ төсінен кан акты;  
Жұбайына «ырза бол!» деп  
Бір-ак серіпті қанатты.

Өлімді де шіркін ғашық  
Сүйгенімен бір көрді;  
Жан күйігін мәңгі басып,  
Жұбайымен бірге өлді!

1925 жыл.

## СОВПАРТТАҒЫ ҚАРЫНДАСЫМА

(Гүлбаярамға)

Елден келдің калаға  
Оку іздең, шырағым!  
Жүрмелейсің ұмытып  
Ауылдың алыс – жарығын.

Надандықпен шіріген  
Қалды алыста ауылын.  
Сенен дерек күтеді  
Елдегі көп бауырын.

«Тасын кемір білімнің»  
Білім үйрен ерінбе!

Болып жүрме өүейі,  
Ойынға артық берілме!

Ел қызының келеді  
Сенен дерек білгісі.  
Елге білім апарып,  
Солардың бол үлгісі.

Алыстағы ұмытпа,  
Нашар, надан, жұртыңды.  
Бояу қуған қыздарға  
Еліктепе сыртыңды.

Қаланың сылқым қызының  
Құр сыртына еліктеп,  
Шылым тістеп аузына  
Оқымай жатып желікпе.

Кеуде ыстаған сән емес,  
Әуес қылма шылымды.  
Үйренбесті үйреніп,  
Шылым деме –білімді

Кейбіреулер санасыз,  
Сыртын ғана түзейді.  
Өнер кебі солдай-ак,  
Құр, тек шашын күзейді.

Білім емес мақсаты,  
Сондайлар көп емес пе?  
Сөйтіп жүрсөн сен-дағы  
«Мәнсіз адам» демес пе?

Ішкі қалпың өзгермей  
Сыртын ғана өзгерсе,  
Үйткенінді ауылда  
Өнкей сыншы көз көрсе,

«Не оқыған өзі?» – деп,  
Таба алмай күлмес пе?  
«Сыртын ғана бояпты», –  
Деп өсекке ілмес пе?

«Ішкі қалпы мәнсіз», – деп  
Мазақ қылып жүрмес пе?  
Өзгерген тек формына  
Иттер шулап үрмес пе?

Жаңармасын демеймін  
Сыртқы көрнек түрінді.  
Жаңарт, бірақ бірдей қыл  
Сырт пен ішкі сырныңды.

Өзің бисін, әрине,  
Өз басыңың еркіне.  
Ішің лайық болсын тек  
Сырты өзгерген көркіне.

Сырты сырлы адамның  
Болса ішінің мәні жок,  
Үқсамай ма жеміске  
Сырты әдемі, дәні жок?

Хат жазбасқа болмады  
Ойыма осы сөз келіп.  
Жүрмесін деп айтамын  
Сыртың ғана өзгеріп.

Жаздым ірікпей ойымды,  
Жат емеспін іркетін.  
Үлгі күткен аулыңды  
Қылма өзіннен үркетін.

Сен де қырықсан, мәселен,  
Ұзын өрген шашыңды.  
Шаш оқуға бөгет пе,  
Құтіп жүрсөң басыңды?

Ақ құтанның кәдірі  
Сапарының көрнегі.  
Қырғауылды көркейткен  
Батсайы жұн өрнегі.

Көркейтпей ме сені де  
Жібек шашың оралған.

Тұсken асып токпақтай,  
Аш белінен бұралған.

Шаш биттерлік күн туса,  
Шашты сонда аларсын.  
Ауырсаң – тұтін ем десе,  
Аузына шылым саларсын.

«Бұл не деген сөзі» деп,  
Ренжіме ауырладап.  
Сактандырып айтамын.  
Ағалықпен, бауырлас.

Тез даярлан совпарттан,  
Білім жинап қайтуға,  
Елдегі көп сінліне  
Ақыл, нұсқа айтуға.

Елден келдің білімге,  
Маржан алқа теруге.  
Міндеттісің оныңнан  
Елге апарып беруге.

Тоқып үйрен, жалықпа,  
Өнер-білім өрмегін.  
Шеберлей бер жібекпен  
Сол өрмектің өрнегін.

Тіге берсен жібекпен,  
Көркем өрмек кестесін,  
Көрсетерсің ауылға,  
Кесте өрнектің дестесін.

Апам ақыл берер ед,  
Қасында емес, елде алыс.  
Ақылдастып жүргүре  
Жырак кеттім мен де алыс.

Сүйгенімнен айтамын  
Бұл ақылды, шырағым!  
Есінен бір тастама  
Елдің алыс – жырағын!

1926 жыл.

## ЛАШЫН ӘҢГІМЕСІ

(Тұс)

Бір түсімді айтайын,  
Әлеуметке жыр қылып.  
Осыған ұқсас бір істі  
Айтып ед бір дос сыр қылып.

Ой жіберіп қарасаң  
Менің осы түсіме,  
Лашынның ісі ұқсайды  
Адамзаттың ісіне.

Жете жори білгенге  
Бұл түсімнің мәні бар.  
Жүрек тербел қозғайтын  
Сырлы қасірет өні бар.

Үйқтап жатып түсімде  
Сарыарқа сары бел көрдім.  
Белден белге жағалап  
Бір үлкен шалкар көл көрдім.

Сол күні көл шалқыған  
Тұпсіз терен су екен.  
Тағы жыртқыш құсы көп,  
Тәртібі жок шу екен.

Ортасында шалкардың  
Бар екен үлкен аралы.  
Сол аралға кеп қонды  
Бір лашын құс жаралы.

Бұл лашын құс жер, көкті  
Серік іздеп кезіпті.  
Бөтен текті құстарды  
Қыла алмай серік безіпті.

Көп болғанмен дүниеде  
Лашындаі талай асыл құс,  
Іздегені лашынның  
Өзімен текті лашын құс.

Лашын конды аралдың  
Бір киындау шынына.  
Дауа іздеді сүзіліп  
Жүректегі мұңына.

Көрді лашын бір үя  
Шындағы жақпар қияда.  
Көзі түсті бір құска  
Жақпардағы үяда.

Қадалды лашын сол құска  
Екі көзін айырмай.  
Қалды катып қадалып,  
Артына мойын қайырмай.

Ұядағы жалғыз құс  
Лашынның екен баласы.  
Әлі үшпаған жас екен.  
Қасында жоқ анасы.

Балапан құс ұяда  
Қанатын сылап тарайды.  
Мөлдіреп о да қадалып,  
Тектесіне қарайды.

Мөлдіресіп өуелі  
Лашынға лашын көз салды.  
Құстың нәзік тілімен  
Үлкен лашын сөз салды.

Көкке сермен құлашты  
Аралдан алып кетпекке,  
Серік қылып тектесін  
Мұратына жетпекке.

Бала құс әбден таныды  
Анасының тектесін.  
Жүргегі сезді лұпілдеп,  
Тектесі тастап кетпесін.

Сырнайдан сұлу дауыспен  
Бала көңілін білдірді.

Тектесінің жүрегін  
Балша ерітіп құлдірді.

Екі лашын сонымен  
Сол ұяда түйісті.  
Сұлу сынды сыпайы,  
Айқасып тәтті сүйісті.

Тектесінің жүрегін,  
Бала лашын өрт қылды.  
Айрылмасқа тірідей,  
Үлкен лашын серт қылды.

Шанқылдап даусын кернеді,  
Аралға келген бұл лашын.  
Тектесін ертіп кетуге  
Лашын құс жайды құлашын.

Лашын құстың даусынан  
Көлдегі құстар шошынды.  
Аралдағы түрлі құс  
Біріне-бірі қосылды.

Аралдың құсы шуылдап,  
Ұяның келді қасына.  
Үймеледі у-шу бол,  
Кос лашынның басына.

Кос лашынды қоршады  
Шулаған құстар қамалап,  
Тиіп-қашып жабылды,  
Қанатпен қағып сабалап.

Қарға менен бөктергі,  
Шағала, қызғыш, қарақұс,  
Неше түрлі тағы көп,  
Белгілі түссіз ала құс.

Лашынға шашты бәрі де  
Неше түрлі батпақты.  
Екі жарды қоспауға  
Жасады талай шатпақты.

Екіншіде тиіскен,  
Қанша жаумен шайқаспак?

Шарықтап кетті алысқа,  
Күштерін әбден жимакка.  
Екіншіде жауласа  
Топшысын жаудын кимакка.

Лашын байғұс күйініп,  
Зор уайым қылады.  
Ұяда қалған жетімді  
Ап кетпегей құладын.

Бір құладын ап кетсе,  
Қайта айналып келгенше,  
Жауларымен шайқаспак  
Топшысы қирап өлгенше.

Лашынның жаны күйініп,  
Жұрегі өрт боп жанады.  
Уайым қып тектесін,  
Көзінен жасы тамады.

Лашын сермен құлашын,  
Бұлттан асып зарлады.  
Күйік кернеп көкірегін,  
Көзінен жасы парлады.

Өнім десем, тұс екен,  
Есікті біреу қағыпты.  
Ояна кетіп қарасам,  
Жастыққа жасым ағыпты.

Жалғыздық көрген лашынды  
Аяп мен де жылаппын.  
Көзден тамған жаспенен  
Жастығымды бұлаппын.

Тұра салып жолдастан  
Тұс жоруын сұраппын.  
Домбырамды ап жабырқап,  
Құлағын күйге бұраппын.

Екіншіде тиіскен,  
Қанша жаумен шайқаспак?

Шарықтап кетті алысқа,  
Күштерін әбден жимакка,  
Екіншіде жауласа  
Топшысын жаудың кимакка.

Лашын байғұс күйініп,  
Зор уайым қылады.  
Ұяда қалған жетімді  
Ап кетпегей құладын.

Бір құладын ап кетсе,  
Қайта айналып келгенше,  
Жауларымен шайқаспак  
Топшысы кирап өлгенше.

Лашынның жаны күйініп,  
Жүргі өрт боп жанады.  
Уайым қып текстесін,  
Көзінен жасы тамады.

Лашын сермен құлашын,  
Бұлттан асып зарлады.  
Күйік кернеп көкірегін,  
Көзінен жасы парлады.

Өнім десем, тұс екен,  
Есікті біреу қағылты.  
Ояна кетіп қарасам,  
Жастыққа жасым ағылты.

Жалғыздық көрген лашынды  
Аяп мен де жылаппын.  
Көзден тамған жаспенен  
Жастығымды бұлаппын.

Тұра салып жолдастан  
Тұс жоруын сұраппын.  
Домбырамды ап жабырқап,  
Құлағын күйге бұраппын.

Бұл түсімнің жоруын  
Әбіке, сенен сұрадым.  
Шын жүрекпен тілейік  
Екі жардың мұрадын.

Бір жыртқышқа бөбекті  
Тағы құстар бермес пе?  
Жетім лашын еріксіз  
Құладынға ермес пе?

Бала лашын бұл істі  
Тағдырдан ғана көрмес пе?  
Құладынға алданып,  
Жастықпен байғұс көнбес пе?

Қамалап жалғыз жетімді,  
Құрбандық қып шалмас па?  
Бір жыртқышты баулысып,  
Жас лашынға салмас па?

Арам жыртқыш кодандап,  
Балапанды алмас па?  
Бала лашын сонымен  
Бір кор құс бол калмас па?

1927 жыл.

## АҚКУ ҚҰС КҮЙІ

Аян деген ақынның біраз өлеңдері – «Ақ сұлуға» арна-  
лып жазылған махабbat жырлары. Өзінің сүйген сұлыын акку  
құска тенейді. Мынандай өлең-жырлары бар:

### I-жыр

Ей, сәулем, сен, – акку құс, көлден үшқан,  
Сұктанған сәuletіне дос пен дүшпан.  
Айдында тұңжыраған мен тұңғиық,  
Аққудың тоймай құнде төсін құшқан.

Ақ сұлу, сен көлдегі акку сынды,  
Ақ күміс, сынқылдаған сұлу үнді.  
Әлемге бірдей қызыл нұрын шашқан,  
Қош алған ертелі-кеш алтын күнді...

Акку құс тұнғиыққа жауһар шашып,  
Сынқылдағап, құшақ жайып төсін ашып,  
Аймалап тұнғиыктың ақ шашағын,  
Ойнайды, ақ төсіне иіскеп басып.

Аққу құс ақ шашағын иіскеп, жұлып,  
Ойнатад тұнғиыкты жаткан тұнып;  
Тұнғиық ақ сұлудың төсін құшып,  
Сүйеді шөп-шөп етіп, сылқ-сылқ құліп.

Акку құс айдын көлде сынқылдаған,  
Айналса құладынға шынқылдаған,  
Тұнғиық акку құстың төсін құшқан,  
Күрсініп күйге түсед ыңқылдаған...

## 2-жыр

Айдын көлде аққу жүзед,  
Ақ сәулесі шаңқыып.  
Сұлу үнмен саңқылдайды,  
Көлді сүзіп манқыып.

Көлдің күміс сұын сыйып,  
Аппак төсін кереді.  
Су бетінен ақ шашақты  
Әлдекімге тереді.

Көлдің мөлдір айнасынан  
Өзін сұлу көреді.  
Бұрынғы өткен шайыр көрсे,  
«Ақ періште» дер еді...

## 3-жыр

Сөүлетті аққу сынқ-сынқ жырлап  
Тұнғиыкта дүзеді.

Тұнғиықтың төсінде ойнап,  
Ақ шашағын үзеді.  
Ақ сұлуға тұнғиық кен.  
Керіп құшак ашады.  
Ақку үзіп ақ шашағын,  
Иіскең, тұтін шашады.  
Тұнғиықтың төсіне ақкү  
Аппак төсін төсейді.  
Аппак сүйрік білегімен  
Су құмісін көсейді.  
Тұнғиық мас, ессіз құмар  
Ақ сұлудын көркіне,  
Төсін мәнгі құшар еді,  
Ақку тисе еркіне.  
Сұлу ұнді ақ мамықты  
Ақку лайық тереңге,  
Көрінген құс дүзе ала ма  
Тұнғиыктай еренге?  
Шіркін ерен, сонша құмар  
Ақ сұлудын ұніне.  
Іш құмары тарқамас ед,  
Мың сүйіссе де күніне...  
Ақку кетсе камысқа еніп,  
Мұз қабағын түйеді.  
Жүрек бауыры мұздай болып,  
Тағы өртеніп қүйеді.  
Толқын кернеп дөңбекшиді,  
Ашу кебін киеді.  
Долыланған арыстанша  
Айналаға тиеді...  
Сонда ақ сұлу шыға келсе,  
Дүзіп, өсем сыланып,  
Ашулы ерен сұлық тынады,  
Дөңбекшіген бұланып,  
Сонда ақкудың лебі тиіп,  
Құліп терең иеді.  
Ақ сұлудын мамық төсін  
Шөп-шөп етіп сүйеді...

#### 4-жыр

Қасірет күймен тебіренеді,  
Күйіп-жанып жан жүрек.  
Бірде удай, бірде балдай,  
Махаббат гүл үлбірек  
Бірде удай бұл махаббат,  
Бірде жұпар мас қылад.  
Бірде жанды бақытты қып,  
Бірде көзді жас қылад...  
Ақ мамығым, ақ үлдірім.  
Неге мұнша сүйдірдін?  
Неге маған кез болдың сен,  
Неге ынтық қып қүйдірдін?..

1932 жыл.

## VII

### БІЗДІҢ ТҮРМЫС – ЭКСПРЕСС

Тұрмыстың қара ісіне,  
Әлемді құлғып күшіне.  
Еріксіз жұтып ішіне,  
Экспресс жөнейді.

Ғашықты жардан бөлсе де,  
Талай жан жолда өлсө де,  
Жасты, қанды көрсө де,  
«Обал болды» демейді.

Жарым артта қаларын,  
Меруерттей жасы тамарын,  
Білсем де маған қарапын,  
Поезға міндім таласып.

Талай жан жаннан айрылды,  
Талай жар жардан айрылды.  
Сұнқардай талай кайрылды,  
Телміріп қалды адасып.

Экспресс зырлайды,  
Ешқаїда мойын бүрмайды,  
Ешкімге қарап түрмайды,  
Аямай жанды баратыр.

Жарымды артта қалдырды,  
Кеудені өртеп жандырды,  
Алыска көзді салдырды,  
Ұшырып алға қаратып.

Аждаһадай ирендел.  
Жорғалап кейде күйрендел,  
Сумандап, кейде сүйрендел,  
Экспресс зырлайды.

Ентігіп жылдам сыбырлап,  
Аяктары кыбырлап,  
Адымы жиң жыбырлап,  
Тұра түр десем тұrmайды.

Зырла, экспресс, үш зырла!  
Жұлдыздаі ақ, құлдыра.  
Құйындаі құтыр бұлдырла,  
Аямай жүгір бәрің де!

Ерлер мінсе, шыдасын!  
Корқактар мейлі жыласын,  
Шыдамаса құласын!  
Аямай сілте барынды!

*1922 жыл, 23 август.*

## ҚЫЗЫЛ АТ

*(Дастан)*

### *Досым арнадым*

Нұсқалап бұл күйде өстіп жоспарладым,  
Қызыл ат сынды сұлу досқа арнадым.  
Жібек сырт, алма қызыл, наз сұлуым,  
Дегізбе, «шіркін күйді босқа арнадым...»

«Құрғактау жазылыпты кенесін»... – деп,  
Кейбіреу білгішсіп «қам жемесін» деп,  
Сұлуым, толғап сені суреттедім,  
Күйімді «жалаң үгіт» демесін деп...

Жан шіркін сүйед әрбір сұлу затты,  
Сүйгенде беріледі күймен қатты.  
Гүл, бұлбұл, аққу, айдын, көк сөулесі, –  
Бірак та, жақын көред қызыл атты.

## Ақынға

I

Кәні, ақын қаламыңды қолға аласын,  
Күй шертіп біраз енді толғанасын!  
Күйімен қызыл аттын құрыш қалам  
Сумандап ак қағазға жорғаласын!

Көніл күй кешкі өуенмен желіктесіп,  
Қоктегі сәуле отымен еліктесіп,  
Әуелеп талай кеште шалқып еді,  
Жұргенде қызыл атпен серіктесіп.

Әрине, көкке өуелеу айып емес,  
Адамға құлаш созбау лайық емес,  
Адамзат сан сәуленің сырын білмек.  
Қоктегі алтын сәуле ғайып емес...

II

Аспанда алтын сәуле жұлдыз көп кой,  
Дүниеде асыл гауһар құндыз көп кой.  
Құралай, бұлбұл, акку, ал қызыл гүл, –  
Жан шіркін қызығатын қырмыз көп кой.

Қоктегі сәулелерді санадың сен,  
Әрқайсын әрбір затқа баладың сен.  
Құралай, бұлбұл, гауһар – жұлдызың деп,  
Ішінен таңдағаның қаладың сен.

Сүйген ең нәзік бұлбұл сұлу жырын,  
Гәуһардың от ойнаған көркем сырын.  
Сәулеге аспандағы күй косушы ең,  
Бірінен артық көріп таңдап бірін.

### III

Киял күй, енді «қара жерді» шарла!  
Бұл күйді Қызыл аттай досына арна!  
«Егіске тегіс жұмыл! Жаксы ек!» деген  
Ұранын партияның жұртқа жарла!

### IV

Білсең сен нағыз сұлу мұсін қайда?  
Күйі ме бұлбұл құстын жасыл майда?  
Немесе таудан аққан күміс су ма,  
Бұрандап сылдыр қаккан самал сайды?  
Немесе түпсіз аспан көк мұхитта  
Жалтырап қалқып жұзген алтын Ай ма?

Немесе айдындағы акку құс па ең;  
Сағымша елден қашқан құралай ма?  
Қоя тұр, жер тағысын, акын киял,—  
Сәуледен аспандағы қанша пайда?..  
Сұлу күй — социалистік өндірісте,  
Сұлу зат — ортак еңбек егіс жайда!..

Егісте — колхозданған ел сұлуы.  
Егісте — еңбек қылған ер сұлуы.  
Дегенмен алтын сәуле, көктө гой ол,—  
Қызыл ат — қолдағы алтын, дер сұлуы!

### V

Құр жалаң айқайлама желше жосып,  
Атынды өктеме тек борбай осып.  
Баппенен егіске айда, марғау болма,  
Айналып жем бер сылап, қант қосып!..

# Алдауыш белсенділөр жайлаған бір колхозда

## I. Егіске күйін қалай, қызыл атым?

Егіске күйін қалай, қызыл атым?  
Күн мынау күшті дene қызынатын.  
Жасарып төсін ашкан кара жердін  
Кыртысы катар-катар сыйылатын?..

Мінеки, ескен жібек жаздың демі,—  
Ак киіп қатқан жерге қылған емі.  
Кезінде күшті шіреп енбек қылсан  
Он екі ай тіршіліктің енбек жемі!..

Қалың қар жерді басып жатқан бүріп,  
Ыстық леп жаз демімен балдай іріп.  
Бусанып бойын жазар жер — ұлы анан,  
Талқандап ақ көрпесін үстен түріп.

Сай-сайдан сулар құлап гүрілдейді,  
Жарысып ылди қылп дүрілдейді.  
Лебі мас — жаздың демі сиқырлы ауа  
Мын түрлі шатты күймен дірлдейді.

Бар жәндік сұлу жазды қарсы алады,  
Табиғат мын түрлі үнмен ән салады.  
Ұшқан құс, жердегі жан тасқын күшпен  
«Енбекке жұмыл шат» деп жар салады.

Түрлі күй жер мен көкте саңқылдаиды,  
Сұнқылдан акку, кездар, қаңқылдаиды.  
Сыпылдан әуеде ойнап, төнкеріліп,  
Көк мойын сұқсыр үйрек жаркылдаиды.

Егісте бәйгі аласын, Қызыл атым,  
Күн мынау күшті дene қызынатын.  
Тілініп жер қыртысын көк сокамен,  
Тұнған жер талқандалып бұзылатын!

Жарыспен өткізуге егіс айын  
Құралды күнде шындал жағып майын,

Еңбекші ел – қалың үйым күтінуде  
Калдырмай түгел жұмып тағал тайын.

Трактор, көк соканы катар айдап,  
Күш салмақ өткізбеуге қүннің райын.  
Барлық күш, барлық құрал жаранады.  
Жаксы ма, Қызыл атым, сенің жайын?

## II. Сұлуым

Сұлуым, неге маған салқындаусын?  
Назданып шықпайды ойнап жарқын даусын?  
Еркешім, қайда кеткен, сөз қатқанда.  
Аккуша еркелейтін алтын даусын?

Мөлдір көз, алтын айдар, жібек жалым,  
Бүгілген құмырска бел, ерке жаным!  
Досына неге жарқын қарамайсын,  
Көк шыбық, алма қызыл, серке саным?

Қарайсын неге сұлық, бота көзім?  
Не болды мұн шалғандай нәзік сезім?  
Айналып-толғанып мен келгенімде  
Жарқылдалап ойнаушы едің етпей тәзім?

Сүйірктең акку мойын алма сабак,  
Безенген шыбық дене, кербез сағак.  
Наз сұлу, наз кимылды құралайым,  
Садақтай ұзын кіркік, гөуһар кабак.

Касына мен келгенде сыландаушы ен,  
Жарқылдалап оттай ойнап тұра алмаушы ен.  
Тал жібек айдарынды сылағанда  
Назданып еркелеуши ен, бұрандаушы ен.

Құшақтап тал мойнынды аймалайын!  
Жаянды сылап-сипап жаймалайын.  
Досына мұнша неге салқыннадын  
Айтшы енді, сөулетайым, айналайын?..

## Қызыл аттың сөзі

### I. Амансың ба, досым?

Денін сау, амансың ба, акын досым?  
Бір кезде айрылмастай жакын досым.  
Карамай кетіп едің көптен бері,  
Енді кеп қайрылғаның макұл, досым!

Досым ен сырлы сұлу сөзге маман,  
Сұрамай бір қайрылып, есен-аман,  
«Еркем!..» деп, енді елжіреп сөз қатасын,  
Еске алмай жүріп мені талай заман!

### II. Қандай едік?..

Екеуміз дос болғанда қандай едік?  
Естіген, көрген жұртқа тандай едік.  
Коктегі жұлдызымыз құшактасқан,  
Жаны бір, жүрегі бір жандай едік.

Сан қын істе мені сынаған ен,  
Жан кияр серігін боп ұнаған ем.  
Жаныңа ап кейбір тұнде «канатым!» деп.  
Құшактап талай мені сылаған ен.

«Жаныммен бағасы бір досым!» деуші ен,  
«Мәңгілік жан қосысқан қосым!..» деуші ен,  
Сен үшін киналған тұн құшып мені:  
«Ұмыт боп калар ма екен осың!» деуші ен.

Сен үшін талай жерде құс боп ұштым,  
Мойнымды «акқұым!» деп талай құштын.  
Соны да ұмыттын ба, көктегі ұшқан  
Әніне ән косушы ек акқу құстың?!

Бар сезім, бар күйімді саған бердім,  
«Жібек!» деп айдарымды талай өрдін.  
Көк майса жаратылыс құшағында  
Сен үшін құлашымды талай кердім.

Сен үшін актым талай жұлдыз болып,  
Сыландым, құлпырдым да құндыз болып.

Жаныңа қанат болып, мойныңа да  
Оралдым бейне жібек қырмыз болып.

Не керек, жанмен талаій сырласуши ек,  
Күй қосып достық жырын жырласуши ек.  
Орманда бұлбұл құстың қүйін тындал,  
Қектегі жұлдыздан сыр ұрласуши ек.

### III. Ұмыттың-ау!

Менімен талаій банды – жауға шықтың,  
Соғуға талай жауды ауға шықтың.  
Қуалап ақ бандыны дүрілдетіп,  
Көтеріп қызыл туды тауға шықтың.

Кекілді шоктап талай түйген едің,  
Қыналып қорғасын оқ киген едің.  
Көк найза ақ алмасты жарқылдатып,  
Ысқыртып жауға талай тиген едің.

Ақ банды қуған күндер түсे ме еске?..  
Сонда мен көк шыбық ем шықкан беске...  
Жарқылдап найзағайша тиюші ек қой,  
Ант етіп жауға тыныс, дес бермеске!..

Сонда мен бетімді октан бұрып па едім?  
Жалтақтап от пен судан тұрып па едім?  
Қорғаған Октябрьді сан шабыста,  
Маған бір кейіп қамшы ұрып па едін?

Жан аяп жауға еш жерде алдырмадым,  
Шабыста жанға жуық шалдырмадым.  
Бас тіккен тыныс алмас қан майданда  
Мен сені жау қолында калдырмадым.

Осыны ойлаушы ма ем кесілер деп,  
Ұмытып сырлас досым есірер деп?..  
Сен күліп басқалармен жүр дегенде,  
Тек кана бас шайқадым: «есіл ер!» деп...

Шіркін дос, өз сертінді өзін неттін?  
Ұмытып жолдастыкты тастап кеттін!..  
«Досым!» деп, енді келіп толғанасың  
Бес төгіп есіл арын шіркін беттін!

#### IV. Халімді білмедін, зиянкестер бұллірді ғой

Әуелі сұрамадын есен-аман,  
Демедін: «ескі досым, қалай шаман?»  
Деп жүріп «жан жолдасым», бүйтіп кеттін,  
Бола ма опасызың бұдан жаман?

Тұрсың ба өзің көрмей біздің жайды,  
Мен қалай өткіземін «егіс айды?»  
Мынау ғой біздің колхоз титықтаған—  
Койды ма зиянкестер тағал тайды?

Мінекей менің мынау арқам жауыр,  
Шор болды камшыменен екі сауыр.  
Алдауыш белсенділер жау боп тиіп,  
Мойнымда жал, қалмады өкпе, бауыр.

Алдауыш белсенділер бізді құртты,  
«Бұл қалай?» десен боктап шайнады ұртты.  
Оларды бай-құлақтар айдаш салып,  
Ақыры қүйзелтті иттер талаї жұртты.

Колхозға тиді қулар жау сиякты,  
Қарады бізге тек бір «лау»<sup>1</sup> сиякты.  
Науқанмен анда-санда уәкіл келсе,  
Көрінді қол жетпейтін тау сиякты.  
Басқарма, қу белсенді тайтанадады,  
Қауіпсіз, дені-басы сау сиякты.  
Олардан кедей шаруа корқып әбден  
Қарсы айтпай жүре берді «мау»<sup>2</sup> сиякты.

Колхоздың құртты қулар ет пен майын,  
Қоймады ұрламаған тағал тайын.  
Белгілі ат, айғырлар не болмады,  
Жеп құрткан уақ малды не қылайын!..

Білемісің жүйрік сұлу қара айғырды,  
Білемісің әлгі жалбыр сары айғырды,

<sup>1</sup>Laу — көлік салығы, лау ат.

<sup>2</sup> May -- мәжиүн, акымақ.

Сұр жөрға ат, сүтті мама боз биені,  
Соларды зиянкестер қалай қылды?..

Солардың бірі жауыр, бірі қатпа,  
Сұр жорға ат қазір тулақ, ол енді ат па?  
Мұнымыз күш көлік кой, десе шаруа,  
Зиянкес деді зекіп: «әкел!.. шатпа!»

### V. Сен қайда жүрдін

Сонда сен, ақын досым, қайда жүрдін?  
Көктегі алтын сәуле – айда жүрдін.  
Тербеліп, өлеңдетіп, автомобиль –  
Қызыкты жұмсақ орын жайда жүрдін.

Міндін де, аэроплан ұшып жүрдін,  
Аспанда алтын сәуле құшып жүрдін.  
Қиналып су іше алмай мен жүргенде,  
Сен... шырын... миуа... балын ішіп жүрдін.

Әрине, алтын сәуле – сұлу зат кой,  
Сәулені құшкан жанның қөңлі щат қой,  
Ұмытпай қайтесің сен, жердегіні,  
Сәуленің сиқырлы оты шіркін, жат қой!..

Ауылдық шаруадан сен аулак жүрдін,  
Советтің «жалпы жауын» жаулап жүрдін.  
Ішкі жау ішімізден жеп жатқанда,  
«... Комбайын... трактор!..»—деп заулап жүрдін.

### VI. Мен машинаға қарсы емеспін

Әрине, машинаға қарсы емеспін.  
Орынсыз өкпе айтатын заршы емеспін.  
«Машина бізге жау», – деп ката пікір,  
Зиянды үгіт айттар жаршы емеспін.

Машина – жан жоқ жүйрік ерен көлік.  
Біз оған болмас па едік істе серік?  
Көбейсе машиналар өр түпкірде,  
Алмас па ек, арқа босап біраз ерік?

Естіміз, талай елдер егін еккен,  
Шалағай жай көліктен ыза шеккен,  
Трактор, комбайнды егінге сап,  
Отарба, автомобильді ат қып жеккен.

Есті жан қарсы емес қой машинеге,  
Пайдасын көрмес пе едік, іске жеге.  
Астыққа қарық болып жұрт күйленбес пе ед,  
Комбайн, тракторды іске жеге.

## VII. Соның адамшылық па?

Бірақ сен сертті ұмыттың жолдан азып,  
Өткенді не пайда енді текке қазып?  
Кетіп ең мені тастап, автомобиль,  
«Әуелек, отарба...»— деп жырлар жазып.

Мені де тым болмаса есіне алып,  
Күш беріп кеп жүрмедің көзің салып.  
«Жолдасым, ұмытқам жоқ», — демедін сен,  
Қиналып жүргенде мен өліп-талып.

Артына қайрылмастай мені тастап,  
Жазбадың бір жылы сөз маған қастап.  
Адамдық бағанды бұл білдірмей ме,  
Кеткенің ескі досты айырбастап?..

## VIII. Әлде үкімет солай деді ме? Бұл қалай?

Үкімет әлде бізді «көрме» деп пе ед?  
Саған — «тек, көкке заула, өрле» деп пе ед!?  
Алдауыш белсендіге еріп беріп:  
«Малды құрт, тез титықтат, жерле...» деп пе ед?

Куларға совет бізді: «жалма!» деп пе ед?  
«Аузыңа қызыл атты алма!...» деп пе ед?  
Саған «тек тракторды айт, көкте заула,  
Ат шіркін ауызға алар мал ма!...» деп пе ед?

Әрине, олай болса сенде не бар?  
Әкпе айттар «дос едік!» деп, менде не бар?  
«Ат енді керек емес!» десе совет,  
Титықтап қалмай қаңғып енді не бар?

Ендеше, неге айғайлап: «Егіс» дейсін?  
«Егіске жұмыл қатты тегіс» дейсің?  
«Күйі жоқ күш көліктің!» десе біреу,  
Неге енді жұрт алдында сөгіс дейсін?

## Қызыл атқа

### I. Мойныма аlam

Жолдасым, көріп түрмyn жай-күйінді,  
Досынмын көрген құлын-тай күйінді.  
Қызықпен өткізген ек ор киікше,  
Жүріске талай сертті сай күйінді.

Өзім де колхозынды көріп келдім,  
Кішілік етіп сәлем беріп келдім.  
Сүмдардың не қылғанын біліп әбден,  
Бәрін де жіпке тізіп, теріп келдім.

Сұлуым, күйін мұндаі болған екен,  
Өкпе-наз көкірегіне толған екен.  
Алдауыш арам қулар мұнша корлап,  
Езілген гүлдей жүзін солған екен.

Бәрі жөн айтқаныңың, мойныма аlam,  
Жоқ саған кінә қылып жабар жалам.  
Жыр қылып жай-күйінді жаза алмадым,  
Салынып басқа күйге қызу қалам.

### II. Жағдай солай болды ғой

Кешегі Ленин бастап майдан ашкан,  
Жығуға езгіш тапты ұран шашқан,  
Дүниені қалтыратқан сертті күнде  
Ес білген жас бала да кару асқан.

Күніреніп езілген тап іздең тендік,  
Асынып жау жаракты майданға ендік.  
Құлданып енбекші елді езген таппен  
Шайнасып, қан майданда ит қып жендік!

Дүниенің қарарсыз ғой бек пен байы,  
«Біздікі, – дейді, – көктің Күн мен Айы...»

Айтпа-ак қояйын ол күннің жырын,  
Мәлім ғой барша әлемге істің жайы...

Еңбекші ел жауды жеңіп ұрғаннан сон,  
Өзінің әкімдігін құрғаннан сон.  
Түрлі ауыр машиналар қажет болды,  
Социализмге бет бұрғаннан сон.

Сондықтан өнерлі елге жетпек керек,  
Болды ғой басып озып өтпек керек.  
Сан киын завод жасап күшті салды:  
Оған күш төкпей енді нетпек керек?

Жасады неше түрлі машинені,  
Талқан боп қопарылды жердің кені,  
Салынды бетпак шөлге темір жолдар,  
Женілді киыры жок жердің шені.

Отарба, аэроплан, тракторды,  
Жыр қылдым, ұялтсан да, кекеп мені.  
Бірақ та кешілмейтін ауыр күнәм –  
Бақылап жүре алмадым, досым, сені!..

### III. Қыын жолда

Көкке үшпай аскар таудан өту қыын,  
Құралсыз алға жылдам кету қыын.  
Отарба, автомобиль, тракторсыз  
Мұратқа алыстағы жету қыын.

Сондықтан, құрал керек қыын жолға,  
Әйтпесе біте ме ұлы іс алған қолға?..  
Сан қыын асулардан аса алар ма ек,  
Ығысып бұрақтамай он мен солға?..

Бұл жолда ас та керек, ат та керек,  
Тағы да неше түрлі зат та керек,  
Өндіре егін салу, өсірсесе,  
Бұл – тіпті зор мәселе тұрған ерек.

Бұл жолға, сұлу досым, сен де керек,  
Әрине, ат пен ерге жем де керек.

Советке қастық қылған жау біткенше,  
Ататын... Менін әлгі... «Нем» де керек.

#### **IV. Үкімет малды ешкімге құрт демеді**

Үкімет малды ешкімге құрт демеді,  
Күйзелсін еңбек қылған жұрт демеді.  
Сендердей колхоз малын жау боп құрткан  
Сүмдарға өтірік айтып қырт демеді.

Советтің максұты – істі жемісті ету,  
Еңбекті еңбекші елге тен істету.  
Колхозды, өндірісті өркендетіп,  
Қызықты комуншылық құнғе жету.

Қызықты талай жердің колхозды елі,  
Аттары ор текедей өскен телі.  
Гүлденген шаруасы іс жүзінде,  
Жылтылдап малдарының майлы шелі.

Істесе, ку жалқаулық ресім болмай,  
Коя ма өндірісте өсім болмай,  
Өндіріс бастықтары іс баскарса,  
Не пасық, не ақымақ, не сүм болмай?!

#### **V. Аттарды дербес тапсырған**

«Аттарды сырттан бағып шолып жүр. – деп. –  
Жауладардан, ұры, кары корып жүр, – деп, –  
Үкімет Воршилов, Буденнийға  
Тапсырған, – бас-көз, камкор болып жүр», – деп.

Бұл екі ер талай ұлы сияздарда  
Жер-жерден келген кейбір миы аздарға  
Әйгілеп зор дауыспен ұрыскан талаї,  
Жерінде аттарының қүйі аздарға.

«Ісшіл ат, еңбекші тап, досын!» – деген...  
«Көп пайда көреді аттан қосын!» – деген,  
«Октябрь майданында серік болған,  
Ұмытпа, бұл есінде болсын!..» – деген.

«Ісіне отан қорғау жау мен жаттан,  
Көреміз талай достық өлі де аттан.  
Кешегі қан майданда,— деген олар,—  
Ат байғұс біз үшін сан қанға батқан!..»

## VII. Сендерді зиянкестер бұлдірген ғой

Сендерді пасық сұмдар бұлдірген ғой,  
Бір-бірін дұшпан мәз боп құлдірген ғой.  
Өтірік мәліметтер жазып ылғи,  
Советке мұлде теріс білдірген ғой.

Советтен сұмдықтарын жасырған ғой,  
Өтірік сипырларды асырған ғой.  
«Баюда біздің колхоз, өркендеуде!» —  
Деп сұмдар үкіметке тас үрған ғой.

Арамдар әбден алдап үрған екен,  
Пәлесін неше түрлі күрған екен.  
Жем қылып ит пенен құс, ұры, қары,  
Куалап дем алдырмай қырған екен.

Пасыктар үрлап, сатып сойған екен,  
Жем қылып ұры, қары тойған екен,  
Бағусыз куалап тек, жынша кинап,  
Аз күнде колхозынды жойған екен.

## VIII. Алдауыш белсенді – жаудың күшігі

Алдауыш белсендіні жау демейсін,  
Аркасы ешбір аттың сау демейсін,  
Ол сені жау болмаса бүйтпес еді,  
Сайдағым, доста — қүйлі,  
Жауда — өгейсін!

Олар байдың күшігі жұні күйген,  
Бұландарап кеше байға басын иген.  
«Жау сиякты!» —  
Демеші жаудың итін,  
Астай жалап жылмандаپ сүтке тиген.

Аулакта сендерге өкім ие болып,  
Семірген өз сөздері жүйе болып!  
Советке сұмның ісі білінген сон,  
Сотталды арам беті күйе болып.

Емес пе ол сұмырайлар жаудың бірі?  
Қайтеді ондай болмай жаудың түрі...  
Тон жамылып қой жеген сұғанакша,  
Құлқынның көрінді ғой барлық кірі.  
Көз бояп колхозынды жайлап кулар,  
Титыктап таусылса да тәннің шыры.  
Сандалтып дамыл бермей сонша қинап,  
Әйтеуір, достым, сені қойған тірі!..

### VIII. Үкімет сұмдарды жазалайды

Құртыпты кей жерде де өстіп малды,  
Бір көлік қалдырмаған жөнді, жалды.  
Сұмдарға қатты жаза қылып жатыр,  
Үкімет білген жерде мұнданай халді.  
Осындаи зиянкесті көре алмаған,  
Ауданның басшыларын істен алды.  
Сұмдарға, зиынкеске берілгенді  
Әшкере қара бет қып соттап салды.

Алдауыш белсенділер енді татты...  
Ит болып ұсталғаны түрме жатты.  
ГПУ, төнкерістің күзетшісі  
Біразын зиянкестің ұстап атты.

### IX. Жолдас Мирзоянның үнімен

Советке шын хабарлар енді жетті,  
Сондықтан кей райкомдар ұшып кетті.  
Партия:  
«Ісін түзе, тез...» деп бізге,  
Мирзоян – қырағы ерді бастық етті.

Мирзоян істі қолға алып жатыр,  
Өзі де, сөзі де елге барып жатыр.  
Тектіріп азық, тұқым мұқтаж елге,  
Егіске күшті ұранын салып жатыр.

Мирзоян іс басында күндіз-күні,  
Қозғады енбекші елді салған ұні...  
«Сұлуым, өкпенді кой, көтеріл», – деп,  
Бас иіп келіп тұрмын мен де міні!..

Ақкуша сылан ғынын созған досым,  
Күйленсе ұшқан құстар озған досым,  
«Егіске жұмыл!»  
деді, ұндең басшы,  
Кәні енді құшінді ірікпей қозғал, досым.

Қозға енді, бота көзім, Қызыл атым,  
Сертті істе өнерінді қызынатын!  
Кек бояқ ен далада құлаш керіп,  
Жұлдыздай көктегі ағып сыйылатын.

## Қызыл аттың сөзі

### I. Енді мен аянастын

Жанымды қозғадың сен, акын достым,  
Талайдан осындаі бір сөзді тостым.  
Жұбатты бірсыныра сөзің мені,  
Шалдыққан тәніме сен қуат костын.

Шындыққа біраз, міне, қанып тұрмын,  
Арыған денем қызып жаңып тұрмын.  
«Советті алдап бүлдірген сұмдар» деген,  
Әлгі айтқан шын сөзіңе нанып тұрмын.

Демеймін: «Егіске мен жарамаспын»,  
Өзімді мүгедек деп санамаспын,  
Егіске жан аямай жегілермін,  
Енді мен арықтыққа қарамаспын.

Қайтейін, міне, белім, арқам жауыр,  
Шор болған қамшыменен екі сауыр.  
Егіске бар кайратты жиямыз ғой,  
Шырлы жал, болмаса да өкпе, бауыр.

Уәкілдер анда-санда келіп кеткен,  
Советке білдірмесе бұл хәлді ауыр.  
Сен дағы үкіметті алдайсын ғой:  
«Кызыл ат құйлі екен, — деп, — тым-ак тәуір!..»

## 2. Анық білгің келсе

Өзін де біздің жайды көрдім дейсін,  
Колхозға кіріп сәлем бердім дейсін.  
Сұмдардың не қылғанын біліп әбден,  
Бәрін де жіпке тізіп тердім дейсін.

Сұмдарды түгел білу керек десен,  
Саған бұл, материал — дерек десен,  
Колхоздың бәріне де еске аларлық,  
Бұл жұмыс үлкен сабак — ерек десен.

Шын білгің келсе жайды, ақын досым!  
Бәрін түгел білгенің макұл, досым!  
Сабаздарды толықтау суреттейтін  
Жай-құймен әбден таныс жақын, досым!

Шертуге кепті түгел толғанып ем,  
Наза қып өкпе айтуға ондалып ем,  
Бірақ та жасқаншаш бол қалған басым  
Айтуға мана толық қорғанып ем.

## 3. Солай еді ғой

Алдауыш белсенділер долы еді ғой,  
Оларға не қылса да жол еді ғой,  
Көнілдерін таппасаң құрдаї жортып,  
Жұмсайтын арам — лас колы еді ғой,  
Арам ісін олардың айттар болсан,  
Істейтүғын бәлесі мол еді ғой,  
Нағыз жау деп айтуға қауіп қылып,  
«Жау сиякты!..» дегенім сол еді ғой!..

#### **4. Аулакта негіп жатты**

Ортадан біздің колхоз қашық жатты,  
Сұмдарға басқарма алды ашық жатты.  
Отырып залым, сұмдар баскармада,  
Мал шаруа, құрал-сайман шашық жатты.  
Тек қана білді олар ішіп-жеу мен  
Сабылтып күндіз-түні мінген атты,  
Бұлдіріп колхоз малын өңкей күзғын,  
Тағы да пайдасына ұрлап сатты.  
Үәкіл кеп орталықтан сөз болғанда,  
Өтірік, қып-қызыл боп оттап шатты.  
«...Алдынғы катарда, — деп, — біздің колхоз»  
Тілменен тап жауына тас боратты.  
Сөздерін өзеуретіп нағыз ер боп,  
«...Жасасын... жасасынға» баспалатты,  
Зиянкес сол кездерде қанды шенгел  
Бар малға салып жатты катты-катты.  
Сандалып әлім құрып, дал болып жан,  
Аяусыз қамшы арқама қатты батты.  
Ортадан қашық жатып кулар билеп,  
Мінеки досың соның дәмін татты!...

#### **5. Біздің колхозды жайлаган сұмдардың ниеті**

Айтып тауыса алмаспын былыктарын,  
Басқарманың жеркеніш шылыктарын.  
Ойран болмай жүрегім айта алмаймын  
Ұждансыз сұм зиянкес қылыштарын.

Біздің колхоз ортадан тым жырақ қой,  
Темір жолдан киыр шет бір бұрақ қой,  
Шын коммунист бізге кеп басқармаған  
Кездерде басқаратын — бай-құлақ қой.

Арам сұм боянып кеп алып орын,  
Біртінде өрмекшіше құрып торын,  
Совет үшін қызмет қылған болып,  
Құртуға қылды әрекет колхоз корын.

Біртіндең селдіреді колдағы мал,  
Пәлеге ұшырады кордағы мал.  
Күш көлік ат сандалып қалды әр жерде  
Секілді болды қорлық сордағы мал.

Колхоздан еңбекші елді бездірмекке,  
Улатып ескі заңмен ездірмекке,  
Бірлескен күш енбектен жеріттіріп,  
«Көрсін!» деп, қаңғыртып ел кездірмекке;

Ірітіп колхозды әбден тоздырмакка,  
Жаулық, жаттық сезімді қоздырмакка.  
Тентіретіп мойнына дорба ілдіріп,  
Әркімге тіленіп қол создырмакка;

Құрытып колхоз қорын аш қылмакка,  
Қатын-бала көздерін жас қылмакка,  
Колхоздан түнілдіріп енбекшіні,  
Суытып көnlін оған тас қылмакка;

«Колхоз болсан, мынадай боласың!» деп,  
Қаралап дүниеге паш қалмакка,  
Советке, партияға жала жауып,  
Социализмге елді қас қылмакқа;

Бейнебір қауіпті ауыр түс көрсетті,  
Жаз ішінде қырланған қыс көрсетті.  
Досым, сен нанбассың да, зиянкес сүм,  
Естімеген, көрмеген іс көрсетті!..

## 6. Алдаушы сұмдарды партияның білгені жақсы болды

Міне, енді көтеріліп қуанамын,  
Қалдырып, күйзелуді уанамын,  
Партияның достығын көргеннен сон,  
Озық колхоз аттарын қуа аламын.

Қуанам партия көз салғанына,  
Сұмдарды қыран көзі шалғанына.  
Біздегі зиянкес – бай-құлакты айдалап,  
Бізді де мыкты қолына алғанына...

## **7. Сүмдардың тұрпат, құлыктары**

Тексерсен біздің арыз – дауымызды,  
Көрер ен талай арам жауымызды,  
Сүмдардың не қылғанын түгел біліп,  
Аз табар ен бас арка сауымызды...

Іште жүрген жау сүмдар неше түрлі,  
Болса дағы бір тілек, бір-ақ сырлы,  
Әдіс, мінез тұрпаты алуан-алуан,  
Адамшылық, ұждансыз жаны кірлі!.

## **8. Колхоздағы зиянкестің бірі**

Кейбірінің тұрпаты салмақты ызбар,  
Артықсынып тұнжырап кейде сыздар,  
Төңкеріске мәнгілік жібіместей,  
Кекірегінде қатқан кан тастай мұз бар.

Нығыз дene, айуан жендет сынды,  
Қанды локет қонышында ұзын қынды ,  
Күтулі бір колхоздың малын көрсе,  
Тісін қайрап ішінен көзі тұнды.

Мінген атын өксітіп тыным бермей,  
Делбедей қып қинады бейне жынды,  
Бұлдірсе, құртса, сойса күнде малды,  
Сонда ғана көnlі біраз тынды...

Ондай сүм колхоз малын бақтырмайды,  
Үқыпташ мал күткенді жақтырмайды,  
Өзінің күшігіне қаймақ құйып,  
Өзеге шырлы корек таттырмайды...

## **9. Екінші біреу**

Кейбірінің тұрпаты баяу ғана,  
Кеп отырып сөйледі таяу ғана,  
«Не үшін, сорлы-ау, жел танау боласын!» деп  
Сөздері секілді ылғи аяу ғана...

## **10. Үшінші өтірік белсенділер**

Үшінші сүм, өтірік белсенділер –  
Ат, айғырды сабылтып теңселдірер,  
Бірі ызбарлы сызыдаған, бірі әнгүдік,  
Бермесен қар жаудырар, берсен құлдер.

О да «камкор» болады көнілін тапсан,  
Конса күтіп, жатқанда жылы жапсан.  
Түнде көнілі «сабаздын» табылmasa,  
Үй иесі бір «контр» болды шапшан.

## **11. Сүмның басқармадағы бірі**

Кеібіреу уәкілге жағынады,  
Мын түрлі еппен жорғалап ағылады,  
Үкіметтің он көзі өзі болып,  
«Ол қыныр, бұл қисық» деп шағынады.

Істегіш боп кейде ол сүм тайтактайды,  
Кеіде көлгір камкор боп жайтактайды.  
Алдауыш белсендіні итше үйретіп,  
Дамыл алмай еппенен айтактайды...

Колхозға сүм иттерін сүйтіп жапты,  
«Ал, белекен» дүрдиіп тынбай шапты,  
Колхозшыны есінен адастырып,  
Өшіккенін құтырған итше қапты...

Ол дағы колхоз малын жеміреді,  
Қан ішкен қандас итше семіреді,  
Өтірік малды жаудан күзетпек боп,  
Ыржактап майлы сүйек кеміреді.

Қауіп қылғанды ықтырад шетке қағып,  
«Бұл қалай?»... дегенді үрад бетке қағып,  
Басқанын сұлуына мін айтады,  
Ардактап өз мөстегін к... қағып.

## 12. Бар ма әлі кәрі райком

Білмеске «ауком», «райком», бәрі райком,  
Бар ма әлі сендердегі кәрі райком?..  
Сен де оған жалған цифр бересін ғой,  
Болса егер ол сендерде әлі райком!..

Ол әлі райкомдікten кеткен жоқ па?  
Кетүге жоғары арыз еткен жоқ па?  
Көрсетіп болды ғой бар касиетін,  
Кететін мезгілі енді жеткен жоқ па?

Аралап колхоздарды көре ме өзі?  
Көрсө егер дұрыс баға бере ме озі?  
Бізді кеп неше жылда бір көрмеді,  
Әңгүдік ұлықсыған төре ме өзі?

Емес пе жауапкері бір ауданын,  
Көлемді біз тәрізді дыр ауданын,  
Керек кой өте-мөте дұрыс болу  
Басшысы жырақ жатқан ірі ауданын?

Әрине, мұндай сөздер оған жақпас.  
Мойныма, «жаксы айттын» деп, тұмар тақпас,  
Ырза болып, бұл сөзге қоштанып кеп,  
Көтермелеп арқаға мені қақпас.  
Шын басшы адам қырағы болар еді,  
Койын да жаксы қойши теріс бақпас.  
Қойши да қойын жұтқа шалдырmasa.  
Ешкім оған орынсыз жала жаппас.  
Ол қырағы болса – жау бүйте алмас ед,  
Сак қойшының қойына касқыр шаппас.  
Сорымызға біздің ол тап болды ғой,  
«Сортан қойши қойлары егіз таппас!».

Басшы болсан бір аудан көлемінде  
Іс аксаса, «өзімнен көремін!» де,  
Алданба көз бояған сүмдарменен,  
Әйтпесе, «басшы емеспін, төремін!..» де.

### 13. Сен де өтірік магұлмат бердің бе?

Дариға, көрі райком бар болса әлі,  
Катесін айтуға алды тар болса әлі,  
Секілді салтак бура көкке қарап,  
Білімі мінезімен пар болса әлі,

Алдына барып сен де жүгінемісін,  
Лас жанды, подхалимше – бүгілмесін?  
Үйренген табақ жалап жұрт көзінше,  
Жағынып, майдаланып үгілемісін?

Қайпактап, кішірейіп бас ұрамысын,  
Көрсөң де, кемістікті жасырамысын?  
Колхоздың жайы, күйі қандай десе,  
Өтірік мал цифрын асырамысын?

Егер ол кеткен болса, боктаймысын?  
Қопарып қателерін «токтаймысын»?  
Кінөнің барлығын тек соған жауып,  
Дұп-дұрыс, өзің түзу октаймысын?

Кетсе ол, қорқып оны сілеймісін?  
Барда мактап, кеткен соң мінеймісін?  
Жана келген райкомды тағы мактап,  
Кеткенге сырттан шоқпар білеймісін?

Дариға, не болғаның, үйтсен сен де?  
Ниетін азғаны ма, болып шенде?  
Кешегі ер бүгін азса жалынғыш боп,  
Кейде бұл не болғаны, шіркін, пенде?!

Сен азсан, дос күйзелер: «Есіл ер»! деп,  
Жау күлер: «Жұрген соның несін ер» деп!?  
Сөйлесөң сен өтірік жағынам деп,  
Омірі ойламаймын кешірем деп!

## **14. Білмейтін бәндекөп қой ар дегенді**

Білмейтін бәндекөп қой ар дегенді,  
Білмейтін «адамшылық бар» дегенді.  
Әйтеуір ондай пиғыл біздерде жок,  
Жәбірлеп, қорласа да мал дегенді.

Сондай бір пиғылдар бар адамзатта,  
Кірленген, адамдығы арам датка.  
Жәбірлеп бізді қанша мал десе де,  
Ондай сыр жок еді ғой Қызыл атта.

## **15. Тайма, досым, Октябрь жолынан**

Көніліне ауыр алма, акын «сері!..  
Тарқайды түгел айтса жүрек шері,  
Кешегі сертті майдан – Октябрьде  
Тұскен ең тұра жолға ердін ері.  
Сол жолдың асуында талай ердін  
Табаннан қан, мандайдан тамған тери,  
Нелер киын кезенді, тас аранды,  
Сол жолдың артта емес пе еді ауыр жері!

Досынның, достым, енді көнілім шайма!  
Ешкімге жасып енді қолың жайма!  
Әткеміз Октябрьдің киын жолын,  
Сол жолдан, мазак болып, енді тайма!

## **16. Әркімнің шын бағасын беру керек**

Әрине, мен бассыздық іздемеймін,  
Мен саған «теріс жөнге жүр!» демеймін.  
Қырағы жол басшыға қарсы болып,  
Тәртібін партияның бұз демеймін.

Әрине, тәртіпті нық сақтау керек,  
Қырағы болса басшы – мактау керек,

Ер ұлы тәңкөрістің болған адам  
Өлсे де сол қасиетін актау керек.  
Әуелден партия айтқан ашық жолды,  
Шындықты қипактамай жақтау керек.  
Қырағы бола алмады көрі райком,  
Сондықтан, бағаны оған шақтау керек!..<sup>1</sup>

## Қызыл атқа

### 1. Әлі де өкпелеймісің?

Көлігім! Наз қымылды нар сияқты,  
Айдарын алтын жібек тал сияқты.  
Саған мен шындық сырын ағытсам да,  
Үнінде әлі де өкпе бар сияқты.

Әлгі айтқан сөздерің тым аз сияқты,  
Кей сөзің әлі де өкпе-наз сияқты.  
Егіске неге қайрат тасытпайсын,  
Қоздырған қуат-күшті жаз сияқты?

Сөйлейсің маған әбден нанбағандай,  
Қалтықсыз шын сөзіме қанбағандай,  
Жолдасым, неге мені кекетесін,  
Шындықты айттым ғой мен андағандай.

Банадан айтқан сырды тек көремісің?  
Енді өзің өз пайданды жек көремісің?  
Қастығын тап жауының кеш білдің деп  
Енді ылғи кекеп, маған өкпелермісің?

### 2. Тағы айтайын

Мана айтқан уақиғаны тағы айтайын,  
Өкпелі көңілінді әбден ағартайын.

<sup>1</sup> «Шақтау керек» деген сөз -- ісіне лайықты бағаны шақтау керек деген мағынада айтылған.

Бағана өзін де айттын: «зиянкестер  
Құртты, – деп, – колхозыңың тағал тайын».

Көп колхоз тап жауына берілмеген,  
Жұмыла іс істеуден ерінбекен.  
Сендердей кей колхозды басқарғандар  
Зиянкес – тап дүшпаннан жерінбекен.

Көп колхоз дүшпанға әсер еткізбекен,  
Малының мандайына шерткізбекен.  
Тап жауы кей колхозда, колхозшыға  
Сөздерін партияның жеткізбекен.

Сөйтіп ап өз істерін істей берген,  
Қастықты неше түрлі үстей берген,  
Партия іс тапсырған адамдарды  
Алдан тек, өтірікке құштей берген.

Өзгерткен боямалап дүшпан түсін,  
Өзгерткен әдіс пенен күрес ісін.  
«Жау қайда?..» деген үнгे үн косқан бол,  
Қасқырша салған малға қанды тісін...

### 3. Сендерге партияның нұскауын жеткізбекен

Білсе де не боларын істін артын  
Колхоздың алдаған жау жас пен картын.  
Қастығын істей берген колхозшыға,  
Жеткізбей партияның алты шартын.

Ақыға, бір шарты оның – саты қою:  
Ісіне қарай еңбек ақы қою.  
«Сен саларда, мен салар» деп, караған  
Іске шын жауапсыздық атын жою.

«Кадрлар өр сайманды тұтсын!» – деген,  
«Бірдейлік, жауапсыздық бітсін!» – деген,  
«Қөлігін міндетке алған, я сайманың,  
Колхозшы карағындаі күтсін!» ... – деген.

Мысалы: «Не бір малды, не бір затты,  
Егісте не бір аныз, не бір атты  
Міндетіне алғандар күтпей койса,  
Ондайлар жаза тартсын, – деген, – катты!..»

#### 4. Партияның ұранымен

Кей жерде жаудың сөйтіп қылышы асты,  
Сейтсе де, жау сұмдығын партия ашты:  
«Өзгерктен түсін, ісін жауды қу!..» – деп,  
Хатшысы партияның ұран шашты.

Партия казір тегіс аттануда.  
Алқымға тап дүшпанын қатты алуда.  
Колхозды өркендету ісінде шын  
Сөздері партияның жатталуда.

Партия колхоздарды тазалауда,  
Қаттырақ тап дүшпанын «мазалауда».  
Өтірік цифр беріп көз бояған  
Ұждансыз пасықтарды жазалауда...

#### 5. Біздің райком дұрыс Қимылда енді!..

Жана адам біздің райком – біздің бастық:  
«Мәлімет болсын, – дейді, – ылғи растық»...  
Кекетпе: «Жалған цифр бересін!..» деп,  
Мен де үйтсем жау болам ғой қылған қастық.  
Парт бастық қыран көзін қадап отыр,  
Бетке үрад қылғандарды ондай ластық.  
Қунағым, шын қимылда егіске енді,  
Орғанда шат боларсын мол астық!..

#### 6. Жаңа райком

Жолдасым, тиді маған сөзін ашы,  
Әлі де өкпе айтасың, бейне назшы...»

Тынымсыз колхоздарды аралауда,  
Келгелі жаңа райком – біздің басшы.

Ол барды көп түкпірге қашық демей,  
Аралап колхоздарды, шашық демей.  
Жағалап үйлеріне кіріп көред,  
Мейлі онды, мейлі нашар лашық демей.

Дамыл жоқ келгелі онда, ерінбейді,  
Ұлықсып көкіп ол керілмейді.  
Бұрынғы кәрі райком сияқты емес,  
Кіруге лашыққа да жерінбейді.

Сейтіп, ол колхоздармен танысада,  
Сан жәрдем колхозшылар алысада.  
Сөйлесіп өзіменен ауызба-ауыз,  
Мұддесін айтып халық қанысада.

Бұрынғы кәрі райкомды алып тастап,  
Жіберген «жөндесін!» деп, мұны қастап.  
Міне, бұл партияның дұрыс жолын  
Кисайтпай аппаратыр тура бастап!

## 7. Көргенде өзің де танырсың

Көргенде оны өзің де көнілің толып,  
Сөзімді дұрыстарсың ырза болып.  
Сәл ғана қияптың суреттейін,  
Көруге сендерді де келер шолып.

Жас кісі, зор денелі, қара торы,  
Терен түр қара кер көз қайрат шоры,  
Бұрынғы, соңғы келген райкомдардың  
Ішінен көзге түсер ең бір зоры.

Қайратты шомбал дene темір-шойын,  
Ұстайды жасырыңқы ұзын бойын.  
Тұзу бас, ашық жүзді, айқын шырай,  
Кең жауырын, сұнғақ, құшті берік мойын.

## 8. Көрі райком қандай еді?

Білемісін, көрі райком не етуші еді?  
Қағазбен, «жарлықты нық» етуші еді.  
Кей-кейде отарбамен қалаларға  
Келіп те бүйрық беріп кетуші еді.

Аралап түкпірлерге бармауши еді,  
Тексеріп күйіне көз салмауши еді.  
Отырып қалада, тек қойқаң басып,  
Шеттерден дұрыс дерек алмауши еді.

Ол кейде карт бураша басуши еді,  
Құркілдеп долы қаһар шашуши еді.  
Қайрандап, отырғандар ыға сейлеп,  
Немесе ауыздарын басуши еді.

## 9. Мен ешкімнен ештеге тілеуші ме едім?

Жаныма кей сөздерің жаман батты,  
Қадалған көк найзадан тиді қатты.  
«Жанаға» жағынасың, ескіні ұрып,  
Дегендей жақтың маған арам датты.

Кекедін, наз да қылдың және сөктін.  
Кегінді улы сөзбен окша төктін.  
Жалпаңдап жалған айтып «акын» болсам,  
Астында жүрмес едім аспан көктін!

Келгенді мактап, достым, жағынбаймын!  
Кеткенді текке сөгіп шағынбаймын.  
Не айтсам,  
Көпшіліктің сырын айттым,  
Ешкімнен тана көз ап тағынбаймын!

Сірә, мен текке жанды сілеуші ме ем,  
Кеткенге сырттан шоқпар білеуші ме ем?  
«Жақсы деп білмесем де, «Жаксысын» деп,  
Біреуден мен бірдене тілеуші ме ем?

## 10. Мен өтірік айта алам ба?

Демеймін сен орынсыз текке лактын,  
Демеймін еш жазасыз «жала» жаптын.  
«Опасыз, адамшылық арың жок», – деп,  
Жанымды у тікенді тілмен шақтын.  
Дос боп жүріп, ұмытып, алдадың деп,  
Бойымнан тастан ауыр күнә таптын.  
«Советті сен де алдарсың цифрмен!» – деп,  
Тіліннің қайта-қайта уын жақтын.

Пасыктық – өз өзінің сөзін жұтқан,  
Арзандық – кез келгенге бетін тұтқан.  
Жанымды зіл күнәмен айыпты қып,  
Корладың: «жалғаншы, – деп, – досты ұмытқан».

Мойныма жүктедің зіл ауыр жүкті...  
Қай жерде досың шындық сырын бүкті?  
Істедім не істесем де арды алдамай,  
Қай жерде жолдас қылдым өтірікті?

Мен, сірә, жанға жалған айтушы ма ем?  
Мойныма ондай кірді артушы ма ем?  
Ұжмағын дүниенің шарт қылса да,  
Пасық бол шындықтан мен қайтушы ма ем?

Не сүйсем – шын беріліп сүймеуші ме ем?  
Бас исем – шын құрметпен имеуші ме ем?  
Суынып көнілім қайтса, жасыра алмай,  
Айласыз, от пен уға күймеуші ме ем?

Мен, сірә, итше зорға жағынғам ба?  
Бағынсам, құлша жымып бағынғам ба?  
Өтірік сүймейтінді «сұлуым!» деп  
Күрсініп, қүйіп, жанып, сағынғам ба?

Мен, сірә, шын шаттанбай билеуші ме ем?  
Жыр шертіп шын күйленбей күйлеуші ме ем?  
Көргенде жан қайысар киындықты  
Кабакты кара бұлттай түймеуші ме ем?..

Енді мен ол мінезден қайта аlam ба?  
Арымды зорлап былғап жай табам ба?  
Алдауыш белсенділер қыртты екен деп,  
Советке мен өтірік айта аlam ба?

## 11. Міне жаз...

Күлігім, көріп тұрсын сұлу жазды,  
Күш беріп шаттандырған қуаты азды.  
Күй қосып өсем жазбен аскар асып,  
Қанқылдап келген үшіп ақку, қазды.  
Зенгір көк, айна көлді тербетеді,  
Сыңқылдап акку өні сұлу назды.  
Жұпар иіс, торғын өуе күйге толған,  
Шерткендей алтын-құміс сымды сазды.<sup>1</sup>

Мінеки көріп тұрсын жасыл белді,  
Жұпар иіс жұмсақ торғын жібек желді.  
Әндептің қаз бен үйрек, акку келіп,  
Шаттанып күйге толған айдын көлді...

Жарқылдап көкте әндептің сұқсыр үйрек,  
Ойнайды найзағайша салып ирек.  
Сусылдап жасыл ала жібек қанат,  
Шырқайды жазғы өмірдің күйін күйлеп.

Көк ала сұқсыр үйрек жасыл мойын,  
Аспанда жарысады салып ойын.  
Найзадай көктен төніл айна көлге  
Қонады құміс суға шомып бойын...

Қара жер иігендей тәсін ашып,  
Шаттанып жаратылыс күймен тасып,  
Жер жүзі тіршілікке тұтынуда,  
Көк гүлдеп, құрт жыбырладап тұқым шашып.

---

<sup>1</sup> Шебер домбыра деген сөз.

## 12. Сайдагым

Сайдагым, ор киігім, құралайым!  
Құшактап сұқсыр мойныңа оралайын!  
Жарқырап бәйгі алам деп өткізейік,  
«Егіске күш төк!» деген көктем айын.

Жел жетпес, күйын қанбақ, сәйгүлігім,  
Жүйрігім, маған аян, бәйгілігің!  
Серт майдан биылғы егіс өте-моте,  
Есіне ал оның жұртқа әйгілігін!

## 13. Күлігім

Сұлуым, мінсіз денен бейне сұлік,  
Шыбықтай көк сым құрыш сылаң құлік;  
Бұл жазғы сертті егісте басқалардың  
Ішінде көнілім сенген сен бір тұлік!

Калмаушы ең сертті жерде «шу» дегенде,  
Өзгелер қалушы ед, сен үдегенде.  
Осындай майданда тез күйленуші ең,  
Шалдығып, арып кейде жұдегенде!

Көні енді, егіске күш саласың ба?  
Мерт қылмай, ерлеп бәйгі аласың ба?  
Жауда да, жарыста да озған, досым,  
Ұялтып бұл егісте қаласың ба?..

## Қызыл аттың сөзі

Жолдасым, сөзіңе енді көнілім толды,  
Достыкпен егіске серт – әкел колды!  
Қоздырып сөзің қуат бар денеме,  
«Атшабар!..» деген үндей желік болды.

Сөздерің көнілімді шын желіктірді,  
Жарысқа егістегі еліктірді.  
Ұранын үкіметтің күйге қосып,  
Жүгірттің тал бойыма электрді.

Әрине, сөзіне енді түгел нанам!  
Жаркырап күнше ашылды көңіл санам.  
Тек, көрсем күйлі аттарын көрші ауылдын,  
Намыс қып, ішім күйіп назаланам!  
Солардай біз де күйлі болмас па едік,  
Жауға жол бермесе деп, ызаланам.  
Тезірек жау қастығын көрмеді деп,  
Ыза боп кейде әшейін, күйіп-жанам!

Мен сені сан майданда үялтпадым,  
Егісте сол шабыстан қалай танам?  
Бәйгі алмай күш қарыштап, ар емес пе,  
Ашқанда сүтті төсін Жер – ұлы анам!..

Менімен шын екпінді серік болсын.  
Серіктік шын сүйіскен берік болсын.  
Өзін де айтып тұрысын: «демедік, – деп, –  
Қызыл ат кәдірсіз, тек, керік болсын».

Нағыз дос жолдасынан, кем көрмесін.  
Іstemей күш іріксем мен, жем бермесін.  
Жолдасын – іске көлік, жауда серік.  
Аяусыз жау малымен тен көрмесін!

Енді тек шын екпінді қолымды алсын!  
Баппенен жемдел күту толымдалсын!  
Әлгі айтқан партияның жақсы шарты  
Үздіксіз іс жүзінде орындалсын.

## **Егістен кейін**

### **1. Қызыл ат бәйге алды**

Қызыл ат бәйгі ап қайтты егіс жайдан,  
Бірнеше күн өтті де егіс айдан...  
Оратын ол егінді күн де жетер,  
Тағы да кезектегі қызып майдан...

Қызыл ат серт майданда март қылмады,  
Шабыска жалдылықты шарт қылмады.  
Бәйгі алды күйсіз жүйрік құлаш созып,  
Колхозын бұл жарыста арт қылмады.

Құліктің бұл шабысы – ерлекені,  
Нұр болып жаусын жерге терлекені.  
Егерде бұл шабыста бел аспаса,  
Жолдасын болар еді жерлекені...

## **Қызыл атқа келейік**

### **1. Біреулер «Қызыл атты» түйе дейді...**

Кәні, ақын, «Қызыл атқа» келейік те!  
Жүгіртіп, бұландастып желейік те.  
Жолына «Қызыл аттың» кім не шашты, –  
Тезекше найза ұшымен тереік те!

Қандай жұрт «Қызыл атты» не деседі?  
Не десіп, неге жорып, «кенеседі»?  
Не десіп, кенескенде, қылқындастып,  
Ұзақша мойындарын теңеседі?..

Біреулер «Қызыл атты» түйе дейді,  
Біреулер шабар байтал-бие дейді,

Біреулер «Қызыл атты» дүрыс танып,  
Ақынның жазған сөзі жүйе деійді.

Біреулер, «Қызыл атты» «белсенділік»  
«Әдет» пен құрту үшін қүйелейді.  
Және олар: «сүм белсенді бізбіз-ау» деп  
Окыса «Қызыл атты» үйелейді!..

## Білімді сыншы мен тыраң сыншы

Талдауы білімдінің сынға салып,  
Шын жәрдем түзетуге сымға салып,  
Білімді сын турға жөн сілтегенде  
Әуелейсің құлашты шынға салып.  
«Сыншымын!» деп, кей мақау тағады тек,  
Шатасқандай нақ ізді жымға салып.  
Білімге бай болғансып құлқі болад,  
Әлін білмей есепті мынға салып.  
Мешел мәстек секілді тырбандаиды,  
Тарта алмайтын соқаны тынға салып.  
Көкше коян секілді тырандаиды,  
Аяғын ала алмаған құмға салып.

Дариға, тыраң сыншы тырандаған!..  
Сын шіркін қызын жол ғой бұрандаған...  
Оп-онай өнер-білім ұстата ма.  
Секілді жортқан тұлқі бұландаған!

## Құралайым

### 1. Қандай жан «Қызыл атқа» мін тағады?

Қандай жан «Қызыл атқа» мін тағады?  
Таккана, не деп оған сын тағады?

«Мін» тапқысы келген жан табады ғой,  
Бірақ та ол «сынды» оған кім тағады?

Ол «сыншы» сүм «белсенді» пасықтар ма?  
Ары жоқ адамшылық, жасықтар ма?  
Шолақ атак, жылы орын алсам-ау деп,  
Жорғалап қол жалаған сасықтар ма?

Кез бояп, «рапорт берген зәлімдер ме?  
Подхалим – екі жұзді тәлімдер ме?  
Өтірік цифр беріп өкіметке,  
Колхоздың малын құртқан «мәлімдер» ме?

Бұлардың «сандарының» мәндері бар,  
Өзінше әрқайсының әндері бар.  
Кулардың сын-сымсағы – бір пошым сын,  
Болса да ішінде ұсақ, «нәндері» бар.

Кей жерде «белсекеннің» ағасы бар,  
Бишара «сын» жамылған тағасы бар.  
«Сынына» бұлардың да құлак қойдым:  
Өзінше сұрқылтайдың бағасы бар.

### Тек еңбекші тап сыны түзетпек

Еңбекші тап сынаса «Кызыл атты»,  
Өзінікі қып сынар, жақпай датты.  
Жолына басын тіккен достарынан,  
Сенемін, айырады жау мен жатты.

### Ақынға

#### 1. Айна алдында кім?

Ақын, «ер» сені дос қып қалаған кім?  
Күйінді алтын сазға балаған кім?  
Сазынның күміс күйін сынға салып,  
Теренделеп көзін саған қадаған кім?

Жабырқап бір нәрсеге қапалансан,  
Күйзеліп жүрек-бауыры қанаған кім?  
Кейде жан, нәзік күйді тілегенде,  
Майды ескен жібек желше жалаған кім?  
Жақпаса алтын саздың күміс күйі,  
Шәуілдеп, итше сені «талаған» кім?  
Иттерді, өзің елеп «кет» демеген,  
Куалап тастауға шын жараған кім?

Сүйсініп жақсы ісіне, күнше құліп,  
Сені андып, кимылыңды санаған кім?  
Айнаға көзің салшы алдындағы,  
Кермектеу езу тартып қараған кім?

Күйерлік, түрлі мінез бенде де бар,  
Ақын «ер», құлқі мінез сенде де бар.  
Десейші: «кейде, – айнаға төніп тұра, –  
Кермектей қарайтын жәйт менде де бар».

Ақыннан ақын жай-күй сұраспай ма?  
Жыр шертіп, күй құлағын бұраспай ма?  
Естіген, көрген-білген, жырды теріп,  
Оюдай кестелеген құраспай ма?..

### **Алтын сазым... жан күйім...**

Алтын саз, енді күймен еркіндейік,  
Шарықтап сұлу күйге «желпін!» дейік.  
«Толғанып, күміс сымды әсем күйлеп,  
Сынқылдап нәзік үнмен серпіл!» дейік.

Сырлы өнін күміс сымға салдырайық,  
Қос сымды бес саусаққа шалдырайық.  
Сызылтып әнгімені күймен сөйлеп,  
Жан мейірін сұлу күйге қандырайық.

Келе ме жердің сәні саз болмаса,  
Әндектен аққу менен қаз болмаса?  
Сұлудың сыны әдемі айтыла ма,  
Күміс сым, алтын күйлі наз болмаса?

Жан күйім, шерттің жыр ғып «Қызыл атты»,  
Сызылтып нәзік сезім махаббатты!  
Жібектей күймен толғап аяладын  
Көк шыбық, құралай көз сұлу затты!

Жан күйім, қайнаған күй сыйыменен,  
Үнге сап алтын саздың күйіменен,  
Құлікті сұқсыр мойын сыландастын,  
Жаз жібек желдің ырғақ биіменен...

Күміс күй шертпей қайтып тұра алайын,  
Күй шертпей қайтып дастан құра алайын?  
Шарықтап тау түйғынша көктө кезіп,  
Киғаштап қанатымды бұралайын.  
Қызыл ат, сүйген достым, егісте оздын,  
Айна көз, сұлу үнді құралайым!  
Оралып каз мойнынды құшып сенін,  
Айналып сылап-сипап бұлалайын!..

Еріксіз оянған күй шарлап кетіп,  
Лашындаш шарықтады шектеп өтіп.  
Ойнатып алтын сазды уақыт бөлдін,  
Кеше гөр үйткенімді ғапу етіп!..

Жан бар ма канатсызда сенен жүйрік?  
Шапқанда бұлдырайсың оқтай сүйрік.  
Жарқылдап тұяғыннан от шашырап,  
Желменен ысқырысып жал мен қүйрык!

Үкімет «құралды күт, майда» деген,  
Айрықша атты күтіп байла деген,

Отанды жаудан қорғау қызметіне  
Артықша жүйріктерін сайла деген.

Күлігім, енді міне, бұланасын,  
Бұландап еркеленіп сыланасын.  
Күйленіп күшің тасып, шапшып, ойнап,  
Біленіп, ширатылып қыналасын!...

*1932-1933 жылдар.*

# МАЗМУНЫ

## I

Кекшетау (Дастан) .....	5
-------------------------	---

## II

Ақын .....	56
Мүн .....	—
Тұшарым .....	57
Сағындым .....	58
Қамауда .....	59
Адасқандарға .....	60
Шаңид болған достарыма .....	61
Азап вагоны – дозак .....	—
Тұрмедин кашып шыкканда .....	62
Боранда .....	63
Қамылқан конілтеге .....	64
Бабаларым .....	65
Шөлде .....	66
Жел қайыкта .....	68
Домбыра .....	69
Кімде-кімнің тасқын судай қайраты .....	70
Аспанға үш .....	71
Анаңың ҳаты .....	72
Анаға жауап .....	75
Сыр сандық .....	78

## III

Тұған жерім – өз елім .....	81
Нұра .....	—
Жайлайға көшу .....	83
Тұс .....	84
Айт күні .....	85
Май айында .....	86
Наурыз .....	87
Күз .....	—
Кырда .....	88
Ақша қар .....	—
Жазғытұры .....	89
Акку құс .....	90
Сұлу терек .....	91
Бұлшық ет .....	92
Ақсақ киік .....	93
Гүл мен бұлбұл .....	95

## IV

Кім басшы-аға хатынка .....	98
Қазақ сабағы .....	—
Надан бай .....	99
Оқымаған қазақ .....	100
Жетімге .....	101
Сөз зайыны наданға .....	102
Күзетші иттер .....	103

## V

Көніл .....	104
Толқын .....	105
Асығыл тез аттандық .....	106
Далада .....	107
Кел, жігітер .....	108
Жас қазақ марсельезасы .....	109
Біздің жакта .....	111
Кашкынның ауылы .....	113
Жолдастар .....	116
Жұмыскерлерге .....	119

## VI

Кетпейтін естен ғашық жар .....	120
Қоштасқан жер .....	—
Сағыну .....	121
Ғазал .....	—
Тәтті дауыс .....	123
...ға .....	—
Құмарым .....	124
Арқа сұлуына .....	—
Сәулем .....	125
Тергеген болсан айтайын .....	—
Тау ішінде .....	126
Өмірсіз ғашық .....	128
Акқудын айырылуы ( <i>Дастан</i> ) .....	—
Совпарттағы қарындастыма .....	137
Лашын әнгімесі .....	141
Акку құс күйі .....	146

## VII

Біздің тұрмыс — экспресс .....	150
Кызыл ат ( <i>Дастан</i> ) .....	151

# **Сәкен СЕЙФУЛЛИН**

## **Көп томдық шыгармалар жинағы**

**I-том**

**Өлең мен дастандар**

*(Қазақ тілінде)*

Редакторы *Б. С. Кошым-Погай*

Суретшісі *Н. Наурызбаев*

Көркемдеуші редакторы *Б. Серікбаев*

Техникалық редакторы *З. Башанова*

Компьютерде терген *Ж. Құсмолданова*

**ИБ № 6068**

Теруге 20.10.2002 жіберілді. Басуға 28.11.2002 кол қойылды.  
Калыбы 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қаріп түрі «Тип-Таймс». Офсеттік басылыш.  
Шартты баспа табағы 10,08. Шартты бояу көлемі 10,5. Есепті баспа  
табағы 8,72. Таралымы 2500 дана. Тапсырыс № 1799. Келісімді бага.

Казакстан Республикасы «Жазушы» баспасы, 480009,  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.



«Кітап» баспа үйі. 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.